

Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шапшақ...
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

4/2015

СӘУІР

МАЗМҰНЫ

| | <i>Таным табиғатында</i> |
|---------------------|--|
| Гүлайым ҚАЙДАРОВА. | Құдайберген Жұбановтың қазақ фонетикасына қатысты зерттеулері.....3 |
| Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ. | Етіс категориясын оқытудың көкейкесті мәселелері.....16 |
| Меңгүл ҚАНАБЕКОВА. | Студенттерге этикалық норманы меңгертудің маңыздылығы.....23 |
| Гүлбану ҚАРАМАНОВА. | Сын тұрғысынан ойлау әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық деңгейін дамыту.....31 |
| Гүлден РАМАЗАНОВА. | Қазақ тілі пәнінен оқушыларды ҰБТ-ға дайындаудың тиімді жолдары.....36 |

| | |
|--|---|
| <i>Авторлық бағдарлама</i> | |
| Маргарита МАРАТҚЫЗЫ. | «Тіл тағылымы» арнаулы курс бағдарламасы.....46 |
| <i>Көкейкесті көзқарас</i> | |
| Зәуреш ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ. | Әдеби шығарма, көркем мәтінді проблемалық талдай оқыту жолдары.....52 |
| Гаухар ТҰРАЛИЕВА. | Менің педагогикалық көзқарасым.....57 |
| Дина БАТАЕВА. | Оқушылардың оқу белсенділіктерін арттыру үшін қолданылатын бағалау түрлері.....60 |
| <i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i> | |
| Раушан РАЙЫМБЕКОВА. | Абай өлеңдеріндегі табиғат лирикасы.....64 |
| Раушан САПАРБАЕВА. | Нарманбет Орманбетұлының өмірі мен шығармашылығы.....70 |
| Анар ЖАМИЕВА. | Махамбет Өтемісұлының «Тарланым» өлеңін оқыту.....79 |
| Салтанат ҚАБАҚОВА. | Арканың ақиғы – Ақан сері.....83 |
| Нұрлан ТӨЛЕУБАЙҰЛЫ. | Сұлтанмахмұт Торайғыров.....87 |
| Айгүл ЕСЕНОВА. | Абай Құнанбайұлы. «Қансонарда бүркітші шығады аңға».....94 |
| Бақытгүл МАХАНБЕТОВА. | Жамбыл Жабаевтың өмірі мен ақындығы.....98 |
| Гүлзаш ТӨЛЕНОВА. | «Менің атым Қожа» повесіндегі басты кейіпкерге мінездеме.....102 |
| Жанар ИБРАЕВА. | Жамбыл Жабаевтың «Жаныс ақынға» өлеңін оқыту.....107 |
| Ақгүл ҚАЙЫРОВА. | Әзілхан Нұршайықов. «Ақиқат пен аңыз».....110 |
| <i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i> | |
| Жұлдыз ОҢҒАРБАЕВА. | Еріндік және езулік дауыстылар.....114 |
| Майра СМАХАНОВА. | Қаратпа сөздерге байланысты қойылатын үтір.....116 |
| Гүлмира МҰХАМЕТҚАЛИЕВА. | Сан есімді қайталау.....121 |
| <i>Әдеби кеш</i> | |
| Шырын ДӘУЛЕТОВА. | Шеберлік шыңы.....130 |
| <i>Ойын - ойдың өрісі</i> | |
| Рая БАХТИЯРОВА. | Сәкентану.....139 |

Гүлайым ҚАЙДАРОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ФОНЕТИКАСЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Профессор Қ.Қ.Жұбанов қазақ тіл білімінің барлық салалары бойынша пікір айтып, құнды зерттеулер қалдырған еді. Бұл пікір Қ.Жұбановтың қазақ тілінің дыбыс құрылысын фонологиялық тұрғыдан зерттеген ғалым екендігін айғақтайды. Қазақ тіл білімінің алғашқы кезеңінде-ақ ғалымның тілтанудың іргелі мәселелерін дұрыс шешіп, теориялық терең тұжырымдар жасауы нәтижесінде оның ұсынған ғылыми қағидалары уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өзінің өміршендігі мен заман талабына сай екендігін дәлелдеп, кейінгі зерттеулердің бұлақ бастауына айналды. Бізге сақталып жеткен ғылыми ізденістерінде ғалым тіл мәселелерін зерттеп танудың дәйекті үлгісін көрсетіп, қазақ тіл білімінде тарихи-салыстырмалы және салғастырмалы типологиялық зерттеу тәсілдеріне де жол көрсетті. Ол өз макалаларында И.А.Бодуэн де Куртенэ, Х.Штейнталь, О.Бетлинг, Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, В.В.Радлов, В.А.Богородицкий,

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Е.Д.Поливанов, А.Н.Самойлович, Н.Э. Вундцетель, Чобан-Заде, К.К.Юдахин, Н.Я.Март, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, т.б. ғалымдардың көзқарастарына сын-ескертпелер айтып отырғанын байқаймыз. Біз Қ.Жұбановтың осы кезге дейін келіп жеткен еңбектерінде қамтылған мәселелердің жан-жақты әрі сүбелілігіне, пікір-тұжырымдарының құндылығына, ғалымдық көрегендігі мен аз сөзге көп мағына сыйғызып айта білген тұңғыш ойдың адамы екендігіне ден қоямыз.

Ғалым қазақ тіл білімінің барлық салалары бойынша іргелі ғылыми еңбектер қалдырды десек, солардың ішінде фонетикаға қатысты зерттеулерінің маңызы ерекше зор деп білеміз. Қ. Жұбановтың 1936 жылы баспадан шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығының I бөліміндегі фонетикаға қатысты тарауы, «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» атты еңбегінің баспадан шығып үлгерген «Қазақ тілінің фонетикасы» деп аталатын бөлімі, «Буын жігін қалай табуға болады?», «К постановке исследования истории фонетики казахского языка» атты және т.б. қазақ тілінің алфавиті, орфографиясы мәселелеріне арнаған мақалалары қазақ тілі фонетикасының ғылым ретінде іргесі қаланып, теориялық тұрғыдан зерттеліп, қалыптасуына игі жағдай туғызды. Сонымен қатар Қ.Жұбановтың «Қазақ әдебиет тілінің терминдері туралы», «Термин сөздердің спецификасы жөнінде» деген т.б. мақалаларындағы термин сөздерге қатысты ғылыми тұжырымдары да оның қазақ терминологиясын қалыптастыруға үлкен үлес қосқанын, термин жасау ісіне өзінің де белсене араласқанын айғақтайды.

Қ.Жұбановтың фонетика жайлы теориялық еңбектерінің ішінде «Қазақ тілі грамматикасының» фонетика бөлімін ерекше атауға болады. Онда дыбыс, дыбыстың саны мен сапасы, дауысты-дауыссыз дыбыстар, олардың

артикуляциясы мен акустикасы, дыбыстау аппараты, буын, сингармонизм, екпін туралы жүйелі баяндалады. Қазақ тілінің дыбыс жүйесін ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселесін де алғашқылардың бірі болып қолға алып, пән ретінде қазақ тілі фонетикасының ғылыми курсы жасады. Ғалым өзі өмір сүрген кезінде фонетиканың ғылымдағы орны дәл анықталып болмағанына қарамастан, ғылыми фонетиканың объектісін дұрыс тани білді. Ол дыбыстарды тіл дыбыстары ететін олардың лингвистикалық (фонетикалық) қызметі екенін, «тілдік қызметі бар дыбыстарды ғана зерттеу керектігін» айтып, «фонетика - дыбыстың тілдік қасиеттерін тексеретін ғылым» дейді [2.41].

«Қазақ фонетикасының ғылыми курсы жасаушы» деп бағалай келіп, Ә.Жүнісбеков былай деп атап көрсетеді: «Профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілінің дыбыс жүйесін фонетикалық және фонологиялық тұрғыдан дербес қарастыруының өзі әлі күнге дейін көп зерттеушілердің қолы жете алмай келе жатқан жай: оның дыбыс пен фонемаға берген анықтамалары фонология теориясын еркін пайдаланғандығының куәсі» [1.192]. Сондықтан, қазақ тілі фонетикасының ғылыми курсы жасаушы ретінде профессор Қ.Жұбанов есімі ерекше аталады.

Ғалым тіл дыбыстары туралы айтар ойын сан мен сапа арқылы түсіндіреді: «Бір тілде жұмсалатын дыбыстардың жалпы санының ұшы-қиыры жоқ, бірақ оның бәрінің бірдей сапасы әр түрлі бола бермейді. Сапа әр түрлі болатын дыбыстар белгілі мөлшерде ғана болады да, көп болмайды», - дейді [2.183]. «Қазақ тілінде сапасы әр түрлі болатын дыбыстардың арнаулы саны бар» екенін айта келіп, Қ.Жұбанов: «Қазақ тілінде сапасы 26 түрлі дыбыс бар. Олар: а, б, ш, ж, д, е, г, ғ, й, к, л, м, н, ң, қ, р, п, о, с, т, ұ, ү, ұу, з, ы, ый бұлардың е-ден басқаларының бәрі де бірде жуан, бірде жіңішке болып екі түрлі айтылады да, 51 дыбыстың орнына

жүреді»-дейді. [2.184]. Мұның өзі Қ.Жұбановтың тіл дыбыстарын зерттеуде сандық деректерді тиімді пайдалануы, қазіргі лингвостатистиканы сол кезде-ақ танығанын байқатады. Ол дыбыс пен фонеманың ара қатынасын дұрыс түсіндіре отырып, дыбыс пен фонема туралы көзқарасын былай жеткізеді: «Қайыр-хайыр дегендегі қ мен х екі дыбыс болғанмен бір фонема. Файзолла мен Пайзолла да солай, п мен ф бір сөзді екінші сөзден айыру үшін тұрмағандықтан оларды дербес фонема демейміз [2.50].

Ғалым қазақ тіліндегі дыбыстарды дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар, сонар дыбыстар деп үш топқа жіктейді. Дауысты дыбыстардың жеті түрін (а, е, о, ұ, ы, ұу, ый) көрсете келіп, жуан дауыстылардың а, о, ұ, ы, ұу, ый, ал жіңішке дауыстылардың -ә, ү, і, үу, ій-әріптерімен белгіленетінін, жазуда дауысты дыбыстардың жуанын да, жіңішкесін екінші әріппен, ал дауыссыздардың жуанын бір әріппен, жіңішкесін де бір-ақ әріппен таңбалайтынымызды еске салады. Дауысты дыбыстарды айтылу түріне қарай толық дауыстылар (а, ә, е, о, ө), келте дауыстылар (ы, і, ү, ұ), қосынды дауыстылар (ұу, үу, ый, ій) деп үшке бөліп, толық дауыстылар өз сапасын жоймай толық айтылса, келте дауыстылар өте мүкі түрде, кейде қысқарып, түсіп қалып айтылатынын /мәселен: орын-орны/, ал қосынды дауыстылар бірі дауысты, бірі дауыссыз екі дыбыстан (ұу, үу) құралатынын айтады. Дауысты дыбыстарды жасалу түріне қарай ерін дауыстылары (о, е, ұ, ү), езу дауыстылары (а, ә, ы, і, е) – деп екіге бөлген.

Қ.Жұбанов сонор дыбыстардан басқа дауыссыздарды үнді (ұяң дыбыстар) және үнсіз (қатаң дыбыстар) деп те бөлген. Оларды егіз жұбайлас дыбыстар деп те атайды. Дыбысы тек салдыр болып шығатын сыңарын үнсіз дауыссыз (қ, к, ш, с, т, п) дейміз. Ал дыбысында үн аралас болатын сыңарын үнді дауыссыз (ғ, г, ж, з, д, б) дейміз дейді. Дауыссыздарды созылып-созылмай айтылуына қарап

үздікті, үздіксіз деп те жіктейді. «Үздіксіз дауыссыздар үздік-үздік шығады да, созылып айтылуға келмейді. Ал үздіксіз дауыссыздар шұбатыла айтылады да, созып айтуға келеді. Дауыссыз дыбыс дегеніміз-салдыр дыбыстар дер едік. Салдыр ауыздың ішінде пайда болады. Ауыздың бір жері бір жеріне иә соғып қалады, иә жуасып қалады. Салдыр шығатыны осыдан. Ауыздың әр жерінің салдыры әр түрлі болады. Мәселен, екі ерін бір-біріне соғып, не жуысып қалса бір түрлі салдыр, тіс-тіске соғып не жуасып қалса екінші түрлі салдыр болады» деп көрсетеді [2.188]. Сонымен қатар, автор салдыр дауыссыздарды жасалу орнына қарай үш түрлі артикуляциялық топқа жіктейді: п-б дыбыстары ерінде болатын салдыр болғандықтан ерін дауыссыздары, қ, к, ғ, г – дыбыстары тілдің көмейге соққан салдырынан пайда болатындығынан көмей дауыссыздары, т, д, с, з, ш, ж дыбыстары тілдің үстіңгі күрек тіске не соғып, не жуысып қалуынан пайда болатындықтан тіс дауыссыздары дейді. Ауыздың екі жері бір-біріне жабысып, ашылғаннан пайда болған дыбысты жабысыңқы, ал жабыспай, тек жуысқаннан пайда болған дыбысты жуысыңқы дауыссыз дейді. Үздікті дауыссыздар жасалу түріне қарай жабысыңқы болады да, үздіксіз дауыссыздар жуысыңқы болатынын ескертеді. Жуысыңқы дыбыстарды дыбысталу түріне қарай сыбыр, сыбыс дыбыстары деп екіге бөледі. Себебі, сыбыр дыбыс (с, з) сыбырлап сөйлегенде де анық естілсе, ал ш, ж дыбысы ысқырып сыбыс бергенде ұқсас естілетінін айтады. Сөйтіп, біз бұдан ғалым әр дыбыстың дыбыстық ерекшеліктерін жете талдағанын көреміз. Салдыры мен үні тең дыбыстарды Қ.Жұбанов сонар дыбыстар деп, оны екіге бөледі: 1) Тура жолды сонарлар «у» мен «и», себебі ауа тура шығып кетеді де, мұрынға кетіп, не ауыз ішінен өзінде бұрылып, бұлтақтамайды. Шығатын орны жағынан у дыбысы еріннен, ал и дыбысы таңдайдан шығады, жасалу түрі мен

созылымдығына қарасақ, екеуі де жуысыңқы дыбыс, екеуі де созуға келетін үздіксіз дыбыстар, «у» дыбысы шығарда екі ерін бір-біріне жуысады, ал «и» дыбысында тілдің үстіңгі жағы таңдайға жуысады дейді [2.190]. 2) Айналма жолды сонарлар тура жолды сонарлар сияқты тура шықпай, бұрылып, айналып өтетін демнен шыққан салдыр әсерінен жасалатынын айтып, айналма жолды сонарларды өз ішінде екі түрге саралайды: 1) мұрын жолды айналма сонарлар (м, н, ң) айтылғанда дем тура ауыздан шықпай, кеңсірікпен айналып барып мұрнынан шығатынын, 2) ауыз жолды айналма сонарлар (л, р) айтылғанда дем басқа дыбыстардай тура шықпай, ауыздың өзінің ішінде бұлттарып жүріп барып шығатынын ескертеді. Жинақтап көрсетсек, Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі дыбыстарды әр түрлі белгісіне қарай төмендегідей топқа бөледі:

1. Дыбыстың әніне қарай (дауысты, дауыссыз, сонор);
2. Салдыр мен үн қатысына қарай (үнді, үнсіз);
3. Дыбыстың созымды-созымсыздығына қарай (үздікті, үздіксіз);
4. Айтылу орнына қарай (ерін, көмей, тіл дыбыстары);
5. Жасалу түріне қарай (жабысыңқы, жуысыңқы);
6. Дыбысталу түріне қарай (сыбыр, сыбыс);
7. Дыбыстың шығу жолына қарай (тура жолды, айналма жолды).

Қ.Жұбанов тілдік құбылыстардың жекелеген салалары: фонетика, морфология, семантика және лексика бір-бірінен “қытай қорғаны” сияқты бөлінбегенін, керісінше олар тығыз байланыста, бірін-бірі толықтырып отыратынын айтады. Сөздің дыбыстық құрамының өзгеруі оның мағынасының өзгеруіне соқтырады. Бұл өзгерістер сөздің фонетикалық жағымен байланыста дейді. Бұған түркі тілдеріндегі р-з дыбыстарының сәйкесімін мысал етеді (көр-көз, семір-семіз). Мұның өзі бір кездері р мен з дыбыстарының фонетикалық

айырмашылығы жоқ екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, есім мен етістік сөз таптарына бөлінбей тұрған кезде зат пен оның қимыл-әрекеті бір сөзді білдіргендіктен көр-көз, семір-семіз есім мағынасында да, етістік мағынасында да бірдей қолданылған. Кейіннен есімдерден етістіктерді ажырату қажеттілігі туған кезде басқа да көптеген тәсілдерімен қатар талғаусыз қолданыста жүрген р-з дыбыстарының сәйкестігі сараланып, аяғы з дыбысына аяқталған тұлғалар есімдер қатарына, р дыбысына аяқталғандары етістік қатарына тұрақтанды. Демек, дыбыстық айырмашылық біртұтас сөзді екіге айырып, соған сәйкес тілдің лексикалық қорының молаюына алып келген. Бұл өз кезегінде, есім мен етістік негізді екі түбірдің қалыптасуына, яғни, тілдің морфологиялық жағынан баюына септігін тигізеді. Сондықтан Қ.Жұбанов тілдің жекелеген салаларындағы өзгерістер екінші салаға өз ықпалын тигізетіндігін дәлелдейді [7.11]. Ол тілдің жекелеген салаларының өзара байланысы зерттеуші назарынан тыс қалмауын ескертеді. Сөйтіп, ғалым фонетика тарихын тіл тарихының бір бөлшегі ретінде қарайды. Ол: “Для нас является единственно верным то положение, что звуки существуют не вне слова, а в слове: следовательно, историю отдельных конкретных видов звуков следует изучать в истории изменения отдельных конкретных слов. Это неизбежно увеличит “этимологическую дозу” в нашей работе” деп жазды [2.12]. Ғалым сөз тек дыбыстардан ғана тұрмайтынын, адамзат дамуындағы жекелеген кезеңдерде сөздің мән-мағынасының да өзгеріп отырғанын айтады. Сондықтан сөздердің тарихын мағынамен байланыста бақылау керектігін ескертеді. Қ.Жұбанов тілді зерттеуде фонетиканың маңыздылығын айтып қана қоймай, тіл дыбыстарының табиғатын теріс, бұрмалап көрсетушілерді де сынап отырғаны белгілі [2.48].

Қ.Жұбанов аз өмір сүрсе де академик Ә.Т.Қайдаров айтқандай, «Сол қысқа мерзім ішінде оның филологияға қосқан теориялық-тарихи және практикалық шарапатты үлестері қазақ тіл білімінің барлық салаларына игі әсер етті.» [3.10].

Қазақ тілінің дыбыс құрылысын зерттеуде Қ.Жұбанов ілімдерін одан әрі жетілдіріп, жалғастырған және қазақ тілі фонетикасының ғылым дәрежесіне көтерілуіне бірден-бір үлес қосқан академик І.Кеңесбаев болды [6]. Ол іргелі зерттеулерінің нәтижесінде ғылым жетістіктеріне сай оқулық қалдырды. Қазақ тілі дыбыстарының жекеленген мәселелері туралы Ж.Аралбаев, Ә.Жүнісбеков сияқты т.б. ғалымдар құнды зерттеулер жариялады. Осы жетістіктердің барлығы да А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов негізін салған іргелі зерттеулердің жалғасы еді. Әрине, Қ.Жұбанов еңбектерінде әлі толық шешімін таппаған, кейін зерттеулерге негіз болған мәселелер көп болды. Оның барлығын шешіп тастау сол кездегі ғылым дамуы тұрғысынан мүмкін де емес еді. Мәселен, Қ.Жұбанов та өз еңбектеріндегі негізгі қазықты екпінмен байланыстырады. Ол сингармонизмді түбір мен қосымша аралығынан қарастырды. Сондай-ақ кейбір дыбыстардың, мәселен қ, к, ғ, г дыбыстарының айырым белгілері де толық ашылған жоқ. Солай бола тұрса да Қ.Жұбанов еңбектерінің ғылыми маңызы зор болғандығы кейінгі зерттеулерден анық көрінді. Қазіргі оқулықтардағы дыбыстардың топтастырылуы негізінен Қ.Жұбановтың жіктеулерімен сәйкес келеді. Сондай-ақ, оның дыбыстарды жіктеуде ұсынған өзіндік терминдері І.Кеңесбаев жазған оқулықта жарыса қолданылған. Мысалы: І.Кеңесбаев «Қазіргі қазақтілі» оқулығында шұғыл дыбыстың ерекшелігін танытуда Қ.Жұбанов еңбектеріндегі үздікті, жабысыңқы, ал ызың дыбыстарды айтқанда үздіксіз, жуысыңқы терминдерін

қосымша анықтама ретінде қолданған. Сонымен бірге, ұяң дыбыстар-үнді, қатаң дыбыстар-үнсіз дыбыстарға сәйкес келетіні байқалады. Ал сонар дыбыстардың жасалуы туралы айтқанда Қ.Жұбанов у, м дыбыстарын ерін арқылы жасалады десе, оқулықта да ерін, н, л дыбысын тіс арқылы, оқулықта тіл ұшы, й, р-таңдай, оқулықта тіл алды, ң-көмей, оқулықта тіл арты деп берілуі екі ғалымның ойы бір-біріне өте жақын келгенін көрсетеді. Фонетика ғылымы, оның зерттеу нысаны, фонема, тілдің дыбыстау аппараттары, буын, буын түрлері, буынның жылысуы мен кірігуі, ұмтыла үндесу, тартына үндесу деген т.б. мәселелер алғаш рет Қ.Жұбанов еңбегінде көрініс тапты. Ғалымның «Ор деген сөз бен өр деген сөздің екеуінің дыбыстары бірдей» деген сөзінен оның қазақ тілі фонологиясын терең танығанын және өз зерттеулерін фонологиялық тұрғыда жүргізгенін айғақтайды. “Қазақ тілінің дыбыстарының е-ден басқалары бірде жуан, бірде жіңішке болып екі түрлі айтылады”, - деп, сыз-сіз, ор-өр сөздерін мысалға алады. “Сыз деген сөздің дыбыстары жуан, ал сіз дегенде сол дыбыстар жіңішке айтылып тұр” дейді. “Қазақ тілінде бір дыбыстың өзінің жуан түрі бір дыбысқа, жіңішке түрі бір дыбысқа татиды”, - дейді де, бір дыбыстан екінші дыбыстың басқа түрлі айырмасы болмаса да, жуан-жіңішке болуына қарай бір сөз екінші сөзден айрылатынын айтады [2.203]. Ол ор-өр, сыз-сіз - сөздеріндегі дыбыстар өзара салыстырғанда бірдей екендігін айтса, шынында да, олардың жуан-жіңішке түрлері лингвистикалық қызмет атқаратыны, фонология тұрғысынан алғанда, қазақ тілінде бір дыбыстың жеке басы бөлініп шығып, жуан-жіңішке бола алмайтыны, жуан-жіңішке болатын буын екендігі белгілі. Сонда бір дыбыстың жуан-жіңішке түрлері екі дыбысқа татиды да, бір сөз екінші сөзден айрылады дейміз. Ғалым “дыбыс біткеннің бәріне бірдей жуанына бір әріп, жіңішкесіне бір әріп жазатын болсақ, онда әліппеміздегі барлық әріптің

саны ... осы күнгіден екі есе көп болар еді” деп, дауысты дыбыстардың ғана дифференциалды таңбалануын “бүтін буынның жуан-жіңішкелігін көрсетуге қойылған қарақшы” деп метафоралы түрде баяндайды [2.204-205].

Сонымен, Қ.Жұбанов тіл дыбыстарын фонология тұрғысынан қарастырған. Ә.Жүнісбеков сөзімен айтқанда, “Дыбыстың жеке басын алып емес, оны буын құрамында алып қарау - қазақ тілі фонологиясының өзіндік сөлін тап басқан зерттеушінің ғана қолынан келетін жай” [1.195]. Қ.Жұбанов “Қазақ тілі - буыншыл тіл” дей отырып, қазақ сөздерінің буынға негізделгенін айтып, дыбыстың фонологиялық қызметін буын заңдылықтарымен байланыста қараған. Қазақ тіліндегі дыбыстардың нағыз фонологиялық қызметі буын деңгейінде көрінетіндігі Ә.Жүнісбеков зерттеулерінде де жан-жақты пайымдалғанын білеміз, яғни, үнді-европа тілдерінде дыбыстардың басын біріктіріп, сөз етіп ұйыстыратын сөздік екпін болса, ал түркі тілдерінде – сингармонизм екендігі дәлелденді.

Қ.Жұбановтың әліпби және жазу мәселесіне қатысты көзқарастарын оның «Әліппеміз бұқарашыл болсын», «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы», «Қосар ма, дара ма?», «К проекту реформы казахского алфавита», «Проект казахского алфавита», «К пересмотру казахской орфографии», «К проекту реформы казахского алфавита», «Проект изменений орфографии и алфавита казахского языка», «Выступление К.К.Жубанова на научно-орфографической конференции в г.Кзыл-Орде» /2-4. 1929г./ т.б. мақалалары мен түрлі жиындарда сөйлеген сөздерінен байқауға болады. Ғалымның жазу, орфография жөніндегі теориялық зерттеулері негізінен қазақ әліпбиін жасау, бөгде тілдің графикасын қазақ тілінің ішкі ерекшелігіне бейімдеудің тиімді жолдарын іздестіру, жүйелі жазу емлесін құрастыру, оны жетілдіру, орфоэпия мен орфографияның өзіндік белгілеріне сай

қазақ тілі дыбыстарының ерекшеліктерін көрсету, қазақ тіліне енген терминдердің жазылу заңдылықтарын бір жүйеге келтіру, қазақ орфографиясының жетекші принципін анықтау, т.б. бағыттарда болды. Дыбыстық тіл жазу арқылы таңбаланады десек, графиканың басты қағидаларының бірі - белгілі бір әріп бір ғана фонеманың таңбасы болуы керек.

Сондықтан да Қ.Жұбанов қазақ орфографиясын ғылыми негізде құру үшін алфавит құрамына енуге тиісті әріптердің санын қазақ тіліндегі белгілі бір фонеманың іс жүзіндегі қажеттілігіне қарай белгілеуді мақсат еткен. Дыбыс жазуы дыбысталған сөздің сол қалпындағы көшірмесі емес, оның басты қызметі ой мен сезімді жеткізу болғандықтан, дыбыс жазуында фонетикалық қоршауға тәуелді, фонологиялық жүктемесі жоқ, небір дыбыс құбылыстары ескерілмейді. Қ.Жұбанов та фонологиялық жазудың ерекшелігі бойынша фонемалардың негізгі реңкі таңбаланады да, фонетикалық қоршауға тәуелді реңктері ескерілмейтінін басты нысана етіп ала отырып, дыбыстық қоршауға тәуелді кез келген дыбыстық құбылысты жазуда таңбалай беру ультра-фонетик бағытқа бой ұру болатынын айтады. Ғалымның айтуынша, қазақ жазуы фонетикалық ұстанымды ұстануы тиіс, себебі бұл принцип қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкес келеді дейді. Қ.Жұбанов бұл жерде фонологиялық ұстаным туралы айтқан, себебі ол кезде “фонология” термині қолданыста болмағанын және ғалымның сөз дыбысталуына жақын жазылуы керек деген сөзін ескеруіміз керек. Сөздің дұрыс жазылуы, айтылуы сол тілдің ішкі ерекшеліктерінен туындауы керектігін айта келіп: “Емле негізіне қожа сол тілдің жаратылыс заңы болуға керек. Тіліміздің жаратылысына қарасақ, емле дыбыс негізді болуға керек”, - деп түйін жасаған [2.498]. Ал қазақ орфографиясы мен терминологиясын қалыптастыруда өзіндік орны бар тұлға Е.Омаров қазақ жазуы алғашқы кезеңде фонетикалық

ұстанымға сүйенгенімен, кейін бірте-бірте морфологиялық ұстанымға көшу керек деген көзқараста болған еді.

Қ.Жұбанов әліпби және жазу мәселесін шешу бағытында өз тілімізбен қатар басқа тілдердің де тарихын зерделеп, салыстырып, салғастырып пікір айтады: “Қырғыз тіліндегі секілді ұзындық-қысқалық қазақ дыбыстарында жоқ” [2.346]. “Наши алтайские языки в древности, вероятно, не дифференцировались по признаку звонкости и глухости звуков, как в уйгурской письменности, где п и б, а также к и г обозначаются одной и той же буквой. Это все нам показывает, что в сознании тогдашних тюрков, которые писали на этом алфавите, эти буквы не отличались так друг от друга. ...Сейчас чувашский язык, например, не знает различие глухих и звонких. Глухие звуки в открытом слоге превращаются в звонкие, а в закрытом-глухие” [2.502]. “Наша письменность, можно сказать, имеет значительно древнюю историю. Еще в VI-VII веках тюрки имели письменность” [2.499]. Ғалымның бұл пікірлерінің тек фонетикалық жағынан ғана емес, фонологиялық, салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи тұрғыдан да құндылығын танимыз. Әлем лингвистикасына жүгінер болсақ, фонологиялық танымдар алфавит жасау мәселесімен астасып жатқанын байқауға болады. Бұған дәлел ретінде А.Байтұрсынұлының қазақ әліпбиі мен жазуы туралы ізденістерін айта аламыз. Демек, бұл бағыттағы А.Байтұрсынұлының ізденістерін Қ.Жұбанов жалғастырғаны, латын алфавитіне көшу, жаңа әліпби бойынша жазу заңдылықтарын жетілдіру мәселелері де тіліміздің фонологиялық табиғатына сай ізденісті қажет еткені аян.

Жалпы алғанда, Қ.Жұбанов зерттеулерінде қазақ тілі дыбыс жүйесіне қатысты негізгі теориялық мәселелер көрініс тапты, оның еңбегінде тілдің фонетика саласының барлық негізгі категориялары жүйелі түрде бір ізге

түсіріліп, жан-жақты талданды. Сондықтан Қ.Жұбановты қазақ тілі фонетикасының ғылыми курсы жасаушы деп білеміз. Қазақ дыбыстарын жасалым-айтылымы жағынан топтап, әр дыбыстың ерекшеліктеріне қарай жіктеу тарихында Қ.Жұбановтың орны өзгеше. Себебі ғалым қазақ дыбыстарының артикуляциялық кестесін жасап, қазақ тілі фонетикасының дамуына, пән ретінде қалыптасуына ерекше үлес қосты.

Қорыта айтқанда, Қ.Жұбанов кезеңінен бастау алған фонологиялық зерттеулер бүгінгі күні жаңаша ізденістермен жалғасын тапты. Қ.Жұбанов еңбегіне «Қазақ тілі фонетикасы» деп арнайы ат қойып, тіліміздің дыбыс жүйесін алғаш рет қазақ тіл білімінің бір саласы ретінде қарастырды. Оның зерттеу нысандарын, ішкі құрамдас бөліктерін анықтап, ғылыми курсы қарастырды. Қазақ тіліндегі буын типологиясы жөніндегі пікірлері әлі күнге ғалымдар назарын аударып отыр. Қазақ тілі дыбыстарын латын әріптерімен таңбалау, жазу, терминология мәселелері туралы еңбектерінің танымдық маңызы зор. Қазақ тілі дыбыстарын үш топқа (дауысты, дауыссыз, сонор) бөліп, буынның алты түрін көрсетеді. Қазақ фонетикасының бүгінгі ғылыми курсы алғаш рет Қ.Жұбанов еңбегінде қалыптасқан еді. Оның осы зерттеулері қазақ тілі білімінің кейінгі дамуында ғылыми-теориялық жағынан толыға түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Жүнісбеков. Қазақ фонетикасының ғылыми курсы жасаушы // Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі. А., «Ғалым», 1990, 191-196-б.
2. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., «Ғылым», 1999, 581-б.
3. Ә.Т.Қайдаров. Профессор Құдайберген Жұбанов // Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі. А., «Ғалым», 1990, 9-15-б.

4. Р.Сыздыкова. Ахмет Байтұрсынов. А., «Білім қоғамы», 1990, 52-б.

5. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1992, 448-б.

6. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. А., «Мектеп», 1975, 304-б.

7. Ж.Тектіғұлова. Қ.Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары: ҚДА. А., 1994. 22-б.



Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ,
ҚазҰУ-дың доценті, филология
ғылымдарының кандидаты.

ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫН ОҚЫТУДЫҢ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тіл білімі ғылымында оқыту үдерісі мен ғылыми зерттеу барысы бір-бірімен үнемі үндестік таба бермейді. Ғылым өз тұжырымын уақыт өте келе өзгертуі мүмкін. Бір шешімге тұрақтаған теория зерттеу барысында жаңа бір теорияның пайда болуына байланысты кереғар түсінік иеленеді. Бұл – заңды құбылыс. Ал әдістемелік жүйе тәжірибелік негізге сүйенгендіктен, оның ғылыми дәлелдеудің шеңберінен шығып кететін тұстары жетерлік. Ереже – заңдылық емес. Сондықтан, оқыту үдерісі кезінде ұзақ жылдар бойы бір сарынмен үйретіліп келген тілдік құрылымдар «тосын» сұрақтар барысында жаңаша жол іздеуге мәжбүрлейді. Солардың бірі – етістіктің етіс категориясы. Мектеп қабырғасында оқытылуы күрделі етістіктің бұл түрі

студенттерге түсіндіру кезінде тіпті шиеленісе түседі. Бұның себебі де жоқ емес. Әр ғылыми еңбекте әр түрлі сипат иеленетін етіс және оның түрлері ортақ бір қағиданы оқытушыдан талап етеді. Оқытушы оқулықтың мазмұнына жүгінеді. Оқулық таптаурын болған мысалдары мен жасалу жолдарын ұсынумен ғана шектеледі. Міне, осы тұста әдістемелік көмек, әдістемелік ұсыныстар белсенді қызмет атқаруы тиіс. Оқытушы тұлғаны күмәнді ережелер мен күдікті дәлелдерден құтқаратын – біліктілігі. Біліктіліктің ғылымның нәтижелерінен гөрі тәжірибенің тезіне негізделгені жөн. Етіс категориясын оқытқанда алғашқы кездесетін қиындықтар да қағида мен тіл қолданысы арасындағы сәйкессіздіктерден туындайды. Етістің бастапқы түрі- өздік етіс – іс, қимыл, әрекеттің сол істі істеушіге қатыстылығын білдіреді. Барлық оқулықтағы ережелер осы мазмұнды қамтиды. Жасалу жолы да **-н, -ын, -ін** жұрнақтарымен шектеледі. Мысалдары да бір-біріне ұқсас: **таранды, жуынды, киінді...** Яғни, қимыл иесі *өзі киінеді, өзі жуынады, өзі таранады*. Енді *өзі кісе, өзі жуса, өзі тараса қандай етіс болады?* деген сұрақты қоятын уақыт жеткен секілді. Бұл қимыл да іс істеушінің өз тарапынан болады. Бұл қимыл да іс істеушінің өзі үшін жасалады. Оқытушы қолданыста дәлелдеуді қажет етпейтін өздік етіске тән құбылысты оқулықта берілмегендігіне сүйеніп айтпаса, қателескені. **Үсті-басымды жудым** немесе **жуындым** десе, **Үсті-басымды тарап-сыладым** немесе **тарап-сыландым** десе қимыл иесінің (субъекті демей-ақ) кім екендігі белгілі. Бұдан соң өздік етістің оқушыны ойландыратын екінші қыры пайда болады. Ол **-ыл, -іл, -л** жұрнақтарымен жасалуы. **Түйілдім, жазылдым, керілдім, созылдым, бүгілдім, т.б.** Берілген қимыл етістіктерінің бәрі іс істеушінің өзіне қатысты. Біреудің бұйрығымен немесе еріксіз жасалған әрекетті білдірмейді. Сондықтан, өздік етісті бір ғана жасалу жолымен шектеу – қазақ тілін

оқыту жүйесіндегі бірізділіктің жоқтығы. Ұрықсыз етістің **-ыл,-іл,-л** жұрнақтарының беретін мәнін өздік етіспен шатастыруға болмас. Сонымен, *қимыл іс істеушінің өзіне тікелей қатысты болса - өздік етіс*. Оның үш түрлі амалдық жолы бар екенін студентке ашып көрсетпесен, тосын сұрақтан арыла алмайсың. Бұл етістің дәстүрлі жасалу жолы (-ын,-ін,-н жұрнақтарымен) *өзіндік етіс* (Н.Сауранбаев) ешқандай жұрнақсыз жолы *негізгі етіс* (А.Ысқақов) деп аталып келді. Ал **-ыл, -іл, -л** тұлғадағы түрі туралы сөз қозғалған емес. Көріп отырғанымыздай, өздік етістің жасалу жолын қарапайым әдіспен, бір ғана амалмен оқыта салуға болмайды. Етістің тағы бір түрі - өзгелік етісті оқыту да көп нәрсенің басын ашып алуды қажет етеді. Оның біріншісі - өзгелік етістің ережесін нақтылау. Бір ереже бар: - *өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъекті арқылы істелетінін, іске асатынын білдіріп, сабақты етістіктен (кез келген етістіктен емес) белгілі қосымшалар арқылы жасалатын етіс категориясының түрі болып табылады (С.Исаев)*. Екінші ереже бар: *Қимыл, амалды істі істеушінің өзі істемей, басқа біреу арқылы істететіндігін білдіретін етістің түрін өзгелік етіс дейді (Ғ.Әбуханов)*. Берілген ережелер бойынша өзгелік етіске сабақты етістіктер негіз болады. Бірақ академиялық грамматикада «салт немесе сабақты болып келуіне қарамастан, ырықсыз етіс тұлғасындағыдан басқа етістік түбірлерінің бәрі өзгелік етіс аффикстерімен тұлғаланып қолданыла береді» делінген. Берілетін жұрнақтары да біркелкі емес. Дәстүрлі жұрнақтары: **-дыр, -дір, -тыр, -тір, -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -т**. Академиялық грамматикада бұлар **-ыр, -ір, -ар, -ер, -сет** жұрнақтарымен толықтырылады. Қалай десек те, өзгелік етісте қимыл иесі іс істеушінің өзі болмауы тиіс. Қалай десек те, өзгелік етіс сабақты мен салт етістіктердің

екеуімен де жасала береді (*жазғыз, бергіз, кетір, келтір*). Мәселенің бәрі аталмыш жұрнақтар жалғанған етістіктердің бәрі өзгелік етіс категориясын иелене алмайтындығында. *Сен оқы* деген сөйлем өзгелік етіс емес те, *Сен көбейт* деген сөйлем қалай өзгелік етіс болады?! Тосын сұрақ дегеніміз – осы. Оның жауабын салыстырмалы кестемен көрсетейік:

| Өзгелік етіс категориясы жоқ сөйлемдер | Өзгелік етіс категориясындағы сөйлемдер |
|--|---|
| 1. Кілемді далаға шығардым. | 1. Кілемді далаға шығарттым. |
| 2. Көзімді дәрігерге көрсеттім. | 2. Көзің дәрігерге көрсеткіздім. |
| 3. Домбыраның құлағын келтірдім. | 3. Домбыраның құлағын келтірттім. |
| 4. Бұл ісімді тоқтаттым. | 4. Бұл ісін тоқтатқыздым. |

Кестенің екі қатарындағы үлгіде де өзгелік етістің жұрнақтары бар. Айырмашылығы – бірінші бағанда жалаң, екінші бағанда қосарлы жұрнақтар. Егер өзгелік етіс жұрнақтарын етістіктерге жалаң күйінде жалғап, тек екінші жақта ғана айтатын болсақ, онда бұйрық райдағы туынды етістіктің қызметін атқарады. Үлгідегі екінші бағандағы сөйлемдер өзгелік етістің толық сипатын айқындайды. Оқулықтардың бәрінде етіс жұрнақтарының қосарланып келе беретіні туралы айтылады. Алайда неліктен қосарланатыны туралы, қосарланған кездегі мағыналық өзгерісі ашылмайды. Қосарланып келген өзгелік етіс жұрнақтары қимыл иесінің өзге біреу екендігіне күмән келтіртпейді. Мысалы, *киімді біреуге кигізу бар, егер өзі кие алмаса. Киімді біреуге бақылап тұрып кидірту бар*. Біріншісінде киімді өзің кигізесің де, екіншісінде киімді оның өзі киеді. Сонда қимылдың иесі нешінші жақ екенін түсіндіру үдерісі қиындық туғызбайды. Біреуге істеткен қимылдың бәрін өзгелік етіс қатарына

СТУДЕНТТЕРГЕ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАНЫ МЕНГЕРТУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Етістіктің етіс категориясын оқыту ғылыми тұжырымдардың қайтадан қаралу мәселесіне көңіл аудартады. Заманның ағымына сай тілдік оралымдар да тілдік нормадан ауытқып, басқа тілдің грамматикалық үлгісіндегі аударманың жетегіне еріп кетеді. Әйтпесе, «Біз ашылдық» үлгісіндегі сөз қолданысты қай етіске жатқызар едік. Әр оқытушы – жеке әдіскер. Оқу құралының авторы оқушы мен студенттің алдында тұрмауы мүмкін. Ал біреу жазған оқулықтағы түрлі тақырыптарды жеткізе оқытатын да, тосын сұрақтарға дәлелді жауап беретін де – оқытушы. Оқытушы үшін шешімі табылмаған мәселелердің болуы мүмкін емес. Біздің етіс категориясын оқытудағы күрделі құбылыстарды көрсете отырып, олардың шешімін табу жолдарын ұсынуымыз да – көкейкесті мәселелердің көлемін азайтудың бір амалы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі (морфология), А., 1991.
2. Н.Сауранбаев. Қазақ тілі (педучилищеге арналған). А., 1953.
3. С.Исаев. Қазіргі қазақ тілі (морфология). А., 2007.
4. Ғ.Әбуханов. Қазақ тілі (педучилищеге арналған). А., 1981.
5. Қазақ тілі грамматикасы (академиялық), 1-том. А., 1967.

Резюме

В статье освещены некоторые принципиальные вопросы методики обучения по казахскому языку.

Resume

The article is devoted to some principle of Kazakh language teaching methods.

Ғылыми жаңаруларды басынан кешіріп отырған қазақ сөз мәдениетінің де басты ұғымдары мен категорияларын, теориялық негіздерін айқындау мен сөздің қатысымдық сапаларын антропоэзектік бағытқа сәйкес зерттеп-зерделеу – қазіргі тілтанымдағы әлі де өткір мәселелердің бірі екендігі даусыз. Бұл бағытта оның теориялық концепцияларын ғылыми түрде саралауды мақсат еткен зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді әрі оны оқыту ісінде жүйелі де тиянақты білім-түсінікті қалыптастыру жолға қойылып отыр. Осыған орай сөз мәдениетіндегі (тіл қисынындағы) этикет нормаларды, әдептілік шарттарын игеру мен оны ұстану тілдік қатысымның барлық түрінде, әсіресе студент жастардың қарым-қатынас мәдениетін көркейте түсуде маңыздылығы зор. Өйткені адамгершілік, мейірімділік, сыпайылық, имандылық тәрізді ұлттық санадағы этикалық құндылықтарды бойына сіңіре білген, зердесіне ұялата білген әрбір жан ешбір мәдениетсіз әрекеттерге бой алдырмайды, жан дүниесі рухани бай болып, ізгілікке тәрбиеленеді. Демек, сөз мәдениетінің басты талабы – мәдени қарым-қатынас орнатуда этикалық қызмет атқаратын тілдік бірліктерді болашақ маман, бүгінгі студент теориялық тұрғыдан жетік меңгеріп, оны тілдік тәжірибеде орынды қолдана білуі тиіс. Демек, өркениетті қоғамда білімді де мәдени өресі биік мамандар даярлау үшін рухани дүниетанымдық құндылықтарды терең игертуде сөз

мәдениетінен теориялық, тәжірибелік сабақтарды жүргізудің маңызы зор.

Ғалым Н.Уәлидің тұжырымы бойынша, сөз этикасы – этикалық нормалар мен қарым-қатынастың әр түрлі жағдаятына тән тілдесу ережелерінің жиынтығы болып табылады - дей келіп, сөз этикасы дүниетанымдық компоненттерден, этикеттік компоненттерден және эстетикалық элементтерден тұратын күрделі құрылым екендігін, әр компоненттік құрылымның ғылыми негіздерін ашып көрсетеді [1].

Ең бастысы, сөйлеу этикасы жалпы адамзаттық моральдық құндылықтарға, ұлттық-мәдени дәстүрлерге негізделетіндігі пайымдалады. Мысалы, *әкесі тұрып ұлы сөйлегеннен, шешесі тұрып қызы сөйлегеннен без; аузын баққан бай болар; алдыңа келсе, атаңның құнын кеш; ағайынның озары болса да, безері болмайды; сіз деген – сөздің сынығы, сен деген – сөздің анығы*, т.б. этикалық нормаға тән ұғымдарды бейнелейтін тілдік бірліктер халықтың дүниетанымынан туындаған баға жетпес сөз қазынасы әрі адамдар арасындағы тілдік қатынасты үйлестіріп отыратын этикалық категориялар.

Ғалым негіздеген ғылыми ой-пікірлерді түйіндей келгенде, әр ұлттың дәстүрлі сөз саптау мәдениетінде этикалық құндылықтардың мәні айрықша болатындығы даусыз. Сондай-ақ тілдік қарым-қатынаста дауыс көтеру, айқайлау, шәңкілдеу не болмаса адамның сәлемін алмау, үлкенге ізет-құрмет көрсетпеу, бейпіл сөздерді қолдану, адамның сыртынан жағымсыз пікір айту, арыз жазу, т.б. жайттар қарым-қатынас психологиясына кері әсер ететін, этикалық норма талаптарына қайшы сөз әрекеттері болып саналады.

Күнделікті тілдік қатынаста сөз әдебін, сөз этикетінің нормаларын сақтау әрекеті қандай деңгейде көрінеді?

Елеусіз қалып жүрген этикеттік таңбалар бар ма? Осындай өзекті мәселенің біріне арналған дәрістің қысқаша мазмұнын сипаттайтын сабақ үлгісін ұсынып отырымыз.

Дәрістің тақырыбы: Этикалық норма.

Түрі: проблемалы-түсіндірмелі дәріс.

Мақсаты: сөз мәдениетін этикалық аспектіде зерттеудің негіздерін айқындау; сөз этикасының нормаларына қатысты жаңа теориялық ақпараттармен таныстыру, этикеттік таңбалардың ұлттық сипатын ашып көрсету.

Дәрістің нақты мақсаты:

1) сөз этикасының маңыздылығына жалпы сипаттама беру.

2) «норма», «сөз актісі», «этика», «тілдік қатынас» ұғым-категорияларының арақатынасын анықтау, тұжырымдау;

3) сөз этикасын құрайтын негізгі компоненттер жайындағы көзқарастарды жүйелеу, ғылыми негіздеу;

4) сөз этикасының атқаратын қызметтерін, өзіндік сипат-белгілерін айқындау;

5) этикалық норма түрлерін айқындау, ғалымдар пікірлерін саралау, олардың вербалды, вербалды емес ерекшеліктерін сипаттау.

6) этикалық нормадан ауытқу себептерін ашып көрсету.

Күтілетін нәтиже: сөз этикеті және мәдениетті қарым-қатынас нормалары туралы нақты теориялық білім қалыптасады; этикет таңбалардың вербалды, бейвербалды жүйесін меңгереді; этикалық норма ерекшеліктерін тілдік қатынас түрлерінде тиімді қолдана білуге үйренеді, әдепті сөйлеуге дағдыланады.

Оқытушы әрекеті.

Оқытушы қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін жаңа білім беруді мәселелік әрекетпен ұйымдастырып, жағдаят туғызатын материалдар ұсынады. Студенттердің ойлау әрекетін тудыратын қосымша ақпарат-деректер

келтіреді. Өз бетімен ізденуге, проблемалық сұрақтың шешімін табуға әрекеттер жасайды.

Дәрістергі басты тұлға: студент – оқытушы. Басты мәселені студенттер табады, оның шешімін оқытушымен бірлесе отырып шешеді.

Дәрістің мазмұндық құрылымы:

1. Сөз әдебі (этикасы) туралы жалпы түсінік.
2. Сөз этикасын құрайтын негізгі компоненттер.
3. Сөз этикасының түрлері мен атқаратын қызметтері.
4. Сөз этикетінің ұлттық сипаты.
5. Қаратпалардың этикеттік қызметі.
6. Этикалық қалыптың бұзылуына әсер ететін себептер.

Тірек сөздер: сөз актісі, мәтін, норма, этика, мәдениет, прагматика, риторика, сөз этикеті, адресант, адресат, коммуникативтік уақиға, этикеттік қаратпа, шешендік сөз, пікірсайыс, тілдік қатынас, әлеуметтік-тұрмыстық қатынас әдебі, ресми-іскерлік қатынас әдебі, т.б.

Дәрістің әдістері: тақырыпты теориялық-тәжірибелік тұрғыдан меңгерту әдісі, мәселелік ізденім, жаңа білімді тексеру әдісі.

Көрнекіліктері: бейнетаспа материалдары, сызба-кестелер, үлестірме парақшалар, слайд, интерактивті тақта, бейнефильм (Н.Уәли).

Дәрісте қолданылатын тәсілдер: ғылыми болжау, сұрақ-жауап, кластер, концептуалды кесте, түртіп алу жүйесі, шығу парағын толтыру.

Дәріс мынадай кезеңдерден тұрады:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Студенттерге дәрістің мақсат-міндеттері, негізгі идеялық мәселелері ұсынылып, сабақ соңында студенттердің белсенді қатысуы, дәрісті өз мақсаттарына жету тұрғысынан талдап, оны бағалайтындықтары ескертіледі.

2. Ой қозғау кезеңі.

Тақырыпқа ену сұрақтары:

1. Сөз мәдениетінің ғылыми негіздерін не құрайды?
2. Қазіргі қалып түрлері айқындалып, ғылыми тұрғыдан негізделген бе? Қай ғалымдар еңбектерінде сараланып, дәйектеліп берілген?
3. Тілдік қарым-қатынас дегенді қалай түсінесіз? Ол қандай түрлерге бөлінеді?
4. «Сіз деген – сөздің сынығы, сен деген – сөздің анығы» деген мақалдан нені аңғаруға болады?
5. «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Кесірлі ауызда – кесапатты сөз» деген қолданыстарда сөз әдебі тұрғысынан қандай ой айтылады?

Жеке жұмыс. Осы тақырып бойынша не білемін? Не білгім келеді? Жаңа білім қандай пайда әкелмек? (өзіндік пікір-көзқарастарын арнайы плакатқа жазады). Үйден жазып келген конспектісіндегі тірек сөздердің астын сызады (2- 4 минут).

3. «Мәселені айқындау» кезеңі. Оқытушының кіріспе сөзі, оның қатысуымен тақырып бойынша өзекті мәселелер айқындалады. Мысалы:

1. Сөз әдебі дегенді қалай түсінесіз?
2. Сөз этикасының қалыптық жүйесі болуы мүмкін бе?
3. Сөз әдебінің атқаратын қызметтері қандай? Оларды қалай жүйелеп топтауға болады?
4. Сөз этикетінің ұлттық сипаты дегенді қалай түсінесіз? Сөйлеу әдебіндегі тілдік емес (бейвербалды) белгілердің ұлттық дәстүрмен қандай байланысы бар?
5. Қаратпалардың этикеттік қызметте жұмсалы мүмкіндігі қандай? Қазіргі таңда қаратпа сөз әдебі қоғамдық-саяси тұрғыдан өткір мәселе ретінде танылып отыр ма?
6. Байырғы наным-сенімдер сөз әдебіне, этикеттік мәнге қалай ие болған? «Ат тергеу», «Сәлем ету», т.б. ескірген наным-сенімдер деп түсінеміз бе?

7. Бата беру этикет формулаларын мазмұнына, айтылу жағдаятына қарай қалай жіктеуге болады?

7. Қазіргі теледидар хабарларындағы этикалық қалыпты ұстану бағыты қандай дәрежеде деп ойласыз?

8. Этикалық қалыпқа қайшы келетін фактілер тілдік қатынаста жиі орын ала ма? Себептері қандай?

4. «Мәселені шешу» кезеңі. Топтық жұмыс. Әр топ өздері айқындаған мәселені шешу жұмысымен айналысады, белсенді интерактивті әдістерді қолданады (15-20 минут). Оқытушы әр мәселені шешуде ойталқы, пікір алмасу түрінде әрекет жасайды. 1-топтың мүшелері «Сөз әдебі» дегенді қалай түсінесіз, оның негізі неде? Сөз әдебінің атқаратын қызметі не? Оларды қалай жүйелеп топтауға болады? деген сұрақтарға өзіндік ой-көзқарастарын жүйелеп, кестеге түсіреді. 2-топтың мүшелері Сөз этикасының қалыптық жүйесі болуы мүмкін бе? Болса этикалық қалып түрлері ғылымда сараланып айқындалған ба? Қай ғалымдар еңбектерінде ғылыми негізделген? Бұл мәселедегі ғылыми көзқарастардың ұқсас болу себебін анықтайды, өз ойларымен бөлісіп, білгендерін толықтырады, өзінде туындаған сұрақтарды жазып қояды, өзіндік ой жинақтайды. Немесе Сөйлеу этикетіндегі тілдік емес (бейвербалды) белгілердің ұлттық дәстүрмен қандай байланысы бар? Байырғы наным-сенімдер сөз әдебіне, этикеттік мәнге қалай ие болған? «Ат тергеу», «Сәлем ету», т.б. этикалық бірліктерді ескірген наным-сенімдер деп түсінеміз бе? деген мәселеде 3-топтың мүшелері өз пікірлері мен шешімдерін сызба жаттығулар мен Т-кесте, кластер, концептуалды кесте, слайдтар арқылы жүзеге асырады не презентация жасайды. Олардың жаңа білімі, өзіндік пікірлері диалог (ойталқы) нәтижесінде қалыптасады. 4-топтың мүшелері қаратпалардың этикеттік қызметте жұмсалы мүмкіндігі бар ма? Қазіргі таңда қаратпа

сөз әдебі қоғамдық-саяси тұрғыдан өткір мәселе ретінде танылып отыр ма? Немесе бүгінгі теледидарда этикалық норманы ұстану бағыты қандай дәрежеде көрінеді? тәрізді күрделі мәселелерді шешуде бұл салада зерттеуші ғалым Н.Уәлидің сұхбаты бейнетаспа арқылы көрсетіледі, ондағы ой-пікірлерге назар аударады.

Оқытушы мен ғалымның ой-пікірлері, қысқаша баяндалуы негізінде студенттер өз тобының мәселесін шешуде нендей сұраққа мән беру керектігін айқындайды, мәселеге өз қатысын (бұрыннан білетін, жаңадан білген, маңызды немесе қиындық туғызған жайттарды) анықтайды.

5. «Мәселе шешімін қолдану» кезеңі. Мәселелер бойынша **шешім қабылдау кезеңінде** оқытушы тарапынан студенттердің жаңа мағлұматты талдау кезінде қандай білім алғандығы жөнінде пайымдалып, өздерінің жаңадан алған біліміне баға беру үрдісі ұйымдастырылады.

Топтық талқылау. Студенттер осы сабақта білгендері мен үйренгендерін тұжырымдайды, игерген білімнің қолданысы туралы ой бөліседі, «жаңа білімнің пайдасы қандай?», «Бұл білімді дамыту үшін ары қарай не істеймін?» тәрізді сұрақтарға жауап іздейді.

Бағалау. Студенттердің алған жаңа білімдерін анықтау мақсатында төмендегі сұрақтар қамтылған ұяшықтар слайд арқылы көрсетіліп, жауаптары мен өзіндік ой-пікірлері тыңдалып, ойталқыға түседі.

Бекіту сұрақтары:

1. Адамдардың дидарласуына дәнекер болатын дәстүрлі ұғымдарға нелер жатады?

2. Сыпайы қатынасты жүзеге асыратын этикеттік құралдарды атап көрсетіңіз.

3. Қарым-қатынас жағдаятына (ресми, бейресми, бейтарап) және сөйлеушілердің әлеуметтік ерекшелігіне қарай амандасудың қандай түрлері қалыптасқан?

4. Ұлттық мәдени құндылықтарға не жатады?

5. Сөйлеу этикетіне қатысты мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді келтіріңіз. Олардың Сөз әдебі ұғымымен қандай байланысы бар?

6. Адам ойын жүйелі де сыпайы жеткізу үшін нені меңгеру керек?

7. Мына тілек сөздер қандай жағдаятта айтылады? (*Абыройлы бол; Абыройың артып, мерейің үстем болсын; Жағың түспей, жамандық көрме; Өркенің өссін; Ас дәмді болсын; Еңбегің жемісті болсын; Тілің шешен, ойың көсем болсын; Ұлыс береке берсін; Алды пейіш, арты кеніш болсын*).

8. Төмендегі сөздердің баламасын табыңыз, осылайша қолданудың сөйлеу әдебімен байланысы бар ма? (*1. Ауызы жеңіл – ... 2. Баласын құтты орнына қондыру – ... 3. Қолының жымысқысы бар – ... 4. Қосып айтады –... 5. Ауыз бастыру – ... 6. Бет жыртыспау –... 7. Жасы ұлғая –... 8. Аузының желі бар –... 9. Ұзын құлақ –... 10. Қолды болды – ... 11. Қалтасы тесік –... 12. Ішінде бүкпесі бар –... 13. Сөзге келу –...*)

9. Өзіңіздің қатар құрбыңыз этикет таңбалардың вербалды емес қандай түрлерін жиі қолданады?

Өздік жұмыс. Студенттердің алған білімдерін тереңдету мақсатында оқытушы тарапынан «*Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді*» деген тақырыпта жазбаша түрде эссе жазу тапсырылады.

Кері байланыс. Студенттер сабақтың өту деңгейі, білімді игеру мүмкіндігі туралы өз пікірлерін шығу парағын толтыру арқылы жүзеге асырады (Қызықты/қызықты емес. Не білдім? Жаңа білімнің пайдасы қандай?).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Уәли. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... дисс. А., 2007. 328-с.

2. Н.И.Формановская. Речевой этикет и культура общения. М., 1989.

3. М.Балақаев, М.Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. А., 2006.

4. З.Бейсембаева, Н.Уәлиев, Ж.Исмаилова, М.Қанабекова, Г.Қайдарова. Тіл мәдениеті (Оқу құралы). А., 2005.

5. Д.Әлкебаева. Сөз мәдениеті. А., 2009.

6. Ұ.Асыллов, Ж.Нұсқабайұлы. «Әдеп: инабаттылық дәрістері». А., 1998.

7. А.Қобланова. Сөз әдебі. А., 2001.



Гүлбану ҚАРАМАНОВА,
№2 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы,
Қандыағаш қаласы.

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН ДАМУ

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен

еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мерedit, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготскийдің теорияларын басшылыққа алады.

Сын тұрғысынан ойлау ұғымы – белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастарымен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді ғалымдар. Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бір идеяларды жинақтап, оларды қайта ойлегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үдеріс деп атап көрсеткен (1).

Менің дәріс беретін сыныбым үшін сын тұрғысынан ойлау арқылы оқыту тиімді. Сыныпта оқушылардың көбісі өз ойын ашық айтуға бейім. Ал сол айтқандарын жазуға келгенде бастапқы ойын ашып жаза алмайды. Осы тұрғыдан салыстыра қарай отырып, оқушыларға өз деңгейінде жазуға машықтандыру керектігін түсіндім. Көп жағдайларда токсандық қорытындылау кезінде әдебиет сабағындағы оқушылардың бағалары төмендейді. Себебі, бақылау жұмысының қорытындысы төмен. Мысалға: кез келген бір тақырыпқа шығарма жазу кезінде оқушылар өз ойларын қорытып жазуда тіл байлықтарының төмендігі, ойларын байланыстыра алмауы мені қынжылтады. Сол себептен сын тұрғысынан ойлау арқылы ойын, жазу дағдысын қалыптастыра отырып, неге олай? Сенің пікіріңше қалай? деген екі түрлі түсініктеме күнделігін қолдану арқылы эссе жазу, еркін жазу, ақынға хат жазу сияқты түрлі әдіс-тәсілдер арқылы дамытуды көздедім.

«Сын тұрғысынан ойлау деген сөз тіркесінде *тұрғысынан* деген термин ойдың мәселені шешу үдерісіне шоғырлануын білдіреді. Бұл тұрғыдан алғанда *сыни* сөзі «мақұлдау» немесе «теріске шығару» дегенді білдірмейді. Сын тұрғысынан

ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ойлегінен өткізуді қамтиды. (МАН, 41-бет)» делінген. Ойлау туралы ойлану – өз ойын жеткізе білу, айтатын сөзі дәлелді болуы үшін мысалдап, мақалдап, көркем сөйлеу арқылы тыңдаушының сол туралы пікірімен санасу арқылы жүзеге асады. Мен қалай ойлаймын, оның пікірінше солай болды ғой, яғни, өзіне есеп беру арқылы, өзін-өзі бағалау арқылы, салыстыру арқылы нақты шешімін айтуға жол салады. Сонымен бірге Глейзер (1941) «Сын тұрғысынан ойлаудың қалыптасқан дағдыларынан басқа оқушы немесе мұғалім оларды тәжірибелік жағынан пайдалануға дайын болуы тиіс. Сын тұрғысынан ойлау – өз ойын бағалау ниетінің болуы және оны білу, ол кез келген субъект үшін қалыпты болып табылатын шыншыл, ашық, дәйекті, талдау жасауға қабілетті, білімқұмар, өзі мен өзгенің пікіріне сеніммен қарайтын және шешім қабылдауда парасатты болу ниетін дамытуды көздейді. Сын тұрғысынан ойлаудың осы қағидаларын ұстанбайтын немесе қарсы пікірді ұстанатын, яғни, зияткерлік жағынан тәкаппар, теріс ойлағыш, шыдамсыз, қызба, тәртібі нашар, жалқау, әрекеттің салдары туралы ойламайтын, жаңа ақпараттарға немқұрайлы қарайтын, басқаның пікіріне сенбейтін адамдар сын тұрғысынан ойлау кезінде тығырыққа тірелуі мүмкін. (МАН, 43-бет)»,- дейді. Бұл тұрғыда өзім сабақ беретін сынып оқушыларын түрлі жетекші сұрақтар арқылы оқыту олардың алған білімдерін шыңдауға көмектесетіні анық.

Мұғалім мен оқушы іс-тәжірибесінде сын тұрғысынан ойлауды пайдалануға дайын болу керек дегенде ол үнемі қолдануда көрініс табатынына сенемін. Оқушы төселеді, білімін шыңдайды, бір-бірімен үнемі қарым-қатынаста болады, өз ойларын бағалай алады. Белгілі ғалым Дайана Халперн: «Сыни ойлау – ойлаған нәтижеге

жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттай ойлану» деген. Сын тұрғысынан ойлауды оқушыларға үйрету үшін мына төмендегі шаралар орындалуы керек деген ойда өзіме нақты талаптар қойдым:

1. Сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
2. Оқушыларға ойланып толғанып, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
3. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
4. Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
5. Қолайсыз жағдайларға түсіп қалған кейбір оқушыларды әжуаға айналдырмау.
6. Оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынның дәлелді, дәйекті болуын талап ету;
7. Сын тұрғысынан ойлауды бағалау болып табылады.

Сын тұрғысынан ойлауды әдебиет сабағында қолдануда алдымен қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болады? Ол әдіс-тәсілдер оқу мен оқытуда оқушылардың шығармашылық деңгейін қаншалықты арттырады? деген сұрақтың төңірегінде ізденіс жұмыстарын жүргіздім. Интернет желісінен, сабақтар топтамаларынан өзіме керекті тәсілдерді, II деңгейдің қосымша таратпа материалдарынан көптеген әдіс-тәсілдерді меңгердім. Білу керек дүнием әлі де болса көп болғандықтан, өзіме нақты керектілеріне, маңыздыларына тоқталып, іс-тәжірибеме алдым. Блум таксономиясының негізінде қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрдым. Осы жоспар негізінде өз сабағымның қандай болатынын алдын ала біліп тұрсам да, оқушы әрекеті толғандырады. Өз мақсатыма жету жолында көп еңбектендім. Блум таксономиясының білу бағыты бойынша алдымен оқушылардың қызығушылығын ояту қажет. Бұл үйрену

үдерісі бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Оқушыларға ашық сұрақтар қою, топтау, болжау, топта талқылау, ойлану, түртіп алу сияқты ресурстарды пайдалану арқылы өз сабағымның өту барысын өзгерттім. Осы арқылы ой қозғау, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету сияқты мәселелер жүзеге асты. Оқушылардың бойынан белсенділік байқалды. Топтық жұмыста оқушылардың іс-әрекетке ынтасы оянып, берілген сұрақтарға қызығушылық танытып, ортақ шешім іздеулері, топтағы жақсы оқитын оқушылардың бойынан көшбасшылық ету, ынтымақтастық атмосферасын құру сияқты өзгерістер байқалды. Үйрену енжарлықтан гөрі белсенділікті талап етеді.

Түсіну бағыты бойынша мағынаны тану кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен танысты. Жаңа тақырыпты меңгеруде оқушылар ДЖИКСО ұжымдық оқыту әдісін қолданды. Бұл әдісті қолдану үлкен тақырыпты меңгеруде өте қолайлы. Бұл жағдайда топ басшылары өздерін мұғалім ретінде сезінді, көшбасшылық етті. Оқушылар өзара рөлге бөлініп, тайм киперлер уақытты бақылап отырды. ДЖИКСО әдісі мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Әуелі жетекші сұрақтар бердім. Мысалы: Ақын өлеңде адам мінездеріндегі қандай қасиеттерді сынайды? Бұл сұрақтың жауабын ауызша талдағаннан кейін, жазу дағдысын тепе-теңдікте ұстау мақсатында «Екі түрлі түсініктеме күнделігі», «қатты әсер еткен тұстары және әсер еткен үзінділер жайлы менің пікірім» деген екі пікірді салыстыра отырып жазады. Сабақтың басқа да бөлімінде ақын өлеңдерінің мазмұнын

аша отырып, оқушылар бес жолды өлең құрады, мәтін құрады, сурет салды, авторға хат жазды, венн диаграммасы арқылы оқушылар басқа шығармаларға ұқсастығын, айырмашылығын салыстыра біледі. Ой қорыта бастайды. Өз ойлары жарыққа шығады. Шығармашылыққа ұмтылады.

Сын тұрғысынан ойлау оқушылардың сабаққа қызығушылығын оята отырып, шығармашылық деңгейге көтерілуіне септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Қабдешова. Сын тұрғысынан ойлау. Қазақ тілі мен әдебиеті. №10, 35-45-б.
2. А.Ташенова. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту. Білім-Образование. 2006. №2. 15-18-б.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. II (негізгі) деңгей бағдарламасы.



Гүлден РАМАЗАНОВА,
Ақсуат ЖОББМ-ң қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Елімізде білім беруді жетілдіру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар аз емес, соның бірі – ҰБТ. Жер бетіндегі

дамыған 193 мемлекеттің 123-і ҰБТ сынағын өткізеді екен. Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибеде тестік тапсырмалар арқылы білім тексерудің тиімділігі дәлелденіп отыр. Орта мектеп бітірушілердің білім сапасының деңгейін анықтаудың басты формасы – мемлекеттік ҰБТ жүйесі тәжірибеге енгізілгеннен бері он жылға жуық уақыт өтті. Мектеп бітірушілердің он бір жыл бойы алған білім деңгейін ұлттық бірыңғай тест қорытындысы айғақтаса, аталмыш сынақ ұстаздар еңбегінің де айнасы екені даусыз. Ұлттық бірыңғай тестілеу – оқушылар үшін ең маңызды кезең. Себебі, ҰБТ оқушылардың орта білімін жалпы бағалау көрсеткіші болып саналады. Бір ұпайдың жетпей қалуынан оқушылар мемлекеттік оқу грантынан, көп жағдайда жоғарғы оқу орнына ақылы түрде оқуға түсу мүмкіндігінен айырылады. Оқушылардың ҰБТ жағдайындағы жеке басының психологиялық жай-күйі оларды күйзеліске әкеліп соқтыруы мүмкін. Кейде тестті жақсы, ойдағыдай орындап, қажетті ұпайын жинаған жағдайдың өзінде оқушы біраз уақытқа дейін психологиялық жағымды, жағымсыз күйді бастан өткізеді. Оны ҰБТ-ға деген қорқыныш, үрей сезімдерімен, алынған тестің нәтижесіне ұзақ уақытқа дейін сенбеуінен туындайтын психологиялық ерекшеліктерімен түсіндіреміз. Ал нәтижелері теріске шыққан, яғни, төмен ұпай алған оқушылардың психологиялық көңіл күйлері мүлдем нашарлайды деуге болады. ҰБТ-ға дайындық оқушылардың отбасы, ата-анасы, психолог мамандар арасында өзара тығыз қарым-қатынаста жүреді. Мұның өзі оқушылардың ішкі жағдайына теріс әсер етеді, өйткені балалар өздерін үнемі бақылауда сезінеді, ата-аналары мен үлкендер, ұстаздары тарапынан болатын ұдайы қадағалаудан “Егер мен емтихан немесе тест бере алмасам”, “Ойдағы үмітті ақтай алмасам” деген қорқыныш пайда болады. Бұрын-соңды өздеріне жүктелген үлкен жауапкершілікті

сезініп көрмеген балалар отбасы тарапынан айтылатын “Балам, жақсылап дайындал!” деген сияқты сөздерден алдын ала үрейлене бастайды. Көптеген мұғалімдер өз пәні бойынша жыл бойы бос уақытында оқушыларды тестілеуге дайындау үстінде болады. Егер төмен нәтиже алса, ұрысып, баланы уайымға салады, бұған қоса ата-аналар олардың үйдегі бос уақытының дайындықпен өтуін қатаң қадағалауға кіріседі. Баланың жеке басының психологиялық қысымға түсуінің басты себебі осында. Сондықтан оқушыларды кез келген жағымсыз психологиялық жағдайға қарсы тұруға, бұл жағдаяттарда өздерін ұстай білуге үйретудің маңызы зор. 11-сынып оқушыларының психологиясын ескеретін болсақ, осы кезеңде оқушының бойында өзіндік сана, өзіндік “мен” деген бейне қалыптасады, өзін және айналасындағы қатарластарын, олардың әрқайсысының мәртебесін, алатын орнын, беделін сезіне бастайды. Кей жағдайларда бәсекелестік те байқалады, бұл ҰБТ жағдайы үшін кері және ауыр жағдаят, себебі құрбы-құрдастарының қатарынан қалып, ЖОО-ға түсе алмай қалуы оқушыны ең ауыр психологиялық дағдарысқа алып келеді. Ол сыныптастарының алдында ұятқа қалғандай сезінеді. “Мен” сезімі шиеленіседі; ішкі психологиялық дағдарыс, өз-өзіне деген реніш пайда болады. Күтілген нәтижеден төмен баға алып, көбінесе өз достарын көруден де бас тартып, қиын да қауіпті жағдайға тап болады. Көптеген оқушылар мұндай ауыр жағдайларда “өзін-өзі ұстау және бағыттау стратегиясын” білмейді, жас ерекшелігі психологиясына сәйкес балалар қиын жағдайды өткереді. Оқушылардың осындай элеуметтік-психологиялық жағдайларын ескере отырып, бүгінгі таңда барлық мектептерде оқушыларды ҰБТ-ға дайындауда жан-жақты жұмыстар жүргізілуде. Солардың бірі – оқушыларды ҰБТ тапсыруға психологиялық тұрғыдан дайындау шаралары. Тестті тапсыруға ешкім


арнайы үйретпейді, бірақ, осындай психологиялық білім өте пайдалы. Психологиялық білім тестке дайындау тиімділігін арттырып, тест кезінде тапсырушының өзін ойдағыдай ұстауына көмектесіп қана қоймай, ой жұмысы дағдыларын дамытуға, маңызды кездерде жұмысқа жұмылдыруға, эмоцияларын қолға алуға көмектеседі. Осыған орай мектебімізде 11 «А» сынып оқушыларын тест тапсыру үдерісіне психологиялық дайындықпен қамтамасыз ету мәселесіне байланысты мектеп әкімшілігі, сынып жетекші, мектеп психологі мен ата - аналардың бірлескен жұмыстары жолға қойылған. Мысалы, тестке дайындық, тест алдындағы оқу материалдарын зерделеу, баланың тест алдындағы мінез-құлқы мен нақты тест кезіндегі мінез-құлқы туралы тренингтер өткізілді. Сынып оқушыларымен бірлесе отырып, олардың өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бақылау дағдысын оқыту, өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатында практикалық сабақтар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, күйзеліске қарсы тұру жолдары, эмоцияны басқаруға мини-лекциялар оқылып, рөлдік ойындар ойнатылды. «Мен өзімді мақтаймын», «Шынымды айтсам...», «Өз жұлдызыңды тап», т.б. тренингтер мен жаттығулар, кіші топтағы пікірсайыстар өтті. Осындай жаттығуларды орындату барысында оқушы бойында жақсы дағды қалыптастыру көзделді. ҰБТ-ға оқушыны дайындауда ата-аналар мен оқушыларға, ұстаздарға мынадай кеңестер жадынамасы ұсынылды:


| Ата-аналарға | Оқушыларға | Ұстаздарға |
|---|---|---|
| 1. Балаңыздың ҰБТ-ға барар алдындағы алдын - ала тестілеу кезінде алып жүрген ұпайларына немқұрайлылықпен | Күйзелісті жеңу үшін: біріншіден, күйзеліс кезінде ағзада витаминдер қоры бігеді, әсіресе, В витамині жетіспейді. Дәрігерлердің | 1. Баламен қақтығысқа түскен кезде істі өршітпей, тәрбие жұмысын жалғастырыңыз. |

| | | |
|---|--|--|
| қарамай, дұрыс ақыл-кеңес беруге тырысыңыз. | көбі витаминдерді пайдалану қажет десе де, шамаңыз келсе пайдаланбаған жөн. | |
| 2. Балаңыздың күнделікті ҰБТ-ға дайындалатын белгілі бір уақыт, орны болуына жағдай жасаңыз. | Екіншіден, денені шынықтыру қажет. Спортзалға жиі барып, дене шынықтыру жаттығуларын жасаңдар, билеңдер, ән айтыңдар, бассейнге барып жүзіндер, далада көп серуендеңдер. | 2. Оқушымен кеңес жүргізуге уақыт табыңыз. |
| 3. Балаңыздың көңіл - күйіне, денсаулығына әрқашан назар аударып отырыңыз. | Үшіншіден, психикалық және физикалық демалу үшін релаксация қажет. Келесі әдістерді қолданып көріңіздер: баяу музыканы тындап, түнгі аспанға қарап армандандар. | 3. Қиындықтан шығудың тиімді жолдарын ойластырыңыз. 4. Баланың арына тимеңіз, оның жағдайын түсінуге тырысыңыз. |
| 4. Балаңыздың алдағы уақытта жетістікке жететініне үнемі сенім артыңыз. | Төртіншіден, үйлесімді өмір сүру үшін, ең алдымен, отбасының, жолдастарыңның, жақын туыстардың көмегі қажет. | 5. Оқушымен әңгіме жүргізу кезінде оның намысын қорлауға, кемітуге, дауыңызды көтеруге жол бермеуге тырысыңыз. |
| 5. Балаңыздың дұрыс тамақтануына, әсіресе есте сақтау қабілетін арттыратын жеміс-жидектерге, дәрумендерге көп көңіл бөліңіз және қамтамасыз етіңіз. | Ата-аналарыңа, әже-аталарыңа, ағаларың мен апайларыңа және басқа жақын туыстарыңа барып, амандығын білуге тырысыңыз. | 6. Оқушыны түсінетінін сездіруге тырысыңыз. 7. Жазалау үшін білім бағасын төмендетпеңіз. |

| | | |
|---|---|--|
| 6. Балаға шамадан тыс ауыртпалық жүктеп, шаршатпаңыз. Дұрыс дем алуын қадағалаңыз. | Өйткені, олар да сізден махаббат, қамқорлық, мейірімді жылы сөзді күтіп отыр. | 8. Оқушымен болған оқиғаны құпия сақтаңыз. Оқушының сыртынан сөз айтсаңыз сенімнен айырылып, оны өзіңізден алыстатып аласыз. |
| 7. Ешқашан балаңызды сынап - мінемеңіз. Ақылмен ұғындырыңыз. Сабырлы болуға баулыңыз. | | 9. Балаға жүрек жылуын аямаңыз. Үнемі есімімен атаңыз. |

ҰБТ – оқушының да, ата-ананың да, мұғалімнің де көп жылғы еңбегінің жемісі. Ендеше мұғалімдер қауымы үшін ҰБТ-ға дайындау үрдісін жаңашыл идеялар жүйесіне айналдыру қажеттігі туындап отыр. Сол жаңашыл идеялардың бірі – ҰБТ-ға дайындаудың психологиялық аспектілерін зерттеп, оны тиімді пайдалану. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептер тұжырымдамасында жеке тұлғаны дамытуда нақты әлеуметтік жағдайда дамитын әрбір оқушының ерекшеліктері барынша ескерілуі қажеттігі атап көрсетілген.






«Бес саусақ бірдей емес» дегендей, барлық бала бірдей емес. Әркімнің өзіндік ерекшелігі, қабілеті бар. Ендеше, осы кестеде көрсетілген оқушының барлық ерекшеліктері дайындық жұмыстарында ескерілуі тиіс. Әсіресе, қазақ тілі пәнінен ҰБТ-ға дайындау үшін қандай психологиялық аспектілерді назарға алу қажеттігіне тоқталайық. Олардың ең маңыздысы:

1. Ақыл-ойының даму деңгейі.
2. Оқушы қабілеті.
3. Ес.
4. Темперамент.
5. Қызығушылығы.
6. Ерік күші.

Бұлардың ішінен темперамент типтеріне тоқталар болсақ, әр типтің өзіндік ерекшеліктеріне сай жұмыстанған тиімді.



Бүгінде қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – мемлекеттік тіл болып табылатын ана тілімізді жан-жақты терең меңгерту. Ал бұл міндеттің орындалуына ҰБТ сынағына оқушыларды жан-жақты дайындау үлкен рөл атқаратындығы айқын. Оқушыларды ҰБТ-ға дайындауда төмендегідей жұмыстарды атқарудамын:

- ҰБТ-ға дайындыққа арналған арнайы жоспар құрастырдым;
- Өткен тақырыптардан теориялық білімдерін толықтырамын;
- Тест жұмысын орындағаннан кейін коррекциялық жұмыстар жүргіземін;
- Тақырыптық тест құрастырамын;
- Тест, талдаумен ғана шектеліп қалмай, тапсырмалар жүйесін түрлендіріп беруге тырысамын;
- Әр тараудан кейін сынақ қабылдаймын.

Ана тілінен оқушыларды дайындау үшін қажетті тапсырма түрлерін ала білу өте маңызды. Тапсырма түрлері мынадай: тренингтер, сызбамен жұмыс, глоссарий, тест түрлері \толықтыру тесті, баламалы тест, т.б.\ Тапсырмаларды түрлендіріп қолданудағы мақсат – оқушылардың пәнге деген

қызығушылығын арттырып, жоғары деңгейде білім алуына көмектесу. Сондықтан оқушылар теориялық білімдерін үнемі практикалық тұрғыда пайдаланып отырады. Мысал келтірсек:

Тренинг №1

Етістіктің шақтарын жасалу жолымен сәйкестендір.

| Шақтардың түрлері | Жасалу жолдары |
|---|---|
| 1. Ауыпалы осы шақ; 2. Мақсағы келер шақ; 3. Бұрынғы өткен шақ; 4. Жедел өткен шақ; 5. Ауыспалы өткен шақ; 6. Болжалды келер шақ; 7. Ауыспалы келер шақ; 8. Нақ осы шақ; | а/ ет. +/ -мақ, -меқ, -бақ, -бек, /+/-шы, -ші/жіктік жалғауы; б/ ет. +/ -а, е, -й/+жіктік жалғауы; в/ ет. +/ -ағын, -етін, -йтын, -йтін/+жіктік жалғауы; с/ ет. +/ -ар, -ер, -р/+жіктік жалғауы; д/ ет. +/ -ды, -ді, -ты, -ті/+жіктік жалғауы; е/ отыр, тұр, жатыр, жүр/+жіктік жалғауы; ж/ ет. +/ -ған, -ген, -қан, -кен, -ып, -іп, -п/+жіктік жалғауы; з/ ет. +/ -а, -е, -й/+ жіктік жалғауы. Күнде сабаққа барамын; и/ ет. +/ -ғалы, -гелі, -калы, -келі/+жіктік жалғауы. |

Сызбамен жұмыс №1

Шылау түрлерін еске түсіру

| Септеулік шылау | | | | | |
|-----------------|------------|-------------|-------------|----------|----------|
| Атау | | Барыс | | Көмектес | |
| Демеулік шылау | | | | | |
| Сұраулық | Күшейткіш | Белгісіздік | Болымсыздық | Шектік | Нақтылау |
| Жалғаулық шылау | | | | | |
| Ынғайластық | Қарсылықты | Себепсалдар | Талғаулықты | Кезектес | Шартты |

Сондай-ақ, қайталау ретінде әр жылдардағы тест кітапшалармен жұмыс жасағанда, талдау бланкісін пайдаланамын.

Өздері толтырып, қандай тақырыптарда, тіл білімінің қай саласын меңгеруде жіберген олқылықтарды көре отырып, түзетуге тырысады. Сол тақырып бойынша қайталап, қосымша жұмыстанамыз. Жалпы оқушы нені біледі, нені білмейді, қай сұраққа жауабы күмәнді, осының барлығын белгілеп отыру керек. Бұл өте тиімді. Бұдан оқушының неден көмек сұрайтындығын дереу ажыратып отыруға болады. Мүмкін сол тақырыпты өткен күні оқушы мектепке келмей қалған шығар, бәлкім басқа себептер болар. Бірақ, сол кесте бойынша тақырыпты жинақтап, оқушыға үйрету – өте тиімді тәсілдердің бірі. Тест жұмысы нәтижесінде ай сайын оқушы білімі сарапталып, мониторинг жасалынады. Оқушылардың әрбір жазған тест жұмыстарынан кейін талдау жасалып, білім сапасы, үлгерім сапасы, орта ұпайы есепке алынады. Бұл оқушылардың алға қарай жылжуына негізгі жол болмақ.

«Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деген үмітпен жобалап белгілей салатын оқушылар да жоқ емес. Тіпті кейбір оқушылар ойланбастан жарты сағат ішінде белгілей салып, ертерек сыртқа шығуға асығады. Міне, осындай оқушылармен тиянақты, жүйелі түрде жұмыс жасау – мұғалімнің міндеті. Тестке жүйелі дайындалған оқушы жақсы нәтиже берері сөзсіз. Бұған күнделікті жұмыс барысында көз жеткізіп жүрмін. Жылдар бойы өткен еңбегіңнің жемісін бір-ақ күнде көруге болады.

Сөзімнің соңын Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл қисыны» еңбегінің түйіні арқылы аяқтағым келіп отыр. Егер сарайдың зәулім болып соғылуы оның кірпішіне, топырағына байланысты болса, біздің еңбегіміз сол өзіміз тәрбиелеген шәкірттеріміз арқылы көрінбек.

Ендеше біздің әрбір ізденісіміз, қимылымыз тек бала үшін, баланың білімі үшін, болашақ үшін арналса ғана шәкірттеріміз сол білімді үлкен дәрежеде көрсете алары күмәнсіз.

**Маргарита МАРАТҚЫЗЫ,
Құмсай орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**
Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы.

«ТІЛ ТАҒЫЛЫМЫ» АРНАУЛЫ КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ

(6-сынып)

«Жер астында жатқанды қазбай-ақ қарап тіл табар» дейді қазақ даналығы. Адам баласының тілге, сөз қадіріне соншалықты мән беруі тегін емес. Өйткені, саналы тіршілігіміздің бірінші белгісі тіл.

Ойымыз тіл арқылы, сөз арқылы жетеді, сондықтан да ауызекі сөздің кәдесіне қалған тіл өлі болмақ. Қазақ халқы сөздің құдіретін, сөйлеу мәдениетін жоғары қойған. Адам баласы бір-бірімен тілдескенде мына қабілеттерді игере білуі тиіс: басқаны тыңдай білу, байқампаздық, тіл мәдениетін сақтау, сөйлесіп тұрған адамыңа сеніммен қарау, сыпайылық сақтау. Сөйлеушіні тыңдай білу де, түсіне білу де – үлкен өнер.

Тіліміздегі мыңдаған сөздерден ойға лайықты сөзді таңдап, оны басқа сөздерге тіркестіріп дұрыс сөйлем құрау – оңай іс емес. Оған ұқыптылық, сауаттылық қажет және үнемі жаттығу керек. Түрлі ғылым салаларына байланысты әдебиеттерді, көркем әдебиет пен баспасөз материалын көп оқыған кісінің сөздік қоры бай, ойын дәл жеткізуге икемді болады. Тартымды сөйлеуге, жазуға жаттығу үшін

газет-журналдарды, әсіресе көркем әдебиетті көп оқу қажет. Көркем әдебиеттердің басқа әдебиеттерден айырмашылығы-оның көркем стилінде. Көркем әдебиеттердің басқа әдебиет тілінен ерекшелігі – жансызға жан бітіріп айтады. Суреттеліп отырған нәрсені не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін көрікті, сұлу сөздерді қосып айтады.

Көркем сөз шеберлерінің көпшілігі тілдік элементтерді авторлық баяндауларында қолданады. Әсіресе персонаж тілінде орынды қолданылған ондай тілдік элементтер көркем туындының нәрін келтіріп, оған образдық мән беріп тұрады. Лексика-грамматикалық тұрғыдан тіркеспейтін сөздер бір-бірімен байланысқа түсіп, белгілі бір мәтіндік тұтастық құрайды. Соның негізінде соны ой, көркем сурет туады. Көркем шығармада олардың өз ерекшелігі бар. Олар мәтіндегі элементтердің жеке тұрғыдағы сипатынан ғана емес, түгел мәтіннен көрініс береді.

Мақсаты:

- Оқушының сөздік қорын молайту, тілін дамыту.
- Тілдің қызметі туралы мағлұмат беру.
- Сөздің мағынасын саналы түсініп, сөз өнерінің қыр-сырына тәнті болып, тілдің адам өміріндегі мәнін ұғындыру.
- Сауатты жазуға, мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Қазақ тілінің шығу тарихымен таныстыру.
- Танымдық қызығушылығын ояту.
- Тіл туралы қосымша мәліметтер бере отырып, ана тілін ардақтай білуге тәрбиелеу.
- Өркениетті елдің өскелең ұрпағына лайық терең білім, тәлімдік тәрбие беру.

Күтілетін нәтиже:

- Тіл – адам өміріндегі негізгі құрал.
- Әдеби шығармаларды көп қолдану.
- Шешендік сөздердің түп-төркіні.

- «Сөз талас». Айтысқа қатысу.

Әдемі, көркем сөйлеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 2.2006.

2. Қазақ тілі /оқулық – тест. «Шың» баспасы/

3. Қазақ тілі. Т.М.Артымов.

| № | Сабақтың тақырыбы | Мақсаты | Мазмұны | Қолданылатын әдіс-тәсілдер | Сағат саны |
|---|---------------------------------------|---|---|--|------------|
| 1 | Тәрбие басы – тіл. | Тілді құрметтеп бағалай білу. | Тіл – адам өміріндегі негізгі құрал. | Баяндамалар және қосымша материалдар. | 1 |
| 2 | Қазақтың әдеби тілі. | Халқымыздың әдеби тілімен танысу. | Қазақ әдеби тілінің кең мағынасын оқушыға түсіндіру. | Әдеби шығармалардан үзінді. | 1 |
| 3 | Қазақ тілі – ұлттық мәдени асыл мұра. | Қоғамда өз ана тілі - қазақ тілін биік мәртебеде таныта білу. | Қазақ тілінің бай мәдени мұраларымен оқушыны тәнті ету. | Ұлы жазушыларымыздың шығармаларынан шолу жасату. | 1 |
| 4 | Тіл – рухани казына. | Тіл руханилығын ашу. | Асыл мұратымыз-тіл руханилығын меңгеру. | Тарихи деректерден мағлұматтар жасақтау. | 1 |
| 5 | Сөз қолданудың негізгі ұстанымдары. | Сөйлеу этикетін дамыту. | | Кәртiшке-лермен және диалог тақырыптармен жұмыс жасау. | 1 |
| 6 | Әдеби тілдің грамматикалық нормалары. | Әдеби тілдің грамматикасын сақтау | Әдеби грамматикалық нормалармен толық таныс болу. | Әдеби-грамматикалық нормалармен жұмыс. | 1 |

| | | | | | |
|----|--|---|---|--|---|
| 7 | Дұрыс сөйлеу, дұрыс жаза білудің шарттары. | Сауаттылыққа үйрету. | Мақалдап сөйлеу және орфографиялық норманы ұстану. | Кеспе қағаздармен жұмыс. | 1 |
| 8 | Сөйлеу мәдениеті. | Қоғам алдында сөйлеу мәнері. | Қарым-қатынас тіл мен қоғам алдында сөйлеу мәнерін молайту. | Газет-журналдардан алынған мағлұматтармен жұмыс. | 1 |
| 9 | Тіл мәдениеті. | Сыпайы және кішіпейілділікке жаттықтыру. | Қарым-қатынас тілі, сөйлеу мәдениетін ұстану. | Шығармалардан үзінді. | 1 |
| 10 | Жазу мәдениеті. | Сауаттылыққа үйрету. | Қоғам алдында немесе іс-қағаздар толтырудағы жазу сауаттылығын арттыру. | Диктант түрінде немесе диктофоннан айтылған сөздерді парақ бетіне түсіріп жаттығу. | 1 |
| 11 | Тіл ұстарту. | Әдеби шығармаларды көп қолдану. | Әдеби шығармалардың мазмұнын білу. | Шығармалар | 2 |
| 12 | Сөз. Сөз құрамы. | Сөздік құрамды қолдану. | Одағай мен атауыш, көмекші сөздермен жұмыс жасау. | Сызба нұсқалар. | 1 |
| 13 | Синоним сөздерін орынды пайдалана білу. | Синоним сөздердің ара жігін ажырата білу. | Синоним сөздермен жұмыс жүргізу. | Синоним сөздерге қатысты кәртiшке-лермен жұмыс. | 1 |

| | | | | | |
|----|---|--|---|---|---|
| 14 | Тұрақты сөз тіркестерін пайдалана білу. | Сөз тіркестерімен тұрақты сөз тіркестерін көбірек қолдану | Тұрақты сөз тіркестерімен көбірек жұмыс жасап, ажырату. | Мысал келтіру | 1 |
| 15 | Мақал-сөздің мәйегі | Күнделікті өмірде мақалдап сөйлеуге дағдыландыру | Көркем сөздің бірі –мақал жайында толық мағлұматтар. | Мақал-мәтелдер | 1 |
| 16 | Шешендік сөздер туралы ұғым | Шешендік сөздердің түп-төркінімен танысу. | Шешендік сөздердің мазмұнын жетік білу. | Шешендік сөздер | 1 |
| 17 | Ұлттық шешендік өнер | Ұлттық шешендік өнерден хабарлар болу. | Қазақ елі шешендік өнерге қаншалықты бай екендігіне көз жеткізу. | Шешендік сөздер | 1 |
| 18 | Тіл-қатынас құралы | Тілді қатынас құралы ретінде қолдана білу. | Тіл – адам өміріндегі қатынас құралы. | Диалогтар немесе пікірлерді оқыту. | 1 |
| 19 | Қисынды сөйлеуге жаттықтыру. | Оқушының тіл байлығын арттыру. | Сөз тапқырлығын және шеберлігін молайту. | Жаңылт-паштар мен пікірлерді оқыту | 1 |
| 20 | Қанатты сөздер | Шешендердің ұлы жазушыларымыздың қанатты сөздерін пайдалану. | Қанатты сөздерді күнделікті өмірде қолдануларына ықпал ету. | Ұлы Абай мен Шәкәрімнің өлеңдерінен қанатты сөздерді өз сөздігіне енгізу. | 1 |
| 21 | «Туған тіл – тұғырым» тақырыбына шығарма. | Сауаттылығы мен тіл байлығын арттыру. | Туған тілі туралы жинаған мағлұматтарымен танысып, сөздік қорын байқау. | Шығарма жазғызу. | 1 |

| | | | | | |
|----|---|---|---|---|---|
| 22 | Ойталқы, ойкөкпар, сөзталас, айтыс. | Оқушыны айтысқа дайындау. | Тіл байлығын аша білу. | Оқушыларды бір-бірімен айтыстыру. | 2 |
| 23 | Тура және ауыспалы, көп мағыналы сөздерді қолдана білу. | Тура және ауыспалы, көп мағыналы сөздерді ара-жігін ажырата қолдануға үйрету. | Көп мағыналы сөз бен ауыспалы сөздің жасалу жолы ұқсас болғандықтан ажыратуға үйрету, сауаттылығын арттыру. | Тура және ауыспалы, көп мағыналы сөздерге қатысты мысалдар келтіріп жаттықтыру. | 1 |
| 24 | Сөз бен тілге байланысты мақал-мәтелдер. | Мақалдап сөйлеуге үйрету | Сөз бен тіл мақалдарын жатқа білуге дағдыландыру. | Тіл мен сөзге қатысты мақал-мәтелдер жаттатқызу. | 1 |
| 25 | Тіл ұстарту | Әдеби шығармаларды көп қолдану | Әдеби шығармалардың мазмұнын білу. | Шығармалар | 2 |
| 26 | Көңілден шыққан көрікті сөз. | Әдемі, көркем сөйлеуге үйрену. | Көркем сөйлеудің мәні. | Шығармалар | 1 |
| 27 | Тілдің өмір салаларындағы қазіргі көрінісі. | Тілдің қазіргі көрінісі | Қазіргі тілді салыстыра білу. | Газеттерден материалдар жинау. | 1 |
| 28 | Сөздер өмірінен. | Сөздерді қолдана білудің шарты. | Сөздердің мағыналарын ажырата білуге тәрбиелеу. | Ойдан мысалдар немесе бір материалдардан үзінді айту. | 1 |
| 29 | Тіл ұстарту. | Әдеби шығармаларды көп қолдану. | Әдеби шығармалардың мазмұнын білу. | Шығармалар | 2 |
| 30 | Қайталау. | Өткен сабақтар бойынша қаншалықты дәріс алғанын тексеру. | Тілді жалпы қолдану және дұрыс жазуға үйрету. | Жыл бойы өткен тақырыптарға шолу жасау. | 2 |

Зәуреш ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ,
Көктөбе орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Павлодар облысы,
Май ауданы,
Көктөбе ауылы.

ӘДЕБИ ШЫҒАРМА, КӨРКЕМ МӘТІНДІ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ТАЛДАЙ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Мектепте әдебиетті оқытудың мән-маңызы көркем туындыны оқыту, талдау, оқырмандық пікір қалыптастырумен ашылмақ. Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды. Оқу – баланың өз еңбегімен жүзеге асса, талдау – мұғалім, оның ұйымдастыруы, жобалауы, тиімді жағын ойластыруы арқылы жүзеге асады. Көркем мәтінді оқушы қалай оқып, қабылдайды, қандай ой туады, өз көзқарасын қалай жеткізеді – бұл оқушы мен мұғалімнің бірлескен еңбегінің жемісі болмақ.

Қазіргі әдістемеді талдау жасаудың 4 түрі /образ бойынша, тақырыптық, проблемалық, тұтас немесе автор ізімен/ ұсынылып жүр. Қандай талдау түрі болса да, не мақсат көзделеді? Бұл сұраққа әдіскер Қ.Бітібаеваның сөзін негізге ала жауап берсек:

1. Оқушының туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын тану;
2. Эстетикалық талғамын қалыптастыруға сеп болу;
3. Таным қабілеті, ойлау белсенділігі мен дербестігін ұштау;

4. Ең бастысы – көркем туынды бойынша талдау жасау, пікір айту жолдарын менгерту /тақырыбы, авторлық идея, образдар жүйесі, сюжеттік-композициялық ерекшелігі, көркемдік-эстетикалық жағын, т.б. кешенді түрде қарастыру/.

Көркем туындыны оқытып, сауатты талдауға қол жеткізу үшін автордың мақсат-мұратын, ойын білдіретін әрбір деталь, көркемдік тәсілді дәл танып, жазушы шеберлігін оқушыға дұрыс таныта білу керек.

Оқушының танымдық-шығармашылық қабілетін, ойлау белсенділігін дамытатын, өз жоба-жорамалын ұсыну, салыстыру негізінде дұрыс шешім табуға жетелейтін әдістің бірі – проблемалық талдау.

Ол көркем туынды негізіндегі проблеманы дәл танып, ізденіске, әдеби айтыс-тартысқа жетелейтін сұрақтар әзірлеуді қажет етеді. Сұрақ авторлық идея, проблема, кейіпкер іс-әрекеті, т.б. негізінде туындайды.

Осы негізде талдаудың мынадай жобасын, үлгілерін ұсынамын:

II. Көркем туынды негізіндегі автор ойы, идеясына талдау жасау.

10-сыныпта М.Дулатовтың азаматтық лирикасын оқытуда мәселеге дәстүр және жаңашылдық тұрғысынан қарау, отаршылдық езгіге қарсы күрескерлік үні, әсіресе жер мәселесін XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясы, XIX ғасырдағы «зар заман ақындары», Махамбеттің күрескер поэзиясынан бастап талдау тиімдірек. Дәстүрлі тақырып, оған Міржақыптың жаңаша көзқарасы, жаңаша жырлауы туралы сөз қозғау оқушының өткен материалға қайта үңілуіне, негізгі саналы игеруіне мүмкіндік туғызады.

II. Кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру арқылы автордың образ жасау шеберлігін ашу.

8-сыныпта М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанын оқытуда мына сұрақтар негізінде ізденіп, әрі кейіпкерге мінездеме беруге, автор шеберлігіне мән беруге болады:

1. Баян батыр ел намысын ойлаушы күрескер ме, әлде ашу-ызаның құрбаны, қылмыскер ме?

2. Баянның іс-әрекеті /інісін өлтіруі/ саналы, мақсатты әрекет пе, әлде қызғаныштан туған әрекет пе?

3. Ноян ел намысын аяққа басушы сатқын ба, әлде албырт сезім, махабаттың құрбаны ма?

4. Қалмақ қызы неге «сұм сұлу» деп аталған? Автордың ол туралы көзқарасы қандай?

М.Әуезовтың әңгімелерін /«Қорғансыздың күні», «Жетім», т.б./ оқытуда:


1. Жазушының қорғансызы кімдер? Олар неден қорғалуы керек?

2. Қорғансыздар тағдыры қандай ой тастайды?

3. Автор қорғансыздарына қандай көзқараспен қарайды?

III. Шығарманың көркемдік өрнегіне, автор стиліне талдау.

Бұл үндес, ұқсас мәтіндерді салыстыру арқылы жүзеге асады. 11-сыныпта С.Сейфуллиннің «Көкшетауы» мен М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастандарының тілін талдау үшін екі ақын шығармасындағы сұлу Көкше келбетін салыстырып, стильдік ерекшелігін ашуға болады. Төменде оқушының жұмысы көрсетілген:



Тағы бір оқушы І.Жансүгіровтің «Құлагер» дастанындағы суреттермен салыстырып, өзіндік қорытынды ұсынады: «Ақындар кейіптеу арқылы Көкшенің сұлу табиғатын жандандыра суреттеген, Көкшетау – кербез, кең далада бойын күткен /Лиясша/ бір ару. Менің ойымша, Мағжанның көкше аруы мұңдылау, қалың ой құшағында, ақын сол арқылы алдағы трагедиядан сыр берген».

IV. Тақырыптас шығармаларды салыстыра талдау.

Бұл жұмысты 10-сыныпта ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі әйелдер теңсіздігі мәселесі бойынша М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы, М.Сералиннің «Гүлһашима» дастаны, С.Көбеевтің «Қалың мал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдарын өткенде жүргізуге болады, яғни, «Бір мәселе, бір тақырып: бірнеше шешім, үйлесім мен қайшылық» сұрағы төңірегінде мәселе қозғау. Сонда оқушы көркем шығарма табиғатын, оның өзегіндегі автор идеясын, онымен байланыста кейіпкер тағдырының әр түрлі шешілуін түсінеді.

Ұқсастығы:

1. Тақырыбы – қазақ әйелінің теңсіздігі.

2. Автор реализмі, жастарды бостандыққа, теңдікке шақыру.

3. Бас кейіпкерлер оқыған, ескіше көзі ашық, бостандықты аңсап, баянды махаббатқа, теңдікке қол созады.

4. Осы жолда оларды қолдаушылар бар /не шешесі, не достары/.

Осылайша айырмашылығы да талданады.

V. Тарихи және көркем шындықты негізге ала талдау.

Мұнда мұғалім жазушы кейіпкер бейнесін жасауда өмір шындығын қалай пайдаланғанын назарда ұстауы керек. Ш.Құдайбердіұлы мен М.Абайұлының «Еңлік-Кебек» дастандарын, кейін М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек»

пьесасын оқытуда мұғалім үш туындының арқауы – махаббат трагедиясына, үш суретке де замана сипаты, ел ішіндегі әлеуметтік жағдайға сәйкес қарағанына мән береді. Оқушыны мына сұрақтар төңірегінде іздендіруге болады:

1. Трагедиялық оқиғаның тууына қандай қоғамдық, әлеуметтік жағдайлар себеп болды?

2. Неге Шәкәрім «Ақтабан шұбырынды» оқиғасын өз сөзіне астар етіп алған?

3. Ғашықтар трагедиясына кім, не кінәлі? Бұған өзің қалай қарайсың?

Осыған орай оқушы ой-толғанысының үзгісі:

«Шәкәрім ғашықтар қазасын бір ру, топ, жеке адамның мойнына қоймайды. Қатыгездік көптің тарапынан жасалған, сондықтан кінә жеке адамда емес, тұтас қоғамда. Кеңгірбай би де жастарға ара түсе алмай, заман мен жағдайға бас иген».

«Ақтабан шұбырындыны сөзіне астар етудегі мақсаты – трагедияға себеп болған қоғамдық, әлеуметтік жағдайларды анықтау, оқиғаның өмірлік мәнін көрсету. Шынында, қараңғылық пен ескі салт-сана дәуірлеп тұрған заманда ғашықтар тағдырының қайғылы аяқталуы қисынды деп ойлаймын», т.б.

Осылайша оқыту-талдаудың ұтымды жағы мынада:

1. Ақиқатқа жету, мәселені шешу үшін ізденеді, зерттейді.

2. Оқығанды ой жүгіртіп, зерделеп қабылдауына негіз болады.

3. Оқушы мәтінге жүгініп, өз ойы, болжамын, көзқарасын айтуға машықтанады.

4. Оқытудың жалғаспалық, жүйелілік ұстанымына тоғыса келіп, оқушыға терең білім беру жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.Қ.Ақшолоқов. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. А., 1994.

2. К.К.Ахметов. Әдебиеттану әліппесі. А., 2000.

3. Б.Әбдіғазиев. Шәкәрім Құдайбердиев, творчестволық өмірбаяны /методикалық нұсқау/ А., 1989.

4. Қ.Бітібаева. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., 1997.

5. Ж.Дәулетбекова. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. А., 1997.

6. М.Х.Хамзин. Қазақ романдарын қазіргі кезеңде оқыту мәселелері /оқу-әдістемелік құралы/ Жезқазған, 1993.



Гаухар ТҰРАЛИЕВА,
Қарабау орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы.

МЕНИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫМ

Біздің елімізде әрқашан білімге құрмет көрсетілген. Білетін адам білімді өмір бойы іздейді. Білім ғана адамды адам етеді, жетілдіреді және сақтайды. Адамның тірнектеп жинаған білімі – оның ешкім тартып ала алмайтын азығы. Қоғамды өзгертуші де, оны жасайтын да адам болып табылады. Тарихты жасайтын және қандай қоғамның да бет-бейнесін өзгертетін, бағытын жаңғыртатын да адам болып есептелінеді.

Қазіргі заман талабы – ғылым мен техниканың деңгейін әрбір оқушыға саналы да терең біліммен жеткізу. Адам өміріндегі мұғалім еңбегі өлшеусіз, адам тағдырында оның тәрбиесі мен тәлімінің алар орны ерекше. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі – біріншіден, ғылым негіздерінен білім беруші, екіншіден, білсем, үйренсем деген шәкірт арманы мен оның сырлы тағдырына бағыт беруші, үшіншіден, жаңалық жаршысы, ел болашағының мүсіншісі. Мұғалім еңбегі – қиын да аса жауапты іс болып саналады. Мұғалімнің де, мектептің де міндеті – әр оқушыға терең білім беру. Сонымен қатар оқушының ойлау қабілетін арттыру болып есептеледі. Біліктілікті арттыру жүйесінде соңғы уақыттарда өзіміздің отандық педагогикалық технологиялармен қатар шет елдік, олардың ішінде әлемдік озық идеялар негізінде жасалған жобаларды қолдану жақсы нәтижелер беріп келеді.

«Білім берудегі Кембридж тәсілдерінің теориялық бағдарламасы» жақсы нәтижелер көрсетуде. Мұнда оқушы – өзі ізденеді, бір-біріне үйретеді, ал мұғалім – бағыт береді, нұсқаушы болып табылады. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан ерекшелігі: жеті модуль бойынша іске асатындығы. Ақпараттанған заман талабына сай білімді, сыни тұрғыдан ойлай алатын, өз алдына мақсат, міндет қойып, өз жұмысын жоспарлай білетін өскелең ұрпақ өсіруде аталған бағдарламаның пайдасы зор.

Сыни ойлау – менің ойымша адам өмірінің бір саласы деп білемін. Олай болатын себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін ненің маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектесе алады. Аталған бағдарламаның дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі.

Бұл бағдарламаның мақсаты – демократиялық қоғамда өзінің көзқарасы, пайымдауы бар, өз-өзін үнемі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Жалпы бағдарламадан күтілетін нәтижелер оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін өз деңгейінде меңгерумен қатар, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды. Республикамыздың әр өңірінің ұстаздары үлкен жауапкершілікпен, бар ынта-жігерімен осы бағдарламаны оқып-үйренуге тырысып бағуда. Білім беру саласында болып жатқан бұл жаңалық әр ұстаздың өмірінде үлкен өзгеріс енгізері сөзсіз. Аталмыш курстың бұрынғы өткізіліп келген курстардан айырмашылығы – мұнда әдеттегідей лекция жазып шаршатпайды, алған теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға тырысады. Әр күндегі сабағымыз біреуі біреуіне ұқсамай, қызықты өтіп, сабаққа деген қызығушылығымыз күннен-күнге арта түсті деп айта аламын.

Менің білім берудегі алға қойған мақсатым – әр күнгі сабағымның құрылымын шебер құрып, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, өз мақсатымды айқындап, нәтижесінде шәкірттеріме терең білім беріп, шәкірт жүрегінен жол тауып, еңбегімнің жемісін көру болып табылады.

«Әрбір бала – жарық жұлдыз,

Жарқырауына жәрдем ет!» деп ақын Ж.Баласағұн айтқандай, шәкірттерімізге сапалы да табысты білім ұсынайық. Әр мұғалім ел болашағы саналатын жас ұрпақтың алдында қызармас үшін осы Бағдарламаның жеті модулінің идеяларымен танысып, оқыту үрдісінде қолданса Қазақстанның көк туы көкте мәңгі желбірей түсеріне сенемін.

Дина БАТАЕВА,
 №149 «Қызылту» орта мектебінің
 қазақ тілі мен әдебиеті
 пәнінің мұғалімі.
 Қызылорда облысы,
 Шиелі ауданы.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАҒАЛАУ ТҮРЛЕРІ

| | |
|--|--|
| Жалпы мақсаты: | «Оқыту үшін бағалау және оқу үшін бағалау» модулі жайында түсіндіре отырып, нәтижеге қол жеткізуде топпен ынтымақтастықта жұмыс жасау. Мектеп мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығының қарқынды жұмыс істеуіне, топтық жұмысты енгізуіне, оқыту тәжірибесін жетілдіру мәселелері бойынша жұмыс жүргізілуіне ықпал ету. |
| Күтілетін нәтиже: | - Мұғалімдердің формативті бағалауды қолдануы нәтижесінде оқушылар оқу үдерісіне тартылады. - Мұғалімдер оқыту мен оқу үдерісінде формативті бағалау тәсілін тиімді қолдануды біледі. - Мұғалімдер формативті бағалаудың рөлін түсінеді, өзін-өзі және өзара бағалауды, кері байланыс жасауды тиімді қолданады. |
| Табыс өлшемдері: Сіз қалай анықтадыңыз? | Бірлескен оқу. Топпен жұмыс. Топтық бағалау. Топтық жұмысты қорғау. Мұғалім сабақ үдерісінде формативті бағалау тәсілін пайдалана отырып оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыра, оқушылар сабаққа ынталанады, сыныпта ынтымақтастық жағдай қалыптасады. Мұғалімдер сабақ үдерісінде формативті бағалау тәсілін пайдалана отырып, өзін-өзі, бірін-бірі бағалайды, кері байланыс жасауды үйренеді. |
| Әдіс-тәсілі: | Топтық жұмыс, жеке жұмыс, кері байланыс, постер қорғау, рефлексия. |

| | | | |
|--|---|----------------------------------|-------------------|
| Негізгі идеялар: | «Бағалау» термині «жакын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бағалауы болып табылады. Оқыту үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Берілген анықтаманың маңызды элементтерінің бірі – оқушылардың деректерді қолдануына баса назар аудару болып табылады. Бұл жерде мұғалімдер – жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аудартылады. Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартылуы қажет, мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, бұл үдеріске оқушылар да белсенді қатысуы керек. Талпынғандар ғана білім ала алады. Білім алушылар өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі қажет, сондықтан оқушылар өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс істеуі қажет. Бұл олардан түсінушілікті, қызығушылықты және ықыласпен әрекет етуді қажет етеді. Аталған тұжырым оқыту мен оқу тәжірибесі үшін өте маңызды да, өзекті. | | |
| Ресурстар: | Коучинг жоспары, АКТ, бейнероликтер, стикер, флипчарт, МАН, маркер, таныстырылым. | | |
| Жалпы мақсат бойынша табысқа жету нәтижелері (бағалау жоспары, түсініктеме): | Әріптестер тобымен «Оқыту үшін бағалау және оқу үшін бағалау» модулі жайында білді. Мұғалімдер оқу үдерісінде формативті бағалау тәсілін тиімді қолдануды білді. Мұғалімдер формативті бағалаудың рөлін түсінді, оқушылардың өзін-өзі және өзара бағалауды, кері байланыс жасауды тиімді қолдану дағдысын дамыта алады. | | |
| Сабақтың барысы | | | |
| Сабақтың кезеңдері: | Коучингтің іс-әрекеті: | Мұғалімдердің іс-әрекеті: | Ресурстар: |

| | | | |
|------------------------------------|---|---|--|
| Ұйымдас- тыру кезеңі. | Сергіту сәтін ұйымдастыру | Мұғалімдер сергіту сәтінде көрсетілген тапсырманы орындайды, қайталайды. | Бейне-ролик |
| | Мұғалімдерді топтарға бөлу. «гуманитарлық» және «жаратылыстану» деп топтастыра отырып, топқа бөлініп отырады. | Мұғалімдер қағазға жазылған пән аттары бойынша «гуманитарлық» және «жаратылыстану» топтарына бөлініп отырады. | Қағазға жазылған пән аттары |
| Ой қозғау. /жеке жұмыс/ | Мұғалімдерге жеке ақ қағаз таратып беру. Көктемнің көрінісін бейнелейтін сурет салу. Салған суреттерін бағалау. | Мұғалімдерді жеке жұмыс, топтық жұмыстар арқылы әрекетке жетелеу, тапсырмалар беру, постер қорғау. «Бағалау» термині жайында, бағалаудың түрлері, оқыту үшін бағалау және оқу үшін бағалау мен олардың арасындағы айырмашылықты ашып түсіндіру. | Ақ қағаз, түрлі түсті маркерлер, стикерлер, қайшы. Таныстырылым. |

| | | | |
|------------------------------|---|---|-------------------------------|
| Топтық жұмыс | Баға, бағалау дегеніміз не? Бағалаудың қызметі. Бағалаудың қандай түрлері бар? Бағалаудың тиімді, тиімсіз жақтары қандай? сұрақтары бойынша флипчартқа топтың жұмысын түсіру. | Берілген сұрақтар бойынша топтар флипчартқа жобаларын түсіреді. | Флипчарт, маркер |
| Топтық жұмысты қорғау | Топтар аталған сұрақтар бойынша постер қорғайды. | Мұғалімдер топтық жұмысты қорғайды. | Постер |
| Топтық бағалау | Топтар бірін-бірі «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалайды. | Топтар өзара «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалайды. | «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі |
| Кері байланыс | Сіз бүгінгі коучинг-сессиядан не алдыңыз? | Мұғалімдер «Не үйрендім?», «Не қиын болды?», «Қалай қолданамын?» сұрақтары бойынша кері байланыс ұсынады. | Кері байланыс парақтары |

Раушан РАЙЫМБЕКОВА,
Сағат орта мектебінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Үржар ауданы.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

Мақсаты: Абайдың табиғат лирикасындағы табиғаттың сұлу да бай көрінісін барынша терең түсіндіріп, білімдерін тереңдету. **Міндеттері: білімділік** – ақынның табиғатқа арналған өлеңдерін жатқа айтқызу, талдау. Абай поэзиясын түсінуге, әдемілікке, мейірімділікке, түйсінуге, туған табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың байқампаздығын, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін дамыту, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу; **тәрбиелік** – табиғат пен адам, жалпы тіршілік атаулының тұтастығын түсіндіре отырып, оқушыларға эстетикалық, экологиялық тәрбие беру. Отанды, туған жерді сүюге, табиғатты қорғауға, қолдауға баулу.

Түрі: салыстырмалы сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, жинақтау. **Көрнекілігі:** Абай туралы фотоальбом, ұнтаспа, табиғат туралы буклеттер, нақыл сөздер. «Топтастыру стратегиясы». **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, орыс тілі, тарих, бейнелеу өнері, саз өнері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Ұй жұмысын сұрау.

1. Жылдың төрт мезгіліне арналған Абайдың қандай өлеңдерін білесіңдер?

2. Оқушылар табиғат туралы өлеңдерді еске түсіріп, жатқа оқиды.

3. Табиғатқа арналған қандай әндерін білесіңдер? («Желсіз түні жарық ай», «Тау ішінде түн қалғып»).

III. Жаңа сабақ.

Мұғалім сөзі: - Адам баласының өмірі табиғатпен байланысты. Табиғат – ел байлығы. Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, құт-берекесі, таусылмас байлығы.

Табиғат – адамзат анасы. Халқымыз табиғат сұлулығынан ләззат алып, оның құдіретіне бас иген.

Адам үшін табиғаттың жері, суы, орманы мен тауы, жануары мен өсімдігі – тіршілік етудің басты көздері болып табылады.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай өз поэзиясында Ыбырай Алтынсарин бастамасын дамытып, табиғат лирикасын қалыптастырған. Ақын өлеңдерінде табиғатты көркем суреттеумен қатар оны қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, мінез-құлқына, әдет-ғұрпына, салтына байланыстыра қырлайды.

Ақынның поэзиямызға әкелген бейнелі ой, көркем образы қаншама! Кемеңгер ақын мәңгі қайталанбас көркем сөз өрнектерін жасады. Абайдың «Қыс» өлеңіне тоқталу.

1. Өлеңді жатқа оқу.

Оқушыларға мәнерлеп оқыту.

Ақын өлеңінде қысты кім бейнесінде суреттейді?

Қимыл - әрекеті де адамға тән:

Ол бөркін оқшырайтып келеді. (Ұшпа бұлт – бөрік)


Аязбен қызарып ажарланады, басын сілкиді (басын сілкісе, қар жауады).

Жерді сықырлата басады («басқан жері сықырлап келіп қалды»)

Қасы екі көзін жабады.

Қазақ халқында кәрі құда не істесе де бәрі кешірімді!
Бұл ретте кейіптеуді қолданады.

Қыс мезгілі (топтастыру)



Кейіптеу дегеніміз – табиғат құбылыстарына немесе жансыз заттарға тірі адамның қимыл-әрекетін, қылығын теріп суреттеу.

«Жаз» атты өлеңін мәнерлеп оқи отырып, оқушының естігені, оқығаны, көргендері бойынша жайлау өмірін естеріне түсіріп, оны ақынның өз өлеңінде суреттеу ерекшелігіне, шеберлігіне тоқталамыз.

Өлең басталғанда, жылдың нақтылы бір мезгілі – жазбен танысамыз:

Жазды күн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге,

Көшіп ауыл қонғанда,- деп, табиғаттың әсем көрініс аясына, жайлауға шыққан елдің тұрмыс-салты, үй тігу салтанаты суреттеледі.

Қыз-келіншек үй тігер

Бұрала басып былқылдап

Ақ білегін сыбанып

Әзілдесіп, сылқылдап,- деп, өз көркімен кемеліне келіп, толықсып тұрған жаздың көркемдігін адамдардың қимылымен, көңіл-күйімен байланыстырып, оқушыны эстетикалық сезімге бөлейді.

Жаз мезгілі (топтастыру)



Малын аралап, оның қоңдылығына сүйсінген байдың ендігі ермегі үйдің көлеңке жағына кілем төсетіп, басына көлеңке жасап, қымыз ішіп, әңгіме құрып жайлаудың қызығын қызықтауы, байға жарамсақтанған ақ таяқты

шалдың бейнесі шапандарын белсенген, асау мініп теңселген, жылқышылар – бәрі де ақын өлеңінде бар шындығымен жайлаудағы ауылдың суретін береді.

«Жазғытұрымда» өлеңінде қыстың қыспағынан құтылып, көктемге жеткен мал баққан көшпелі елге жылдың бұл мезгілінің әсемдігімен қатар әсері мен маңызын тұтастыра суреттей келіп:


*Мал семірет, ақ пенен ас көбейер
Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер
Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сараңнан басқаның пейілі енер – дейді.*

Ал енді «Күз» өлеңінде ақын жазды күзге қарама- қарсы қояды:

*Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес, бала шулай
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш., құрай,- дейді.*

Ал табиғаттың бұл фонындағы тұрмыс-тіршілік те жадау. («Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы, Тұман болар, жел сокса шаң- тозаңы») Абай бұл өлеңінде сол кездегі өмірдің жүдеу кейпін әлеуметтік жағдайға байланысты образбен, поэтикалық көркемдікпен жеткізеді.

Күз мезгілі (топтастыру)




Бұл өлеңді сыныпта талдау барысында, өлеңнің идеясын ашуда қазіргі кездегі ақындардың табиғаттың осы мезгіліне арналған өлеңдермен салыстырған дұрыс. Мысалы, М.Жұмабаевтың «Жазғытұрым», «Қысқы жолда», «Толқын», С.Сейфуллиннің «Далада», арнау өлеңі, И.Байзақовтың «Жазғы кеш», С.Торайғыровтың «Шілде» өлеңдерінен мысалдар келтіруге болады.

Абай табиғатты адамнан бөлек суреттемеген. Шартты түрде салыстырсақ, жылдың төрт мезгілі адамзаттың ғұмырына ұқсас: жазғытұры – балалық шағы, бозбала; жаз – жігіттік шағы; күз – кемеліне келген кезі; қыс – суықтық, кәрілік «шартты түрде салыстыруға болады».

Түйін:-Бүгінгі сабағымызда Абайдың табиғат лирикасына жазылған өлеңдеріне тоқталдық. Адам мен табиғат егіз екеніне көзіміз жеткендей.

Үйге тапсырма: «Абайдың лирикасындағы табиғат бейнесі» өлеңін оқып келу, талдау.

Венн диаграммасы



Раушан САПАРБАЕВА,
Астана қаласындағы
№52 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

НАРМАНБЕТ ОРМАНБЕТҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

(10-сынып)

Күтілетін нәтиже:

| | | |
|-------------------|---------------------|---|
| Білімділік | Жаңа білім | «Зар заман» ақындары мен XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде туған бағыттарды, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ерекшеліктерін еске түсіреді. Нарманбет Орманбетұлының өмірі және шығармашылығымен танысады. |
| | Жаңа түсінік | Ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты жаңа деректермен білімін кеңейтеді. «Көпті көрген көнемін», «Шал қайғысы» өлеңдерінің тақырыбы мен идеясын ұғынады. |
| Құзырлық | Қолданым әрекеті | Бұған дейін меңгерген теориялық білімдерін, дағдыларын тәжірибеде қолданады. |
| | Талдау әрекеті | Ақын шығармаларын тақырыптық, идеялық, көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан бөлшектеп қарастырады, қазақ әдебиетінің басқа өкілдерінің шығармаларымен салыстырады. |
| | Шығармашылық әрекет | Ақын шығармалары негізінде сол дәуірдің негізгі мәселелерін категорияларға бөледі. Оқырман ретінде оны қайта қарайды. |
| Құндылық | Бағамдау әрекеті | Нарманбет Орманбетұлының шығармаларының қазақ әдебиетіндегі маңызы мен ерекшелігін анықтайды. |

Сабақ құрылымы:

- I. Ақпарат алмасу (12 мин.).
- II. Алғашқы бекіту (8 мин.).
- III. Құзырлық қалыптастыру (12 мин.).
- IV. Шығармашылық қалыптастыру (8 мин.).
- V. Бағамдау-бағалау (5 мин.).

Сабақ типі: аралас сабақ. **Оқыту әдісі:** репродуктивті, ішінара-зерттеушілік. **Мұғалім іс-әрекетінің тәсілі:** Қажетті бастапқы ақпаратты береді, алдын ала әзірленген тапсырмалардың орындалуын ұйымдастырады, бағыт-бағдар сілтейді, көмек көрсетеді.

Танымдық тапсырмалар: ЛТ, ЖБЕА және ИТр блоктарының тапсырмалары. **Оқушы іс-әрекетін ұйымдастыру:** күтілетін нәтижеге қол жеткізу мақсатында ұсынылған алгоритм бойынша жұмыс істеу. **Негізгі ұғымдар мен терминдер:** шешен, өнер күдіреті, адамгершілік, пірадар, полиглот. **Оқушыда дағды қалыптастыру:** Жеке және топта жұмыс істеу, ойы мен сөзін дәлелдеу, тұжырымдау, шығармашылықты дамыту.

Ақпарат көздері:

1. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы / С.Қирабаев, Ұ.Асыл, К.Құрманбай, С.Дүйсебаев, Б.Әрінова. А., «Мектеп», 2010, 219-224-б.

2. Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқу құралы. Құрастырғандар: Зәки Ахметов, Ұлықман Асыл. Мектеп, 2010 ж. 219-224-б.

3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-96 «Қазақ Энциклопедиясы», 6 том.

4. www.youtube.com/watch?v=r0vo0Q9Z8CY Нарманбет Орманбетұлы. Өмірі, шығармашылығы...

5. balkhash.goo.kz/loader/load/157 Арқадан шыққан ақиық акын Нарманбет

6. dov.kz/.../narmanbet-ormanbetuly-men-alash-partiyasynun-qozgalysy.ht.. Нарманбет Орманбетұлы мен Алаш партиясының ...

7. <http://kk.wikipedia.org/>

8. <http://kazakhdebieti.kz/>

Оқушы жетістігін бағалау: Негізгі баға ЖББ блогының тапсырмаларын орындағаны үшін, ал қосымша (бонус) баға АБ блогы үшін есептеледі.

Үй тапсырмасы: 1. Ақынның қазақ поэзиясына енгізген жаңалықтарынан жинақ құрастыр.

Тапсырмалар:

1. Мазмұнына жоспар құр.

2. Сен байқаған басты ерекшелік.

Сабақ блоктары

Тақырып жоспары:

1. Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы деректер.

2. «Көпті көрген көнемін», «Шал қайғысы» өлеңдері.

3. Нарманбет Орманбетұлы - өз дәуірінің ақиқат жаршысы.

Слайдтар:

1-слайд.

Зар заман ақындары деген қандай ақындар?

М.Әуезовтің «Зар заман ақындары» анықтамасы.

Зар заман ақындары - қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш рет (1927 ж.) М.Әуезов енгізген термин.

Зар заман ақындары – зар заман кезеңінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң-зармен жырлаған ақындар шоғыры. Абылай хан тұсынан бастап Абайға дейін ұласқан. Бір ғасырды қамтиды. (шамамен 1770-1870 жж.). Зар заман әдебиетінің пайда болуына не себеп болды?

2-слайд.

XIX ғасырда қазақ әдебиетінде қандай бағыттар болды?

XIX ғасырда қазақ әдебиетінде туған бағыттар:

Пессимистік реализм (Қай ақындардың шығармалары жатады?)

Оптимистік реализм (қайғы-қасіретке толы өлеңдерге күрескерлік рух дарыту, әрекетшілдік идеялар басым) (Кімдерден байқалады?)

Сыншыл реализм (Негізін салушы кім?)

Романтизм (орыс романтизмінің негізінде туды) (Қай шығармалар жатады?)

3-слайд

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиет ерекшеленеді:

- өтпелі кезеңімен;

- тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты жазылған жырлардың жаңа бағыт тудыруымен;

- демократтық бағыттағы ағартушылық идеяның көтерілуімен (Шоқан, Абай, Ыбырай);

- әдебиеттегі жаңа жанрлардың пайда бола бастауымен.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет ерекшеленеді:

- осы идеяны жалғастырушылар Шәкәрім, Нарманбет, Мәшһүр Жүсіп;

- әнші сал-серілер өмірі мен шығармашылығымен;

- «Еуропаға ашылған терезесімен»

4-слайд.

1859 ж. Қарағанды обл. Ақтоғай ауданында дүниеге келген.

8 жас - Қари молда – Хасен мұғалім – өз бетімен іздену.

12-13 жасынан өлең шығара бастаған.


14 жасында Қарқаралыда 2 класты орыс мектебінде оқиды. Қоғамдық өмірге белсене араласқан.

Абай дәстүрін жалғастырушы көрнекті акын.

Алғашқы жинағы М.Әуезовтің қозғау салуымен 1939 ж.

«Нарманбеттің өлеңдері» деген атпен жарық көрген.

1918 ж. Қарқаралыда қайтыс болған.



6-слайд.

Өлеңдерінің негізгі тақырыптары

| өнер-білім | адамгершілік | ел тәуелсіздігі | махаббат | философиялық |
|---|------------------------|---|---|---|
| «Жастарға», «Кұс болсаң, ақылға бай байғыз болсаң», «Бала қайда?» | «Көпті көрген көнемін» | «Сахараға қарасақ», «Аждаһаның аузында», «Ұран», «Сарыарқа», «Тілекті берген күн» | «Айшаға», «Жамалға», «Дауысың қалай асыл», «Бір-екі хат», «Көк ала үйрек», «Ғашық тұрлауы», «Мен көрдім Қарқаралыда бір шариф зат», «Екі ғашық, қысқа таң», «Балдызға» (әні бар), «Күмісайға» | «Қасірет деген бір тау бар», «Балалық күй», «Шал қайғысы» |

7-слайд.
Нарманбет шығармаларының жариялануы мен зерттелуі
 - Мұхтар Әуезов, 1939 ж. «Нарманбеттің өлеңдері» жинағын шығартты.

- Б.Кенжебаев 1958 ж. Н.Орманбетұлының өмірі, ақындығы жайлы қысқаша мағлұмат береді.
 - 1966 ж. Жұасбай ақынмен айтысы шықты.
 - 1978 жылы Ленинградта шыққан «Поэты Казахстана» атты антологиялық жинақта біраз өлеңдері орыс тіліне аударылып басылды.
 - Журналист ғалым Рамазан Сағымбекұлының «Қайта жанған жұлдыз» мақаласы.
 - Ғалым Әбдіғалиев, Балтабай Әбдіғазиев, Азат Бабашев, Ақтоғайлық Нарманбеттанушы мұғалім Аманкелді Туғанбаевтар зерттеумен айналысқан.

8 -слайд.
 Мына суреттерден не аңғардыңыздар?
 Біз бүгін Н.Орманбетұлының «Шал қайғысы», «Көпті көрген көнемін» өлеңдерімен танысамыз.

9-слайд

| «Шал қайғысы» өлеңі | «Көпті көрген көнемін» өлеңі | |
|---|--|---|
| 1911ж. | 1916 ж. | |
| Лирикалық кейіпкер | Түрі: | |
| Адам мен заман арасындағы қайшылық | Тақырыбы: | |
| Заманға наразы шал | Идеясы: | |
| Шыншылдық, сыншылдық | Құрылысы: | |
| Өтті-ау дәурен, Өнерлі жігіт сыналмай! Ақылмен жұмыс, Оймен тыныс қыла алмай! Ағайын аңғырт, Аңдып сырт, Кетеді-ау, көңіл тына алмай! | Жалғаншы боп бақсылар, Жақынын жаулап жақсылар, Жауға қылыш сермеу жоқ. Партия бүлік бір жұмыс, Ертенді-кеш «итжығыс» Бірін-бірі жеңбек жоқ. | Мен бір аңқау пендемін, Қартайғанша сынбаған. Иә бір жалқау молдамын, Біліп тағат қылмаған. Жолым тайғақ, тар асу, Көңілім батпақ, қара су, Қой тоғытып, тұнбаған. Көпті көрген көнемін, Көргеніме сенемін. Тәжірибе шындаған. Өзімді алма, сөзімді ал, Азаматтар, тыңдаған. |

10-слайд.

1919 жылы Нарманбетке берілген ас – Қазақстанда өткен соңғы ірі ас.

Арқа ақынын еске алу 1991 жылы тамыз айында оның туған жері Қарасуда үлкен салтанатпен аталып өтті. Оның мазарына мәрмәр тастан ескерткіш қойылды, ескерткішті жасаған Бекмұрат Бегдаров. Бұрынғы XXII партсъезд атындағы совхоз «Нарманбет ауылы» деп өзгертілді. Балқаш қаласында да Нарманбет Орманбетұлы атындағы көше бар.

11-слайд.

Нарманбет өмір құбылыстарын саралай келе, шындықты көркем бейнелеуге, оны философиялық ой-тұжырымдармен түйіндеуге ұмтылған.

Ақынның қазақ поэзиясына енгізген жаңалықтары:

- ойшыл-философиялық болжамдары мен өмірлік тұжырымдары;
- айтыстары мен жұмбақтары;
- мақалға айналған маржан сөздері.

II. Алғашқы бекіту

Мына кестені толтыра отырып сабақтың мазмұны бойынша *қорытынды шығарыңыз.*

| Нарманбет туралы не айта аласыз? | Абайдың ақындық мектебінің көрнекті өкілі | Жариялануы мен зерттелуі |
|----------------------------------|---|--------------------------|
| | | |

Қорытынды: -----

III. Құзырлылық қалыптастыру**Деңгейлік тапсырмалар:****I деңгей тапсырмалары**

Ақын өмірі туралы қандай тың деректерді білдіңіз?

2. Ақынның өз дәуірінің мәселелеріне үн қосуын қалай түсінесіз?

3. Аз ғана шығармаларына қарап Нарманбетке баға берген дұрыс па? Пікіріңізді дәлелдеңіз.

4. «Пушкин менен Лермонтов. Біздей ақын емес пе?» өлең жолдарының мағынасын ашыңыз.

5. «Қайғысыз заман қайда бар?

Қайғырмасқа не амал бар?». Өлең жолдарынан бүгінгі күннің қандай бейнесін көресіз?

6. Реализм деген не? Мағынасы мен түрлерін таратып жазыңыз.

7. «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ ақын-жазушылары» кітабының авторы кім, онда Нарманбет туралы не айтылған?

8. Алматыда басылған ақындар айтысының үш томдығының екінші кітабында Нарманбет ақынның қандай еңбегі басылған?

9. Ақынның әдебиет тарихындағы орнын Шәкәріммен теңестіріп, «Абайдан кейінгі кезеңнің Абайы, сол Абайды өзінен де көп реттерде аласара бермейтін арқалы да ақиық ақын» деп кім, қай еңбегінде баға береді?

10. Ақынның қазақ поэзиясына енгізген жаңалықтарын атап көрсетіңіз.

11. Өз дәуіріндегі басқа да ақындардан Нарманбеттің ерекшелігі неде деп ойлайсыз?

12. Ақын шығармаларының Кеңес заманында әділ бағасын ала алмауының себебі неде?

II деңгей тапсырмалары

1. Өлең шумағын құрылысына қарай талдаңыз:

Жақсылық істе адамға,

Жақсы жол көрсет наданға.

Жазықсыз жанды жаулама,

Аш тазыдай жалақтап!

2. Өлең шумағынан көркемдеуіш тәсілдерді табыңыз:

Өнерлі жігіт сыналмай!
Ақылмен жұмыс,
Оймен тыныс қыла алмай!
Ағайын аңғырт,
Аңдып сырт,
Кетеді-ау, көңіл тына алмай!

Еңбекке біткен есер жұрт,
Әлі де бізді дейді қырт.
Қисайған мойнын бұра алмай,
Қайтады-ау мал,
Қажыды-ау шал.

Анар ЖАМИЕВА,
№187 М.Шоқай атындағы мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

III деңгей тапсырмалары

1. Өмірнамасы мен шығармаларының елеулі ерекшеліктерін еске түсіретін он сөз жазыңыз.

| р/с | Өмірнамасы | р/с | Шығармашылығы |
|-----|------------|-----|---------------|
| 1 | | 1 | |
| 2 | | 2 | |
| 3 | | 3 | |
| 4 | | 4 | |

2. Нарманбеттің «Шал қайғысы» өлеңі мен А.Құнанбайұлының қай шығармасында үндестік бар? Салыстырып, дәлелдеңіз.

IV. Шығармашылық әрекет

Топтық жұмыс.

1-топ. «Шал қайғысы» өлеңіндегі шалды қайғысынан арылтып, бақытты етіп, өлеңді қалай өзгертіп жазар едіңіздер?

2-топ. «Көпті көрген көнемін» өлеңіне сатылай кешенді талдау жасаңыздар.

3-топ. «Замана» өлеңіндегі мәселелерді XXI ғасыр жағдайымен салыстырыңыздар.

V. Бағамдау-бағалау

Н.Орманбетұлы көтерген әлі күнге өзекті 5 мәселені жазыңыз. -----

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ «ТАРЛАНЫМ» ӨЛЕҢІН ОҚИТУ

Сабақтың мақсаты: білімділік – жауынгер ақын Махамбеттің тағдырынан хабардар ету, өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашу; **дамытушылық** – сөздік қорын, тіл мәдениетін дамыту. Өлең талдау дағдыларына, өлең оқу техникасына үйрету, өз пікірін қорғай білуге төселдіру; **тәрбиелік** – бабалардың ерлік рухын сезіндіру арқылы азаматтық тәрбие беру.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдістері:** ой шақыру, топтастыру, сұрақ-жауап, сөздікпен жұмыс, бес жолды өлең, эссе. **Көрнекілігі:** портрет, өмірі мен шығармашылығына арналған (слайд), фразеологиялық сөздік. **Пәнаралық байланыс:** бейнелеу өнері, тарих.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Үй тапсырмасын сұрау.

Жаңа тақырып өту.

I. Қызығушылықты ояту:

- Балалар, осы азаматтығымыз, тәуелсіздігіміз үшін қол бастаған қандай қазақ батырларын білесіңдер?

Оқушы: - Халқымыздың батыр, ержүрек ұлдары: Қабанбай, Бөгенбай, Абылай, Сырым, Исатай, Махамбет, т.б.

Мұғалім: - Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – ержүрек батыр Махамбет Өтемісұлының «Тарланым» өлеңі.

Слайд арқылы өмірі мен шығармашылығына тоқталамын. Хронологиялық кесте арқылы тереңірек түсінік беремін.

Хронологиялық кесте

| | |
|--|--|
| 1. Махамбет Өтемісұлы. | 1804 ж Орал облысы Нарындағы Бекетай құмында дүниеге келген. |
| 2. Ол кезде ішкі Бөкей ордасы деп аталған. | 1804 жыл |
| 3. Атасы – Күлмәлі Әкесі – Өтеміс | |
| 4. Арабша, орысша хат таныған | |
| 5. Өлеңдерінің барлық саны | 79-80 |
| 6. Езілуші шаруалар көтерілістің алғашқы ереуіліне қатысқан. | 1829 жыл |
| 7. Исатайға арналған өлеңдер | «Мінген ер», «Тайманның ұлы – Исатай», «Тарланым», «Исатай деген ағам бар» |
| 8. Күйлері | «Жұмыр қылыш», «Ақтабан», «Жорық», «Шілтерлі терезе», «Өттің, дүние» |

1. Махамбеттің жалынды ақын екендігі жөнінде Е.П.Ковалевскийдің сөзін 1 оқушыға оқытамын. Е.П.Ковалевскийдің сөзі арқылы біз Махамбеттің ақылдығын, ойының жүйріктігін, шешендігін байқаймыз.

- Ал, балалар, енді біз «Тарланым» өлеңіне тоқталамыз. «Тарлан» сөзі жасы ұлғайған, егде кісі деген мағына береді.

2. «Тарланым» өлеңін оқушы мәнерлеп оқиды.

- Балалар, біз осы өлең арқылы не түсіндік? Махамбет Өтемісұлы «Тарланым» өлеңі арқылы жақын досы Исатайдың, яғни, батырдың бүкіл болмысын, сырт бейнесін, әр алуан қасиеттерін, мінезін көрсетеді. Біз осы өлең арқылы Исатайдың қайтпас ер, қаһарман батыр, даңқты қолбасшы екенін байқадық.

- Енді, балалар, біз сұрақтарға жауап берейік. Сұрақтарға толық жауап берілгеннен соң, 3 топқа өлеңге талдау жасатылады.

I. Зерттеушілер тобы – метафораны табады.

II. Сарапшылар – теңеуді табады.

III. Сыншылар – жоқтауды табады.

Оқушылар өз түсінгендерін айта отырып, көркем сөз айшығы троптың түрлерін табады. (үш топқа беріледі).

Ауыстыру (метафора)

Өмірдегі зат пен құбылыстың сыртқы не ішкі бір ұқсастық белгілеріне қарай бірнеше мағынада ауысып қолданылады.

Тебіренбес ауыр мінездім!

Садағына сары жебені салдырған,

Садағының кіресін

Сары алтынға малдырған.

Тереңнен көзін ойдырған

Сұр жебелі оғына

Тауықтың жүнін қойдырған.

Теңеу.

Заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттеуді теңеу дейміз.

Керіскедей шандозым,

Құландай ащы дауыстым,

Құлжадай айбар мүйіздім!

Қырмызыдай ажарлым!

Хиуадай базарлым!

Теңіздей терең ақылдым!

Жоқтау.

Жоқтау – лирикалық жыр. Онда адамның азалы жан толғанысы, күйік-құсасы бейнеленеді.

*Адырнасын ала өгіздей мәңіреткен
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен.
Атқанын қардай боратқан,
Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан,
Арыстан еді-ау Исатай!
Бұл фәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен?!*

Сөздікпен жұмыс: *Жебе* – садақтың оғы. *Адырна* – садақтың оқ салып тартатын қайысы. *Құландай* – айбарлы, үнді деген мағынада. *Фәни* – опасыз, тұрақсыз өмір. *Күшіген* – денелі. *Қырмызыдай* – өте сұлу, әдемі. *Керіскедей* – көз тартатын үлкен.

Оқушылар 3 топқа бөлінеді.

1-топ. Зерттеушілер.

Махамбет Өтемісұлының өмірі жайлы мәлімет беру.


2-топ. Сарапшылар.

Өлеңдеріне талдау жасайды.

3-топ. Сыншылар.

Махамбет өлеңдеріне сын-пікір айтады.

Топпен жұмыс. Ақын жайлы нені ұқтың?



Бекіту. «Бес жолды өлең» құрастыру.

Зат есім: батыр.

Сын есім: ақылды.

Етістік: күресті, жырлады, айтты.

Ерекше көңіл күй: Шіркін, Махамбеттей ақын болсам екен!

Синоним: ержүрек, батыл.

Үйге тапсырма: «Тарланым» өлеңін жаттап келу.

Оқушылар білімін бағалау.



Салтанат ҚАБАҚОВА,

Мәдениет орта

мектебінің мұғалімі.

Солтүстік Қазақстан облысы,

Айыртау ауданы,

«Қарасай батыр» ауылы.

АРҚАНЫҢ АҚИЫҒЫ – АҚАН СЕРІ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – Ақан сері шығармашылығын талдау, жинақтау, ақын шеберлігін ашу, эстетикалық көзқарасын көрсету, ақынның жан-жақты қырларын ашу; **дамытушылық** – талдау, жинақтау жасап, ойлай білуге дағдыландыру, тапқырлық танытуға, ойын әдеби тілмен өрнектей білуге төселдіру; **тәрбиелік** – өнер адамдарын құрметтеуге, дәстүрлі әнді сүюге тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелеу, мәнерлеп оқу, талдау. **Көрнекілігі:** Ақан сері суреті, буклет, тірек-сызба. **Түрі:** дәстүрлі сабақ, қорыту сабағы.

Сабақтың барысы:


1. Ұйымдастыру кезеңі.
1. Оқушылар санын түгелдеу.
2. Оқу құралдарын түгелдеу.
3. Сабақты мақсаттандыру.

Ақанның өмірі-ертегі өмір.

*Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ
жұртқа жат, жұмбақ өмір.*

М.Жұмабаев.

1. Ой шақыру: Тірек-сызбаны толтыру



Мағынаны ашу.

2. Ақын өмірінен қаншалықты білетіндіктерін бақылау және ақын бейнесін аша түсетін кейіпкерлерді семантикалық картаны толтыру арқылы атау.

| | Бағыраш | Жаңыл | Ыбан | Жамал | Ұрқия | Жалмұқан | Шәкей |
|--------------------------------|---------|-------|------|-------|-------|----------|-------|
| Бәтимадан туған баласы | | | | | | | |
| Ақанның соңғы ғашығы | | | | | | | |
| Ақын тұлпарын мерт қылған адам | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---------------------------------|--|--|--|--|--|--|--|
| Әлжан байдың жылқышысы | | | | | | | |
| Ақтоқтының аттастырылған жігіті | | | | | | | |
| Ақынның анасы | | | | | | | |
| Ақынның сүйікті жары | | | | | | | |

3. Ақын жастайынан өлең шығарып, халық көзіне түскен сері. Оның әр өлеңі бүкіл елге жайылып, ақын деген лақап аты күннен-күнге әйгілі бола бастады. Оны жұрт көрмей жатып сүйді, білмей жатып таныды, өйткені ол өлеңімен өз өмірін айна қатесіз сомдай білді. Өз өлеңдеріне кірістірді. Оның талғамы сұлулық пен әдемілік, сезімі – ғашықтық пен кіршіксіз махаббат. Ақын өлеңдерінің тақырыбы әр алуан. Ол асқан лирик ақын болды.

Оқушыларға сұрақ.

Лирика дегеніміз не?

(Адамның көңіл- күйін білдіретін сыршыл өлең түрі)

Лирика түрлері:

1. **Саяси лирика:** «Бара –бара крестьянға тең болмадық», «Заман адамы», «Жүсіп Төреге», «Заманға қарап айтқан сөз».

2. **Махаббат:** «Ақ көйлек», «Сұлу қызға», «Ғашық жарға», «Біздің көңіл қайда жатыр».

3. **Табиғат.** «Құлагер», «Көкжендет», «Екі торы ат», «Алай көк», «Қараторғай».

4. **Азаматтық:** «Асыл мен жасық», «Жақсы мен жаман».

Ақын өлеңдерін тақырыпқа байланысты жіктеу. Ақын өлеңдерінің тақырыбын өмірімен байланыстыра отырып талдау.

4. Ақын не жазса да әсем, сұлу қылып жазады, оның өлеңдеріне оқырманға әсер бере алмайтын сылдыр, құрғақ сөздер кездеспейді.

«Ақ көйлек» өлеңінен сөз айшықтарын табу.

Ақ көйлекті асыл еркем-эпитет,

Ақ жамбыдай – теңеу.

Сен – қоңыр каз, мен – ақ түйғын, шынар ағаш,
ақмаралым- шендестіру.

5. Ақын қазақтың ұлттық өнерін кәсіби биікке көтеріп, дәстүрлі өнерінің классикалық үлгісін жасады. Поэзия мен музыканың табысуы – Ақан сері шығармашылығына тән басты қасиет.


Ақан әндері бойынша таблицамен жұмыс.

| Өлеңдері | Тақырыбы | Шығу тарихы |
|---------------|--------------------|---|
| «Құлагер» | Құлагерді жоқтау | Сағынай асында мерт болған кезде Ақанның жоқтап айтқан әні |
| «Сырымбет» | Ақтоқтымен қоштасу | Ақтоқты ұзатылып кеткен кезде шығарған әні |
| «Әудем жер» | Кәрілік туралы | Өмірінің соңғы шағында шығарған әні |
| «Ақ көйлек» | Ғашықтық | Жамалға арнаған өлеңі |
| «Үш тоты құс» | Ғашықтық | Ақтоқты, Жамал, Ұрқияға арнауы |
| «Қараторғай» | Құсқа арнау | Құсының қартайып, шау тартып әлсірегенін көріп шығарған өлеңі |

Ақынның бір әні әуенімен орындалады.

3. Ой қорыту.

Эйлер дөңгелегі



Үйге тапсырма: «Сері-Ақан» тақырыбына шығарма жазу.

Еңбектерін бағалау.

Нұрлан ТӨЛЕУБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысының
Теміртау көпсалалы
«МИРАС» колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

Мақсаты: тақырып бойынша ақпаратты еске түсіру, топта ынтымақтастық жағдайын орнату.

Міндеттері: **білімділік** – ақынның өмір жолы мен шығармаларынан ақпарат бере отырып танымдық қабілетін арттыру; **тәрбиелік** – оқушы бойына адамгершілік, имандылық тәрізді қасиеттерді қалыптастыру, туған жерін, елін, ұлтын сүйуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – сөздік қорларын молайту, сөйлеу, ойлау дағдыларын дамыту. Өз ойын еркін, дұрыс жеткізе білуге дағдыландыру.

Қолданылатын модульдер: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; Сыни тұрғыдан оқуға үйрету; Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау; Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.

Стратегиялық іс-әрекеттер: «Он сұрақ», «Тірек сөздер», «Конверт сұрақ», «Еркін жазу», «Жанды фотосуреттер», «Тақырыптық түйінді сөздер», «Көршіңе әңгімелеп бер», Де Беноның «Алты ойлау қалпағы», «Ойлан, Бірік, Бөліс», Рефлексия. Құрал-жабдықтар: плакаттар, қима қағаздар, интерактивті тақта, ноутбук, маркер, анықтамалық әдебиеттер, конверт, 6 калпақ, бағалау парақтары, стикерлер, т.б.

Түрі: жаңа сабақ.

Пәнаралық байланыс: тарих, география, қазақ тілі, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы:

| Жоспар мазмұны | Мұғалім іс-әрекеті | Оқушы іс-әрекеті | Күтілетін нәтиже |
|-------------------------|--|--|--|
| 1. Ұйымдас-тыру кезеңі. | Оқушылармен амандасу. Оқушыларды түгелдеу. Сыныптың тазалығы мен талғамына назар аудару. «Ыстық алақан» тренингін жүргізу. Оқушылардың зейіндерін тұрақтандыру үшін шаттық шеңберін құруға шақырамын. Шаттық шеңберінде оқушылар ыңтымақтастығын қалыптастыру. | Оқушылар сәлемдеседі. Мұғаліммен диалог орнатады. Назарларын сабаққа аударады. | Топтық жұмысты ұйымдас-тыра білу; - серікте-сімен сұхбаттаса алады. |
| | Оқушыларды топқа бөлу, яғни, әр оқушы өз қалауларымен, достық қарым-қатынаспен екіге бөлінеді. Мұндағы мақсатым: Достық қарым-қатынаста жұмыс істету. | Бір-біріне жағымды сөздер, жақсы тілектер айтады. Бүгінгі күнге, сабаққа сәттілік тілейді. Үш оқушы бүгін сабақта оқушыларды кезекпен таңдап, өздеріне топ жинайды. Алтын ережені атап айтып, түсіндіреді. | Алтын ереже арқылы қызығу-шылықты оятады, өзін-өзі реттей біледі. Сыни тұрғыдан ойлау. |

| | | | |
|---------------------------------|--|---|--|
| 2. Қызығу-шылықты ояту саты-сы. | Сабақтың тақырыбын анықтау үшін мұғалім бір оқушыны таңдап, оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жабыстырады. (1-слайд) | Қатысушы топқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі. Сол арқылы жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды. | Жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды; Серіктесте-рімен сұхбаттаса алады. |
| | Тақырыптың мақсатын айқындай отырып осы мақсатқа жету үшін оқушылардың еңбек етуіне сәттілік тілеймін. | Әр оқушы мақсатқа өз идеяларын қосады, ойларын айтады. Мақсатқа жету үшін оқушылар ат салысып, белсенді жұмыс істейтіндерін айтады. | Кеңістік туралы сыни көзқарас қалыпта-сады. |
| Мағынаны тану сатысы. | - Балалар, бүгінгі тақырыбымызды бастау үшін экранға назар аударайық. Экранда Сұлтанмахмұт Торайғыров жайлы, яғни, оның өмірі мен шығармашылығы, жалпы ақын туралы ақпарат берілген. (бейнебаян) | Оқушылар бейне баянды тыңдай отыра дәптерде жұмыс істейді. Түсінгенін, түйгенін маңызды керекті мәселелерді жазады. | Оқушы-лардың өздігінен жұмыс істеу дағды-ларын арттыру, ой-өрісін кеңейту. Интер белсенді тақтаның мүмкіндік-терін тиімді пайдалану. |
| | Алған ақпаратты пайдалана және салыстыра отырып оқулықпен жұмыс істеу. | Қазақ әдебиеті І бөлім. С.Мақпырұлы, Т.Сыздықов 131-бет. | Мәтінді дұрыс түсі-ніп оқуға дағды-ланады; Диалогқа түседі. |

| | | | |
|----------------------|---|---|--|
| Зерттеу жұмысы. | | Хронологиялық кесте толтырады. | Сыни көзқарас қалыпта-сады. |
| | Оқушылар бейнетаспадан алған ақпаратты байланыстырып, диалог құрастырып, серіктестерімен жұптасып жұмыс істейді. «Көршіңе әңгімелеп бер» стратегиясы.(слайд) | «Көршіңе әңгімелеп бер» әдістемесі. Оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін пайдаланады. | -топтық жұмысқа белсене қатысады; -өз бетімен ойлау, сөйлеу дағдысы дамиды; -жас ерекшелік-теріне орай деңгейлік тапсырма барысында жаңа идеялар ойлап табады; -өз бетінше зерттеулер жүргізу біліктілігі жетіледі; |
| 1.Деңгейлік тапсырма | Ментальды картамен жұмыс. Жаңа тақырып бойынша алған білімдерін қағаз бетіне суреттейді. Тақтаға әр топтан оқушылар шығып, өздерінің жасаған жұмыстарын көрсетіп, ойларымен бөліседі. | Оқушылар Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы әңгімелесіп, түсіндіреді. Әр топтан бір немесе екі оқушы шығып, салған суретті немесе кестені қорғайды. Оқушылар салған суреттері бойынша ойларымен бөліседі. | Жазушы-ның жанр шеберлі-гінде жеткен жетістік-терін таныту, ізденім-паздық қабілет-терін дамыту, шығар-машы-лыққа баулу. |

| | | | |
|------------------------|--|---|---|
| 2. Деңгейлік тапсырма. | «Тақырыптық түйінді сөздер» стратегиясын пайдалана отырып, тақырып бойынша сөздермен жұмыс жүргізу. Үлгерімі төмен оқушымен жұмыс жүргізу мақсатында. (слайд) | Берілген көп сөздердің ішінен бүгінгі тақырыпқа сай келетін, соған тән сөздерді іріктеп тауып, мағынасын ашады. | Интер-белсенді тақтаның мүмкіндік-терін тиімді пайдалану. |
| Сергіту сәті. | Аяққа арналған жаттығулар жасау. | Оқушылар орындарынан тұрып, билеу арқылы әр түрлі жаттығулар орындайды. | Оқушылар жаңа тапсырма орындау алдында бір серігіп алады. |
| 3. Деңгейлік тапсырма. | Сөздің өзін пайдаланбастан бүгінгі сабақтың әрбір негізгі сөзін түсіндіру үшін оқушыға бір минут беріледі. Әр топтан бір оқушыдан шығып, зерттеу жұмысын дұрыс орындайды. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. Көшбасшыны анықтау мақсатында. (слайд) | Топ оқушылары кезекпен шығып, тапсырмаларды орындайды. Экранда жазылған сөзді атамай, оның мағынасын ашады. | Оқушы-лардың өздігінен жұмыс істеу дағды-ларын арттыру, ой-өрісін кеңейту. |
| Тұжы-рымдау. | 1 сұрақ жазып, конвертке саламын (оқу мақсатына қарай). Әрбір топқа өзінкі болатындай етіп, бірнеше конверт дайындаймын. Әрқайсысына екі минут беремін. Оқушылар бүгінгі сабақтан алған білімдерін пайдалана отырып, бұрынғы | Оқушы стикерде атын және жауа-бын жазады; екі минут өткен соң конверт келесі оқушыға беріледі, осылай 2-3 сұрақ-қа барлығы жа-уап бергенше жү-ре береді. Стикер-лерді жинап, бір-неше жауапты дауыстап оқимын | Өз бетімен ойлау, сөйлеу дағдысы дамиды. Өздік жұмысына белсенділік танытады. Сыни көз - қарасы қалыпта-сады. |

| | | | |
|------------------------|--|--|---|
| | мен қазіргі заманды салыстырады. Жеке пікірін білу мақсатында. (слайд) | (есімдерін атамастан); сынып белгілі бір сұрақтың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды. | |
| 4. Деңгейлік тапсырма. | Шынайы картина қандай? Көзімізге не көрінбейді? Суреттегінің қасында сіз бар деп елестетіп көріңіз. Сіз не туралы ойладыңыз? (слайд) | «Жанды фотосуреттер» стратегиясы Тақырыпқа байланысты бірнеше сурет беріледі. Ол фотосурет бойынша өз ойын жеткізеді, әңгімелейді. | Жас ерекшеліктеріне орай деңгейлік тапсырма барысында жаңа идеялар ойлап табады; -өзіндік жұмысқа белсенділікті танытады. |
| 7. Бағалау. | Өзін-өзі бағалау парақтары таратылады. «Блум таксономиясы» бойынша ұпай қою арқылы жүзеге асады. | Оқушы жалпы сабақта қалай жұмыс істеді? Ақпаратты қалай танып-білді, қандай деңгейде түсінді? Ол ақпаратты қолдана алды ма? Қалай талдады? Қандай деңгейде жинақтап, қорытынды жасап бағалады. | Өзін-өзі және төңірегіндегі адамдарды әділ бағалауды үйренеді. |
| | Де Беноның 6 ойлау қалпағын пайдаланамын Ақ (ақ бұлттар) – фактілер, цифрлар және мәліметтерді таза күйінде беру. Қызыл (от)- ішкі | Әр топтан оқушылар шығып, жалпы бүгінгі сабақ бойынша толығымен өз ойын (басындағы киген қалпағына | Оқушыны жақын бақылаудың, бағалау және қорытындылаудың |

| | | | |
|-------------------|---|--|--|
| Қорытындылау. | сезім эмоция, сезінулер және интуицияны білдіру. Қара (тұман)-негативті ойлар, мысалы: «бұл орындалмайды, себебі.....» | байланысты) ашық дәлелмен айтады. | түрлі тәсілдері жүзеге асады. |
| | Сары (күн)-оптимизмді, ашықтықты, оң және сындарлы ойлар, ұсыныстар, мысалы: «Неге, бұл міндетті түрде орындалады!» Жасыл (дала)- жаңа идеялар ағымын тудыратын шығармашылық ойлар. Көк (аспан)-жоғары деңгейдегі жалпы көзқарастарды, білдіреді, қорытындылайды. (слайд) | | |
| Рефлексия. | Оқушылардың әрқайсысына стикерлер таратып беремін, жаңа тақырып бойынша түсінгенін жазғызу. | Бүгін тақырып бойынша ойларын жазып, тақтаға шығып өз аты-жөні жазылған жерге жабыстырады. | Бұл келесі сабаққа қосымша не дайындау керек екенін көмектеседі. |
| 9. Үйге тапсырма. | Қазақ әдебиеті. I бөлім. С.Мақпырұлы, Т.Сыздықов. 131-бет. | Оқушылар үй тапсырмасын белгілеп алады. | |

Айгүл ЕСЕНОВА,
Жырақұдық жалпы
орта білім беретін
мектебінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Сырым ауданы.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. «ҚАНСОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА»

(7-сынып)

Мақсаты: білімділік – Абай өмірі мен шығармашылығы жайында білімдерін кеңейтіп, өлеңнің мазмұны мен идеясын меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың эстетикалық танымын ояту, өз беттерінше ізденуге, зерттеуге үйрету; **тәрбиелік** – ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.

Әдісі: СТО технологиялары арқылы талдау, жинақтау.

Көрнекілігі: түрлі слайдтық суреттер. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, биология.


Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру.
2. Үй тапсырмасын сұрау.
3. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту (тақтадан ақын суретін көрсету).

- Балалар, сендер мына портреттегі тұлғаны танысыңдар ма?

- Олай болса, ол туралы не білетінімізді топтастырайық.



- Оқушылар, ақын өлеңдерін білеміз бе?


- Абай ағамыз жылдың төрт мезгіліне байланысты өлең жазған, оны білеміз бе?

(Тақтадан жыл мезгілдерін көрсетіп, өлеңдерінен үзінді сұрау)

Абай өзі өмір сүрген дәуірді, сол өмірдің бел-белестерін, асу-еңістерін көз алдына елестете суреттей білген ақын.


Абай поэзиясы – әсемдіктің мөлдір бұлағы. Соның бірі – аңшылық өнеріне арналған «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген лирикасы.

- Балалар, аңшылық өнеріне қатысты қандай аң-құстарды білесіңдер?



- Дұрыс айттындар. Бұлардың бәрі де – алғыр, қыран, көреген, жыртқыш құстар.

- Қазақ халқының дәстүріне, салт-санасына, тіршілігіне, кәсібіне сай өнердің қандай түрлерін білесіңдер?



- Олай болса, бүгінгі сабағымыз өнер тақырыбына, оның ішінде аңшылық өнеріне арналады.

II. Мағынаны тану.

Оқушыларға саятшылық, қансонар туралы біліп келуге тапсырма бергенмін. Бүгінгі сабақта жауап сұраймын.

1. Саятшылық өнері жайында не білеміз?

Оқушы жауабы:

Саяткерлердің сұңқар мен қаршығаға үйрек пен қаз алдыру, қақпан, тұзақ құру, лашынға қоян алдыру,

түлкі мен қасқырды бүркітке алдыруы ең сүйікті істердің бірі болып саналады. Бұл бір жағынан ата дәстүр, екінші жағынан ұлттық өнерге де жатады.

2. Қансонар дегеніміз не?

Оқушы жауабы:

Саятшылық адамды сыншылдыққа үйретеді. Саятшылық - серілік кәсіп әрі спорт өнері. Негізінен құсты күз бен қыста аң аулауға салған дұрыс. Қансонар - жер бетіне жаңа қар түскен шақ, бұл кезде аңның ізі айқын көрінеді. Қансонар - аң аулауға ең қолайлы мерзім. Сол үшін аңшылар қансонарды күтіп, пайдаланып қалуға тырысады.

Кітаппен жұмыс.

1. Өлеңді мәнерлеп оқытамын.
2. Өлеңді неше бөлікке бөлуге болады?
3. Әр өліміне не деп ат қояр едіңдер?

Оқушылар бірнеше ұсыныс пікірлерін екшей, өлең мазмұнына қарай келе, үш бөлікке бөлуге болатынын анықтады.

Дәптермен жұмыс.

III. Ойтолғаныс.

1. «Қансонарда бүркітші шығады аңға».
2. Бүркіт аңға қалай түседі?
3. Бүркітке керекті құрал-саймандарды ата.

Үйге тапсырма:

Өлеңді мәнерлеп оқу. «Түлкі алған бүркіт» тақырыбына сурет салу.

Бағалау.

Бақытгүл МАХАНБЕТОВА,
Көкшетау қаласындағы
дарынды балаларға арналған
№3 облыстық мамандандырылған
мектеп интернатының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН АҚЫНДЫҒЫ

| | |
|----------------------|---|
| Максаты: | Жамбылдың айтыс өнеріне қосқан үлесін дәріптеу, шығармаларымен таныстыру арқылы сөз қадірін білуге тәрбиелеу, өзіндік пікір айту дағдыларын қалыптастыру. |
| Жұмыс нәтижесі: | Жамбыл шығармашылығымен кеңінен танысу арқылы ақынның жан-дүниесін, заманының ерекшелігін түсінеді. |
| Негізгі идеясы: | Шындықты айту, еліне жайлы қоныс іздеу. |
| Қолданылған әдістер: | Диалогты оқыту: сұрақ қою, әңгімелесу; Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету: қызығушылықты ояту, ДЖИГСО, сатылай кешенді талдау, ой толғау, синквейн. Оқуды және оқыту үшін бағалау: «Екі жұлдыз, бір тілек», қол шапалақтау; АКТ-ны қолдану: электронды оқулық, бейнекөрсетілім, таныстырылым жасау. Ынтымақтастық және топтағы бірлескен жұмыс. |
| Ресурстар: | Компьютер, интерактивті тақта, флипчарт қағаздары, түсті қағаз, маркерлер, дидактикалық таратпа материалдар, желім, қайшы. |

| | |
|----------------|---|
| Сабақ жоспары: | 1. Ұйымдастыру: жағымды психологиялық көңіл-күй орнату. Сергіту сәті «Ән», өлең жолдары арқылы топқа бөлу, бөлінген көшбасшылықты сайлау, сабақтың мақсатын айқындау. 2. Сабақ барысы: Блум таксономиясы бойынша. 3. Рефлексия. «Бір сурет, бес сөз» 4. Үйге тапсырма. |
| Үйге тапсырма: | Оқулықтан 157-170 бб., Шығарма «Ақ басты Алатаудың Жамбылымын». |

Блум таксономиясы бойынша сабақ барысы:

| Ойлауды Блум бойынша жіктеу | Мақсат | Тапсырма түрі. Түрткілер | Нәтиже | Бағалау | | | | |
|-----------------------------|--------------------|--|---|----------------------------|------------|------|-------|---|
| | | | | Критерийлер | Дескриптор | Ұпай | Баға | |
| Білу | Қызығушылықты ояту | Бейнекөрсетілім. «Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы-Жамбыл Жабаев». | Бейнекөрсетілім көру арқылы Жамбыл Жабаевтың өлең сөздің дүлділі, жырау, жыршы екендігін, тағы да басқа өзіндік ерекшелігін айта отырып, өз ойларын ортаға салып, | Ойды жеткізу шеберліктері. | Жоғары | 3 | Төмен | 1 |
| | | | | | Қалыпты | 2 | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---------|---------------------------|---|--|-------------------------------------|------------------------------------|---|--|
| | | | жаңа сабаққа қадам жасайды. | | | | |
| Түсіну | Оқулық мәтінінің меңгерту | ДЖИГ-СО 1-топ. Өмірі мен ақындығы. 2-топ. Жамбыл-айтыс өнерінің шебері. 3-топ. «Сұраншы батыр» дастаны. 4-топ. «Өтеген батыр» жыры. | Тақырып бойынша топ ішінде талқылау жүргізеді, топтар ішінен ұсынылған оқушылар сағат бойы бағытымен барлық топтарға түсіндіру жұмысын жүргізеді, нәтижесінде оқушылар тақырыптың барлық бөлімдерінен мәлімет алады. | Топтық жұмыстың ұйымдастырылуы. | Топтық жұмыс толық ұйымдастырылды. | 3 | |
| | | | | | Топтық жұмыс ұйымдастырылды. | 2 | |
| | | | | | Топтық жұмыс ұйымдастырылмады. | 1 | |
| Қолдану | Тапсырма орындау | 1. Өлеңдерін жатқа айту. 2. «Зілді бұйрық», «Ленинградтық өренім!» өлеңдерін мәнерлеп оқу. | Теориялық білімдерін практикалық тапсырмалар орындау барысында пайдалана біледі. | Алған білімдерін тәжірибе барысында | Жоғары қалыптасқан. | 3 | |
| | | | | | Қалыптасқан. | 2 | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|----------|--|--|--|---|-----------------------------|---|--|
| | барысында тиімді пайдалану. | 3. «Ленинградтық өренім!» өлеңіне сатылай кешенді талдау жүргізу. | | қолдану дағдысының қалыптасуы. | Төмен деңгейде қалыптасқан. | 1 | |
| Талдау | Білімді саралау. | Хронологиялық кестемен жұмыс. 1. Жылдар. 2. Негізгі оқиғалар 3. Шығармалары. | Білім нақтыланады | Жағдаяттан шыға білу күзиреті | Толықтықты | 3 | |
| | | | | | Мүмкіндігінше шыға білді. | 2 | |
| | | | | | Толық шыға алмады. | 1 | |
| Жинақтау | Білімдерін шығармашылық жұмыста қолдану. | Ой толғау. «Жыр алыбы-Жамбыл». | Сөз шеберліктерін және алған білімдерін пайдалана отырып ой толғау жазады. | Білімді шығармашылық тұрғыдан зерделеу. | Жоғары | 3 | |
| | | | | | Қалыпты | 2 | |
| | | | | | Төмен | 1 | |

| | | | | | | | |
|---------|------------------------|----------|---------------------|----------------|---------------------------|---|--|
| Бағалау | Ойын жинақтауға баулу. | Синквейн | Ойланады, ізденеді. | Логикалық ойы. | Креативті | 3 | |
| | | | | | Ойы жүйелі, тың ойлы емес | 2 | |
| | | | | | Жалпыға ортақ ой | 1 | |



Гүлзаш ТӨЛЕНОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
жалпы білім беретін орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Қостанай облысы,
 Аманкелді ауданы.

«МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» ПОВЕСІНДЕГІ БАСТЫ КЕЙІПКЕРГЕ МІНЕЗДЕМЕ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) Повесть бойынша оқушылардың ойын тиянақтау. Қожа бейнесіне талдау жасап, өз көзқарасын жүйелеп талдауға үйрету; ә) оқушы қабылдауы мен ойлау аралығын зерттей отырып, ой қорытқызу және жаңа ұғымды өзі іздеп табуға бағыттау, оқушының ой-өрісі мен дүниетанымын дамыту; б) қарсылыққа құрметпен қарап,

сыпайылыққа, ұстамдылыққа тәрбиелеу және қарсы-лыққа да көтермей сөйлеу әдебін меңгертіп, мәдениетті-лікке тәрбиелеу.

Түрі: бекіту сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** талдау, сұрақ-жауап, сын тұрғысынан ойлау. **Көрнекілігі:** ақынның портреті, үлестірмелі қағаздар.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

- Оқушылармен амандасу, түгелдеу.
- Сабақтың жоспарымен таныстыру.
- Сыныпты топқа бөлу.

Сабақтың жоспары:

- «Менің атым Қожа» повесін композициялық құрылым арқылы талдау.

- «Ой шақыру» әдісімен кейіпкерлер бейнесін ашу.

- «Егер де мен Қожаның орнында болсам» деген тақырыпқа ой – толғау жазу (дәптермен жұмыс).

- Деңгейлік тапсырмалар (оқушылардың деңгейіне қарай үлестірмелі қағаздар беріледі).

- Сәйкестендіру тесті (тақтамен жұмыс).

- Қорытынды: «Адам болу – парыз. Сол жолдан жеңіп шығу – ерлік» (сұрақ – жауап).

- Үйге тапсырма беру.

Кіріспе сөз: - Жас ұрпақтың сүйікті жазушысы Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазанда Алматы облысының Нарынқол ауылында туған. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтын бітірген. Содан соң Нарынқол ауданында мұғалім болған. Жазушының тырнақалды туындысы «Он алты жасар чемпион» повесі 1951 жылы жарық көрді. Оның атын ерекше танытқан шығармасы «Менің атым Қожа» повесі болды. Ол орыс, француз, украин, литва, латын, молдаван тілдеріне аударылған. 1963 жылы «Қазақфильм» киностудиясында экрандалған. Осы көркем

лента 1967 жылы Канндағы халықаралық кинофестивальда арнаулы жүлдені жеңіп алды. Кинофильмнің режиссері – Абдулла Қарсақбаев.

Повесть дегеніміз – көлемі жағынан әңгімеден үлкен, романға жақын баяндау түрінде қара сөзбен жазылған оқиғалы көркем шығарма.

I. Композициялық құрылым арқылы талдау.

Повестің басталуы –

1. Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады . . .

2. – Ех, қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін, мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім?

Дамуы –

1. Лагерьге жолдама.

2. Майқановаға жолығуы.

Байланысуы –

1. Орыс әдебиетінен Анфиса Михайловна А.Пушкиннің «Қысқы кеш» өлеңін жатқа сұрағанда . . .

2. Бір бақаны сумкаға сүңгіткен Қожа.

Шиеленісуі –

1. Анасының Қожаға ренжуі.

2. Педкеңестегі талқы.

Шарықтау шегі –

1. Майқанованың педкеңестен шығып бара жатып айтқан сөзі.

Шешімі –

1. Өзіне берген уәдесі.

«Ой шақыру» әдісімен кейіпкерлер бейнесін ашу.



Мұғалім сөзі:

- Шығарманың бас кейіпкері Қожа мінезінің қалыптасуына өскен ортаның, отбасының, мектептің игі әсері болды. Қожаның сотқар болуы мен әдепті жолға түсуіне не себеп болды?

Қожаның сотқар болуына себепкер нәрселер: әжесінің еркелетуі, әкесін сағынуы, зеректігі, өзінің менмендігі, анасының жұмысбастылығы.

Қожаның әдепті жолға түсуіне себепкер нәрселер: анасын аялауы, Сәйбек қарт, Оспанов ағайдың айтқан естеліктері, Майқанованың педкеңестен шығып бара жатып айтқан сөзі.

III. «Егер де мен Қожаның орнында болсам» деген тақырыпқа ойтолғау жазу.

IV. Деңгейлік тапсырма.

(Оқушылардың деңгейіне қарай үлестірмелі қағаздар беріледі).

Лагерьге жолдама бермегені үшін Майқанова апайды ренжіткен Қожаның ісіне қалай қарайсың?

«Қысқы кешті» жаттамаған Қожа қандай күйде болды?

Оқулық алу үшін мұғалімді алдағаны дұрыс па?

Біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабак үстінде сыбырлап – сыпсыңдағыш кім?

Келесі сабакқа қайсың бақа ұстап әкелесіңдер деп айтқан кім?

Қожаның айнаға қарап ойланған сәті . . .

– Қара көже, мынаның не екенін білесің бе? Біз лагерьге баратын болдық. Ал сен көшедегі иттерді тәртіпке салуға ауылда қалатын болдың. Осы сөздерімен Жантастың қандай сипаты көрінеді?

– Жок, Қадыров түзелмейді. Ол уәдесін бізге талай берген.

Қожаның бір ауыздан қаулы қабылдауы туралы не айтар едің?

Анасы Қожаға соңғы рет қандай ақыл айтты?

Жантас Қара Қожа деудің орнына керісінше қалай атайды?

Қожа бейнесін суретте.

V. Сәйкестендіру тесті. (тақтамен жұмыс)

– «Лагерге жолдама. Біз баратын болдық. Ал сен көшедегі иттерді тәртіпке салуға ауылда қаласың.» (Жантас)

– «Қожа, Қожатай, әкем-ау, сен бүгін сабағыңа бармаушы ма едің?» (Әжесі)

– Біз екеуміз таныс шығармыз деймін? (Майқанова)

– Мен сенің әкеңе қарыздар адаммын. (Сәйбек қарт)

– Мен оқулық емес, қант аламын. (Қожа)

– Япырай, мұндай да шаш біте береді екен – ау! (Әубәкір)

– Қадыров, немене, ұйықтап қалғансың ба? Тоқта галстугыңды түзе. (Анфиса)

– Қадыров, сені біз мұнда не үшін шақырып отырмыз, білесің бе? (Ахметов)

– Ал, Қожатай, ақылың бар баласың. Бәрін түсінуің керек. (анасы Миллат)

VI. Қорытынды.

«Адам болу – парыз. Сол жолда жеңіп шығу – ерлік».

I топ. Сұлтанға еріп, «бұзық бала» атануына көзқарастарың? (Бұндай балалар бүгінде араларыңда кездесе ме?) Егер Қожаның орнында сендер болсаңдар, қандай әрекет істер едіңдер?

II топ. Қожаның оқулық сатып алудағы кезекші мұғалім Майқановаға өтірік айтуы дұрыс па? Сендер не істер едіңдер?

III топ. Майқановамен ерегісуі, жолдама жөніндегі тілегін орындамағаны үшін кінәлауына қалай қарайсың? (оқушылардың өз пікірі)

Мұғалім сөзі:

– Сонымен, оқушылар, «Менің атым Қожа» повесінің негізгі тақырыбы – соғыстан кейінгі кеңес оқушыларының өмірі туралы жазылған.

VII. Үйге тапсырма беру.

«Балалық шақ» тақырыбына ойтолғау жазу.

VIII. Бағалау.

Рефлексия кезеңі:

Сабақтан алған әсері туралы ой бөлісу.



Жанар ИБРАЕВА,
Атырау қаласындағы
Амангелді орта мектебінің
мұғалімі.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ «ЖАНЫС АҚЫНҒА» ӨЛЕҢІН ОҚЫТУ

Мақсаты: Жамбыл Жабаевтың «Жаныс ақынға» өлеңінің мазмұны мен идеясын жете меңгереді. **Міндеттері:** Жамбылдың қазақ халқының көркем мәдениетін әлемге танытып, оның ежелгі дәстүрлерін дамытуға елеулі үлес қосқанын түсіндіре отырып, оның өлеңдерінің мәнін ашып меңгерту, өлең талдау машығын жетілдіру; **Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту:** Сөз қадірін жоғары бағалайтын қазақ халқының қадір-қасиетін, даналығын әлемге танытқан ақын қасиеттерін оқушы бойына дарыту. **Топтық жұмыс:** оқушыларды Отанды сүйуге, адамгершілікке баулу. Поэзия,


саз өнеріне, көркемөнер дүниесіне сүйіспеншілігін арттыру. **Әдісі:** түсіндірмелі, Венн диаграммасы, топтастыру, миға шабуыл, 3 жақты күнделік стратегиялары. **Көрнекілігі:** Жамбыл портреті, хронологиялық кесте, Сүйінбай суреті, электронды оқулық.

- Сабақ барысы:** 1. Қызығушылықты ояту.
2. Мағынаны тану.
3. Ой-толғаныс.

Мұғалім «Ленинградтық өренім» өлеңін нақыштай оқиды.

- Осы өлеңнің авторы кім?

Оқушылар жауабын топтастыру стратегиясымен түйіндейді.



Мұғалім хронологиялық кестемен Жамбыл өмірінен деректер береді.

Хронологиялық кестемен жұмыс

| | ЖЫЛДАР | Шығармалары |
|---------|---|---|
| 1-кезең | Жамбылдың туғаннан бастап ұлт-азаттық қозғалысына дейінгі кезеңі. | «Шағым» - алғашқы өлеңі. Сүйінбайдан бата алуы. Жамбыл- айтыскер ақын. |
| 2 кезең | Ұлы Қазан төңкерісі мен төңкерістен кейінгі кезең | «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» поэмалары. |
| 3 кезең | Ұлы Отан соғысы кезіндегі жырлар | «Москва - менің қамалым» «Ленинградтық өренім» |

Жамбылдың атын бұрынғы Одақтың барлық халықтары білетін. Оның шығармалары орыс тіліне аударылды. Шетелдің алдыңғы қатарлы прогресшіл адамдары Жамбылды үлкен жыршы деп таныды.

Дат жазушысы Мартин Андерсен Нексе: “Сіз өзіңіздің ұзақ өміріңізде көп, қызықты, ұлы істерді бастан кешірдіңіз. Сіз бақыттысыз, өйткені сіз мәдениеттің көшпелі өмірден өсіп жеткендігін көрдіңіз және сіздің жүрегіңіз ешбір қартаймайды, ер жігіттің жүрегіндей болып келеді”, – деген болатын. Жамбылдың көптеген өлеңдері ағылшын, француз, испан, қытай тілдеріне аударылып таралды.

Жамбыл шығармашылығында айтыс қомақты орын алады. Жамбыл – айтыстың асқан шебері. Ол өз кезінде көптеген атақты ақындарымен айтысып, бірде-бірінде жеңілмеген.

- Жамбыл атамыздың қандай өлеңдерін білесіздер?

Мәтін оқылады. Мұғалім түсініксіз сөздерге тоқталады.

Көбең – арықтап, ет алған жылқы.

Жабы – қарапайым жылқы.

Шыбыл – ұлы жүздегі ру аты.

Сөйлемен – сөйлемеймін.

Оқушыларға мұғалім мәтінді мәнерлеп оқытады. Өлең шумақтарына әдеби-теориялық талдау жасатады. Мәтіннен көркемдегіш құралдарды мұғалім таптырады.

Оқушылар 3 жақты күнделікпен жұмыстанады.

| Таңдаған цитатаны оқу | Бұл үзіндіні неге таңдадыңыз? Себебі | Өз ойым |
|---|---|--|
| Менің пірім Сүйінбай Сөз сөйлемен сыйынбай. Сырлы сұлу сөздері Маған тартқан сыйындай | Сүйінбайдан бата алған бала Жамбыл соған жырларымен ұқсауға тырысады. | Жамбылдың айтыскерлігі қазірде жалғасын тауып отыр. Айтыс өнерінде шоктығы биік болып тұрған айтыскер ақындарымызбен мақтана аламыз. |

Оқушылар сұрақтармен, тапсырмалармен жұмыстанады.

Венн диаграммасы

| Жамбыл | Ортақ белгі | Абай |
|--|---|--|
| Жыр алыбы. Импровизатор Қазақ Гомері. Айтыскер Білім алмаған Кедей отбасынан Жүз жасаған дарын | Қазақ елінің ұлы тұлғасы Ақын Асыл мұралары ұрпақ жадында Мұражай, ескерткіштер, шығармалар жинағы, т.б. | Қазақтың бас ақыны. Сазгер. Күйші. Аудармашы. Поэмашы. Ауқатты отбасынан. 3 жұлдыздың бірі. Жазба ақын. Философ. |

Сабақты бекіту.

Мұғалім сөзі: - Жамбыл есімі қазақ халқы үшін қазақ поэзиясы үшін аса қымбат. Ақын шығармаларының толық жинақтары бірнеше рет басылып шыққан, ол туралы зерттеу кітаптары жазылған, кинофильмдер түсірілген. Жамбыл атымен облыс, елді мекендер, көшелер аталады. Ақынның туғанына жүз елу жыл толуын ЮНЕСКО-ның ұйғарымымен күллі Қазақстан жұртшылығы, бүкіл дүние жүзі үлкен мереке ретінде атап өтті.

Мұғалім бағалап, үйге тапсырма беріледі.



Ақгүл ҚАЙЫРОВА,
№4 ЖББОМ-н қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Бөрлі ауданы,
Ақсай қаласы.

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВ. «АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ»

Мақсаты: оқушыларға жазушының өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беру. **Міндеттері:** білімділік –

«Ақиқат пен аңыз» романының мазмұнын, ерекше жазу стилін, кейіпкерлер әлемін білгізу; **тәрбиелік** – Бауыржан Момышұлының қаһармандық және азаматтық бейнесі арқылы оқушыларды батырлыққа, отаншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** – шығарманың композициясын, сюжетін талдай білуге үйрету, басты кейіпкердің ұлағатты өмірін аша білуге және ерлік тұлғасын мүсіндей білуге бағыттау.

Түрі: ақпараттық, жаңа білімді меңгеру. **Әдісі:** ой қозғау, сұрақ-жауап, талдау, «Топтастыру» стратегиясы. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, **Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» роман-диалог,** кеспе қағаздар. **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы. Кино: «Мәскеу үшін шайқас».

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: а) Оқушылармен амандасу, сыныпты түгелдеу; ә) Сабақтың тақырыбы, оның мақсат-міндеттерін таныстыру.

II. Қызығушылығын ояту: ББҮ кестесі

| Білемін | Білгім келеді | Үйрендім |
|---------|---------------|----------|
| | | |

- Бүгін біздер Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романын өтеміз. Бұл роман сіздерге үйге оқып келуге тапсырылған болатын. Романдағы басты кейіпкер – Бауыржан Момышұлы. Б.Момышұлы туралы әдебиеттен, тарих пәнінен білесіңдер деп ойлаймын. Бауыржан туралы білетіндеріңді, не білгілерің келетінін жазыңдар, кестені сабақ аяғында толтырамыз.

Жаңа сабақ.

Мұғалім: - Нұршайықов Әзілхан (15.12.1922 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Ақбұзау ауылында туған). Алматы қаласындағы Тау-кен институтында,


Семейдегі қазақ педагогикалық училищесінде, педагогикалық институтында оқыған. Нұршайықов “Махаббат қызық мол жылдар” романы мен “Ескі дәптер”, “Әсем”, “Ботагөз” повестерінде адамгершіліктің әсемдікпен диалектикалық үйлесіміне баса назар аударған, кейіпкерлерінің рухани ізденістерін нанымды суреттеген. Қаһармандық рухтағы “Ақиқат пен аңыз” романы мен “Тоғыз толғау”, “Махаббат жыры”, “Ғажап адам”, “Невель түбінде”, “Великие Луки ұрыстары”, т.б. әңгіме, повестері дерек пен дәйектің, тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасын ашуға бағытталған. Нұршайықов 2-дәрежелі Даңқ, “Құрмет белгісі”, “Халықтар достығы”, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980), А.Фадеев атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлық - күміс медалінің (1987) иегері. 2-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» (1957), «Халықтар достығы» (1984), 3-дәрежелі «Даңқ» ордендерімен «Ерен еңбегі үшін» (1995) медалімен марапатталған. Жұбайы - Өзбақанова-Нұршайықова Халима Қалиакбарқызы (1922-2001), оқытушы, әдеби серігі болған. Қыздары - Нұршайықова Жанар Әзілханқызы (1949 жылы туған), филология ғылымдарының докторы, профессор, Нұршайықова Жаннат Әзілханқызы (1951 жылы туған) экономист; ұлдары - Арнұр Әзілханұлы (1952 жылы туған) инженер-энергетик, Жаннұр Әзілханұлы (1954 жылы туған) инженер-электрик. Әзілхан Нұршайықов 2011 жылдың ақпанында қайтыс болған.

Халыққа өлмес туындылар сыйлаған жазушының мол мұрасы халық жадында мәңгілік қалары сөзсіз. Жазушының «Ақиқат пен аңыз» деп аталатын кітабы Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасын мүсіндеуге арналған. Автор Баукеңнің сонау балауса жастық шағынан

бері совет армиясының үздік мектебінде шындалу кезеңіне Ұлы Отан соғысының отты жылдарынан бастап күні бүгінге дейінгі ұлағатты өмір жолын шынайы деректер аясында баяндаған. Романның жазылу түрі ерекше. Шығарма бастан аяқ автор мен кейіпкердің диалогіне құрылған.

Мазмұны (оқушылар)

1. Жоспар.
2. Кейіпкерге топтастыру кестесі.



3. Сұрақтар:

- Бұл романның аты «Ақиқат пен аңыз» деп аталу себебі неде?
- Ә.Нұршайықовтың соғыс тақырыбындағы шығармасының шынайылығы?
- Б.Момышұлының өмірде қатаң, сұсты болғаны белгілі. Сөйте тұра Ә.Нұршайықовтың сол кісіден барып сұхбат алуы қандай адам екенін көрсетеді?

4. Эссе:

- Батырлығы аңызға айналған – Бауыржан.
- Мәңгілік жасай бер, Бауыржан ата!
- Мен елімді Бауыржандай сүйе алсам...

Не үйрендім?

IV. Үйге тапсырма беру: Бауыржанның қанатты сөздерін тауып келу.

V. Оқушыларды бағалау. Сабаққа жақсы белсене қатысқан оқушыларды мадақтау.

Жұлдыз ОҒАРБАЕВА,
№12 ЖББ ОМ-н қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қарағанды қаласы.

ЕРІНДІК ЖӘНЕ ЕЗУЛІК ДАУЫСТЫЛАР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға тіліміздегі дыбыстарды, соның ішіндегі еріндік және езулік дауысты дыбыстарды меңгерту және олар туралы түсініктерін кеңейту; **тәрбиелік** – оқушыларды ұйымшылдыққа, ана тілін құрметтеуге, ұжымдық қарым-қатынасқа, сабақ барысындағы белсенділіктерін арттыруға тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын арттыру, өзіндік жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

Типі: аралас. **Түрі:** баяндау, талдау сабағы. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, жаттығу, салыстыру. **Көрнекілігі:** тақырып бойынша слайд, тақырыпқа байланысты кесте, аудиожазба. **Формалары:** жеке баламен, топпен, сынып ұжымымен жұмыс жүргізу, шығармашылық жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті.

Сабақтың барысы:


I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу;
2. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру;
3. Оқушылар назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

III. Жаңа сабақ.

Еріндік және езулік дауыстылар (слайд арқылы көрсету)



IV. Жаңа тақырып бойынша жұмыс

а) Ұжымдық жұмыс

247-жаттығу. Төмендегі жұмбақ өлеңдердің шешуі қай дауысты дыбыстар екенін табындар.

Осы тәрізді жұмбақ өлең шығарып көріндер (шығармашылық жұмыс)

Сергіту сәті.

Аудиожазбадан «Қаражорға» әні естіледі.

«Қаражорға» биін билеу.

ә) Топтық жұмыс.

248-жаттығу.

1-топ еріндік дауыстылары бар сөздерді теріп жазады.

2-топ езулік дауыстылары бар сөздерді теріп жазады.

3-топ еріндік, езулік дауыстылары аралас сөздерді теріп жазады.

Тіл дамыту жаттығулары.

б) Топтық жұмыс.

Көңілді жаңылтпаштар айтып жарысу (үш топқа үш жаңылтпаш беріледі).

1-топ: Асан бақша жақтан,
Ақ сабақ асқабақ әкелді.
Басқа жақтан,
Басқарақ асқабақ әкелді.

2-топ: Біреуі көрікті кісі,
Біреуі бөрікті кісі.
Көрікті кісі – зорықты,
Бөрікті кісі – қорықты.

3-топ: Тақпақ жаттап,
Айтсақ жақсы-ақ.
Жатқа тақпақ,
Жатта тақ-тақ.

V. Сабақты қорытындылау (жеке жұмыс):

Кестені толтыр.

| Дауысты дыбыстар | Жақтың қатысына | Тілдің қатысына | Еріннің қатысына |
|------------------|-----------------|-----------------|------------------|
| | ашық | қысаң | жуан |
| | | жіңішке | еріндік |
| | | | езулік |

VI. Бағалау.

VII. Үйге: 249-жаттығу. Мәтінді оқып, мәтіннің не жайында екенін айту. Мәтіндегі дауысты дыбыстарды теріп алып, оларды берілген кесте бойынша толтыру. Ереже жаттау.



Майра СМАХАНОВА,
№19 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Қарқаралы ауданы.

ҚАРАТПА СӨЗДЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЙЫЛАТЫН ҮТІР

Сабақтың мақсаты: білімділік – қаратпа сөздерге байланысты қойылатын үтірді жаттығу жұмыстарын

орындата отырып меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдысын жетілдіру, шығармашылық жұмысқа баулу, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету; **тәрбиелік** – оқушыларды сауатты жазуға дағдыландыра отырып, ұқыптылыққа, білімділікке, т.б. тәрбиелеу.

Типі: жаңа материалды меңгерту. **Түрі:** ізденіс сабағы. **Әдістері:** түсіндірмелі, сұрақ-жауап, деңгейлеп оқыту, талдау-жинақтау, іздендіру. **Көрнекілігі:** кестелер, дидактикалық материалдар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушы зейінін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. Оқыған көркем әдебиеттер бойынша жазып келген сөйлемдерін оқыту.

2. Үй тапсырмасын пысықтау сұрақтары:

Бірыңғай мүшелер дегеніміз не?

ә) Бірыңғай мүшелердің арасына үтір қандай жағдайларда қойылады?

б) Қандай жағдайда үтір қойылмайды?

III. Жаңа сабақ

Қаратпа сөздерге байланысты қойылатын үтір.

1. Қаратпа сөз көбіне кісі аттарынан, адамға қатысы бар сөздерден, яғни, туыстық атаулардан болады. Жазуда үтірмен ажыратылады.

Мысалы: Қамықпа, қалқам, қолдан келген жақсылығымды мен де аямаймын. (О.Бөкей).

Осының бәрі рас, Абай. (М.Әуезов).

Ербол – ау, мен қайда тұрмын осы. (М.Әуезов).

2. Берілген сөйлем бойынша қаратпа сөздердің 3 түрлі жағдайда орналасуына сәйкес тыныс белгілерін қойып, сызбасын сызып көрсету.

Абайжан, мен ниетінді ұғындым. (М.Әуезов).

3. Поэзияда, көркем шығармада тыңдаушыға ғана емес, көпшілікке, жансыз заттарға да қаратылып айтылады. Мұнда арнау мәні ғана болады. Жазушы мен сөйлеуші кейде өз ойын біреуге, бірдеңеге арнай айтады.

IV. Дағдыландыру.

1. Кітаппен жұмыс. 85-жаттығу (ауызша)

2. Деңгейлік тапсырмалар.

I деңгей.

Оқулықтағы 86-жаттығуды орындайды. Қаратпа сөздердің орнын тауып, тыныс белгісін қойындар.

II деңгей.

1. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаз.

- ... , бұл күнде дос – жарандар көбейді. Бәрі де адал дос боламыз, қиындықта жаныңнан табыламыз деседі.

- ... , ертең қолың бос бола ма? Осы айтқан сөзіңе байланысты мен саған бір ғибрат мысал көрсетейін,- депті әкесі.

- Міне, ..., басына қиын іс түскенде, жаныңда бірге болатын шын дос-жолдасың жүз кісіден бір жарым ғана болғанын өз көзіңмен көрдің,- депті әкесі баласына. (Әке Досымбек)

2. Сөйлемнің бастауыштарын қаратпа сөзге айналдырып, сөйлемдерді қайта құрастырып жазып, тыныс белгісін қойындар.

Үлгі: Мұратбек сахна жақтан домбырасын әкелді. (С.Сарғасқаев).

- Мұратбек, сахна жақтан домбыранды әкел. (әкелші, әкелесің бе?).

Түс ауа үйге Рақат келеді. Сәуле апай атайдың айтқан сөздерін жазып алды. Оңалбек айтқан сөзінен танбады. (С.Сарғасқаев). Жас жігіттер өмірге араласты. (Е. Әлімқұлов).

III деңгей. Семантикалық карта.

| № | Мысалдар | Қаратпа сөз | Қыстырма сөз | Одағай сөз |
|---|---|-------------|--------------|------------|
| 1 | Әже, сен бірге жүрсің менімен, Өліге мен өзінді телімегем. Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем, Ақ кимешек астынан сені көрем. М.Мақатаев. | | | |
| 2 | Әбу айтты! Менде де бар бір арман, Маздап жанып, қол бұлғайтын шындардан. Ұлы баба, бірақ менің арманым, Парыз бенен махаббаттан құралған. М.Шаханов. | | | |
| 3 | Адам, сірә, бақытын місе еткен бе, Армандайық, армансыз кісі өткен бе. Байламы жоқ бақытқа құлдық ұрмай, Не жетсін арман қуып, іс еткенге. М.Мақатаев. | | | |
| 4 | Бағымызға туған дарын болар деп, Қуанып ем, сорымызға туыпсың. Сор боларсың, одан не мән табарсың, Арманыңды, бәлкім, қайта қарарсың? М.Шаханов. | | | |
| 5 | Бүгін менің туған күнім. Ой, бәле-ай! Мына адамдар неге жатыр тойламай?! Банкет жасап берер едім өзім-ақ, Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай, М.Мақатаев. | | | |
| 6 | Аңыздардан тере жүріп масақты, Рас, рас, көзімізден жас ақты. Бірақ со бір дауыл жылдар, от жылдар, Бәрімізден бір-бір батыр жасапты. М.Мақатаев. | | | |

| | | | | |
|---|---|--|--|--|
| 7 | Кешіргін, Отан, кеше гөр! Еркелеп кейде туласам. Өзегім шіріп өлер ем, Өзіңнен егер тумасам. М.Мақатаев. | | | |
| 8 | Қайыр айтты: - Иә, қоштасар келді күн, Азбан Шыңғыс ел тарихын қорлады-ау! Ойлап тұрсам, енді бәрі арман-ау. Отырардың жанқиярлық ерлігін Жыр ететін, Әттен, ақын қалмады-ау! М.Шаханов. | | | |

IV деңгей.

1. «Армысың, атамекен!» деген тақырыпқа өлең құрастыр.
2. Құлыным, қарағым, ата, әже, шырағым, ыстық мекен деген сөздерді қатыстырып «Атам, туған ауылым» деген тақырыпқа әңгіме жаз.
3. Қазақ әдебиетінен өткен шығармалардың қайсысының аты қаратпа сөзге құрылғанын атаңдар.
(«Әй, Махамбет, жолдасым», «Қызғыш құс», «Керей, қайда барасың?» (Бұқар), «Әй, хан, мен айтпасам, білмейсің» (Асан қайғы), «Ей, Абылай, Абылай!» (Бұқар).
3. Графикалық диктант.
 1. Арғы беттегі қарағай, шыршалар ақ жамылған әруақтардай боп тұр. (Ш.Мұртаза).
 2. Көп білген кісі – кемеңгер емес, білгені елге пайдалы кісі – кемеңгер. (Эсхил).
 3. Ұлжан енесіне бағана, Абай ұйықтап жатқанда, бір жайды айтқан. (М.Әуезов).
 4. – Жарайды, Абай, азғантай сабыр етші әуелі. (М.Әуезов).
 5. Мен білсем, Абай ағам Базаралының Тәкежан мен Әзімбайға айтатын дауын жазып отыр. (М.Әуезов).

6. Жылы киім тәнді жылытар, жылы сөз жанды жылытар. (Мақал).

7. Жеңеше-ау, Абай ағамның мысқылына ажалды кісі тап болсын да. (М.Әуезов).

8. Япыр-ай, атыңыз тым жүргіш екен. (Ә.Нұршайықов).

9. Қысқасы, өзіңіз сұраған соң айтып жатырмыз. (М.Әуезов).

V. Сабақты қорытындылау.

Әр топқа қаратпа сөзі бар бір сөйлем құрату. («Бақыт» сөзі)

- Досым, мен бүгін бақыттымын.
- Бақытты екенің байқалып тұр, Айша.
- Рахмет, бауырым, бақытты бол!
- Бақыт, біз сізбен бақыттымыз.

VI. Үйге тапсырма:

1. Қаратпа сөздерге байланысты қойылатын үтір.
2. I деңгейдегілер өз ойларынан сөйлем құрау.
3. Қалған оқушыларға оқыған көркем шығармаларынан сөйлемдер жазу.

VII. Білімдерін бағалау.



Гүлмира МҰХАМЕТҚАЛИЕВА,

М.Әуезов атындағы
орта мектеп мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы,
Көкпекті ауданы,
Тассай ауылы.

САН ЕСІМДІ ҚАЙТАЛАУ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – сан есім және оның жасалу жолдары мен түрлеріне байланысты білімдерін

ауызша, жазбаша талдау жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін бекіту; **дамытушылық** – ойлау қабілетіне әсер ету арқылы оқушылардың өздігінен жұмыс әрекеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, сөйлеу шеберліктері мен тіл байлықтарын дамыту; **тәрбиелік** – оқушыны ойлылыққа жетелеу, пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, туған тілін сүйуге, Тәуелсіз Егеменді еліміздің тұғырын биік ұстауға тәрбиелеу.

Түрі: бекіту сабағы. **Әдісі:** топпен жұмыс, жұппен жұмыс, деңгейлік тапсырмалар, тірек сөздермен жұмыс. **Көрнекілігі:** бағалау парағы, фишкалар, бөшке, слайд, смайликтер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

Сабақтың барысы:

Оқу құралдарын түгелдеу, назарларын сабаққа аудару.

- Қыс мезгілі биылғы жылы қандай болар екен?

- Демалыс күндері алғашқы қар жауып, ауылымызды, мектептің алдын бір-екі күнде қар басып қалыпты.

- Ендеше, балалар, мектепке кіру үшін біз күрекпен қарды шығарып, қар салатын жұлдызды үш жәшік жасауымыз керек.

Мұғалім: - Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдайтын, білімді жастарды анықтайтын, білімге қызығушылықтарын «**Бақытты сәт**» атты ойынымызды бастаймыз.

Білімді адам ешнәрседен қорықпайды, мазасызданбайды. Ол әр уақытта да батыл. Сондықтан бүгінгі «**Сан есімді қайталау**» сабағымыздың эпиграфы:

Өмірдің өзі адамды тірестірген,

Бірі жаңа, жарыстың бірі ескірген.

Айнала отырып ап исі қазақ,

Азаматын өзара күрестірген,-

деп, ойынның барысына тоқталсақ, сайыс **5 геймнен** тұрады.

Бағдарламасы:

1. Бой сергіту /сұрақтарға жауап беру /

2. Бөшкеден шыққан бас қатырғылар.

3. Жұмбақтас.

4. Сен маған, мен саған / үй тапсырмасы /

5. Көсемдікке ұмтылу.

Мұғалім: - Ойынымызды бастамас бұрын сараптаушы-бақылаушы алқасымен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Ескерту: Әр кезектен кейін ұпай саны хабарланып отырады.

Мұғалім: - *Сәлемдесу-игі дәстүр киелі,*

Сөзбен қарап, кейде шешер шиені.

Жақсы сөзге жан семірер қашан да,

Жолданады сайыскерлер сәлемі!

Сәлем – сөздің анасы!

1-топ.

Біздің топ: *Ақ жебе*

Біздің ұран: *Қандай сынақ болса-дағы беріспе,
Әрқашан да үміткер бол жеңіске!*

2-топ.

Біздің топ: *Қаршыға*

Біздің ұран: *Білекті бірді жығады,*

Білімді мыңды жығады.

- Бәрекелді, олай болса, ойынымыздың «Бой сергіту» геймін бастайық.

Топтарға **10** сұрақтан беріліп, оларды талдауға **5** минут бөлінеді. Топтар жауап береді, ал бәсекелес топ жауаптың дұрыстығын үлгі бойынша қадағалап отырады. Сұрақтарға ең көп жауап берген топ ұтады. / ұпай санын хабарлау, фишкамен бағалау/.

1-гейм – «Бой сергіту».

1-топ.

1. Сан есімге ереже бер.
2. Сан есім қалай түрленеді?
3. Жинақтық сан есімнің жұрнақтарын ата?
4. Болжалдық сан есімдер цифрмен жазылғанда, оларға жалғанатын қосымшалар қалай жазылады?
5. Реттік сан есімдер қандай жұрнақтар арқылы жасалады?
6. «Ондаған» сөзін тұлғасына қарай талда.
7. Бөлшектік сан есім дегеніміз не? Мысал келтір.
8. Ондық бөлшек қалай жасалады? Мысал келтір.
9. Топтау сан есіміне сипаттама беріңіз.
10. Сан есім қандай сөйлем мүшесін атқарады?

2-топ.

1. Есептік сан есім дегеніміз не?
2. Болжалдық сан есім қалай жасалады?
3. Жай бөлшек қалай жасалады?
4. Болжалдық сан есім жұрнағын ата?
5. Күрделі сан есімнің әр сыңары қалай жазылады?
6. Жинақтық сан есімге мысал келтір.
7. Күн, жыл аттарымен тіркесіп келген сан есімдер араб цифрымен берілсе, қалай жазылады? Мысал келтір.
8. Қосарланып айтылған топтау сан есімдері сөзбен берілсе де, цифрмен берілсе де, қалай жазылады?
9. -ыншы, -інші, -ншы, -нші жұрнақтары сан есімнің қай түріне жатады?
10. «Алтау» сөзін тұлғасына қарай талда.

2-гейм – «Бөшкеден шыққан бас қатырғылар».

Топ мүшелері бөшкеден нөмірлері бар шарлар алып шығады, жүргізуші әр нөмірге тапсырма оқиды. Өз ішінде талқылаған соң, топтың капитандары жауап береді.

1-топ

1-тапсырма / тақтамен жұмыс /

үшеу

2-топ

отыз

Септеу

үшеудің

отыздың

үшеуге

отызға

үшеуді

отызды

үшеуде

отызда

үшеуден

отыздан

үшеумен

отызбен

2-тапсырма / орнында жұмыс /

182-жаттығу (берілген есептік сан есімдерден реттік, жинақтық, топтау, болжалдық сан есім жасап, сөзбен жазыңдар.)

1. 5, 20, 1000, 71, 120.

2. 7, 3, 180, 34, 82.

3-тапсырма / тәуелдеу /

жетеу

бір

1-топ (көпше)

2-топ (жекеше)

1. *біздің жетеуіміз*

менің бірім

2. *сендердің жетеулерің*

сенің бірің

сіздердің жетеулеріңіз

сіздің біріңіз

3. *олардың жетеуі*

оның бірі

4-тапсырма. / жіктеу /

алты

оныншы

1-топ (жекеше)

2-топ (көпше)

1. *мен алтымын*

біз оныншымыз

2. *сен алтысың*

сендер оныншысыңдар

сіз алтысыз

сіздер оныншысыздар

3. *ол алты*

олар оныншы

/ ұпай саны көрсетіледі /

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіз Республика болып жарияланды. Қазіргі бұл күн – қазақ халқы үшін ұлы күн, әрі қайғылы, әрі бақытты күн. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы - қазақ халқында бұрын болмаған ең ауыр көтерілістің бірі. Желтоқсан көтерілісіне қатысып, Отан

үшін от кешіп, елдік пен ерлік сынға түскен сәтте қас қақпай өмірлерін құрбан еткен батыр ұл-қыздарын қастерлеп, қадір тұтады.

Сондықтан осы «Жұмбақтас» гейміміз «16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні» тақырыбымен байланысты болады.

3-гейм. «Жұмбақтас».

Мұнда жүргізушінің сұрағына жылдамырақ жауап берген топ ұтады. Егер жауап дайын болса, көк жалаушаны немесе қолын көтереді.

1-топ.

1. Қазақстан Тәуелсіздігін қай жылы алып еді? (1991ж. 16 желтоқсан)

2. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан қазақ батырларынан кімдерді білесіңдер?(Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхаметжанова, Ербол Сыпатаев, т.б.)

3. Қайрат Рысқұлбеков / мәтіннен үзінді анықтау /

Қайрат Рысқұлбеков

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылында 1966 жылдың 13 наурызында дүниеге келген. Желтоқсан көтерілісі тұсында 20-ның үстінде ғана болатын. Бала кезінен зерек ол мектеп қабырғасында жүргенде-ақ қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Ақындық, суретшілік қырынан танылып, ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары екенін де көрсетеді.

Оныншы сыныпты бітіргеннен кейін туған ауылында бір жылдай жұмыс істеп барып, әскери борышын өтеп келеді.

Сол бойда Алматы сәулет-құрылыс институтына түседі. Желтоқсан оқиғасы тағдырын түбегейлі өзгерткен талантты жас «Көтеріліске қатысып, кісі өлтірді» деген айыппен ату жазасына кесіледі...»

Тапсырма: Мәтін бойынша сан есімдерді теріп жазыңдар.

2-топ.

1. Әрбір республика несімен ерекше болуы керек? (Кез келген мемлекет өз Елтаңбасымен еңселі, әнұранымен айбатты, туымен тұғырлы болуы керек.)

2. «Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы» өлеңін кім жазған?(Мұхтар Шаханов)

/ ұпай санын анықтау /

4-гейм. «Сен маған, мен саған» (Поэзия минуты)

Командалар бір-біріне 2 сұрақтан қояды. / үй тапсырмасы /

1-топ.

1/ Жүз қырық үш қызғыш құсқа
Жүз қырық үш қызғыш құс қосса,
Қанша жүз қызғыш құс болады?

2/ Бес асыл істі ата.(Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рахым ойлап қой - Бес асыл іс көнсеңіз.)

2-топ.

1/ Арқада алты арқар бар,
Қырқада қырық арқар бар.
Қырық арқарда қарт арқар бар,
Алты арқарда марка арқар бар.
Барлығы қанша арқар бар?

2/ Бес дұшпанды ата.(Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз... Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ - Бес дұшпаның білсеңіз. (Абай))

/Ұпай саны көрсетіледі /

5-гейм. «Көсемдікке ұмтылу»

Сұрақтарға барлық ойыншылар жауап береді. Ең көп дұрыс жауап берген топ ұтады.

Тест сұрақтары.

1. Дара сан есімді табыңыз:

- а) үшінші; ә) отыз бес;
- б) бес-бестен; в) төрттен бір;
- г) екі-үш.

2. Топтау сан есім қатысқан сөйлемді табыңыз:

- а) Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген.
- ә) Оның жасы қырықтарда.
- б) 1910 жылы Қазанда «Бақытсыз Жамал» романы басылып шыққан.

- в) Бір қатарға он-оннан тізіле қалды.
- г) Үш өлшем бар: биіктік, тереңдік және кеңдік.

3. Саны жетімен шектелетін сан есім түрін табыңыз:

- а) реттік сан есім; ә) болжалдық сан есім;
- б) жинақтық сан есім; в) бөлшектік сан есім.
- г) есептік сан есім.

4. Күрделі сан есімді табыңыз:

- а) мыңдап; ә) елулерде;
- б) жүз; в) екеу;
- г) екі бүтін оннан үш.

5. Сан есімнің қай түрінде -ау, -еу жұрнағы жалғанғанда, түбірдегі ы, і түсіп қалады?

- а) Жинақтық; ә) Реттік;
- б) Болжалдық; в) Топтау;
- г) Бөлшектік.

6. -ншы жұрнағы жалғанатын сан есімді көрсетіңіз:

- а) екі; ә) он сегіз;
- б) жиырма алты; в) он;
- г) мың.

7. Сан есім мағынасына қарай неше топқа бөлінеді?

- а) 4; ә) 5; б) 6; в) 7; г) 8.

8. Бөлшектік сан есімді табыңыз:

- а) алтау; ә) елу жеті;
- б) төртінші; в) он шақты;
- г) екі жарым.

9. Сан есімнің сөйлемде атқаратын негізгі қызметі не?

- а) бастауыш; ә) баяндауыш;
- б) толықтауыш; в) анықтауыш;
- г) пысықтауыш.

10. Болжалдық сан есімді табыңыз:

- а) үш жарым; ә) төртеу;
- б) алпыс; в) жиырмадай;
- г) бесеуден.

Ұпай санын қорытындылап жинақтаймыз. Сарапшы, бақылаушылар шешімдерін шығарады.

Қорытынды сөз:

- Екі көз не үшін керек?

- Жақсылықты көру үшін.

- Екі қолың не үшін керек?

- Елге көмек беру үшін.

- Құлақ не үшін керек?

- Ақыл-кеңес тыңдау үшін.

- Тіл мен жағың не үшін керек?

- Ақиқатты айту үшін.

- Ал, аяғың ше?

- Шетте жүрсем, туған жерге қайту үшін.

- Иә, туған жерге жету үшін екі аяғың қандай қажет болса, қазақ тілінің дәрежесі жоғары болуына сан есімнің қосар үлесі зор екен. Жүйелі ойлау үшін, ойынды айшықты, көркем жеткізу үшін сан есімнің де ықпалы бар екен.

Оқушылардың жұмысын бағалау.

Үй тапсырмасын беру.

Шырын ДӘУЛЕТОВА,
№48 Ә.Қоңыратбаев атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Шиелі ауданы.

ШЕБЕРЛІК ШЫҢЫ

Мақсаты: ұлы жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының желісімен таныстыру, әдеби шығармаларды өз бетінше оқып, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, тілін дамыту. Романды оқыта отырып, оқушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Ғ.Мүсіреповтің портреті, жазушының әр жылда жарық көрген еңбектерінен көрме, суреттер, қанатты сөздер, жазушы күнделігінен үзінділер, интерактивті тақта.

Кітапханашы: - Құрметті кітапсүйер қауым, білім жолындағы жас қырандар! Бүгін біз сіздермен білім нәрімен сусындатып, рухани жан-дүниенді байытатын кітапханамызда кездесіп отырғанымызға қуаныштымыз.

«Ғабит Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Ғабит Мүсіреповпен мақтану керек», - деп З.Қабдолов айтқандай, ана тілдің тұнып тұрған бейнелеу, суреттеу, зерделеу құдіретін, зеріне зер, зердесіне зейін қосқан, туған халқының

асқақ рухын әспеттеген қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығына және 110 жылдық мерейтойына арналған конференцияны ашуға рұқсат етіңіздер!


Конференция 3 бөлімнен тұрады:

1. «Ақиқат ғұмыр айнасы» (Жазушының өмірі жайлы)
2. «Шеберлік шыңы» (Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығы жайлы)
3. «Кемеңгер қаламның құдіреті» («Қазақ солдаты» романы бойынша оқырмандар конференциясы)

I бөлім. «Ақиқат ғұмыр айнасы» (Жазушының өмірі жайлы)

(Жазушының өмірбаяны оқылады және интерактивті тақтадан жазушы жайлы бейнеүздік көрсетіледі)

Ғабит Мүсірепов (1902-1985)



1-оқушы: - Ғабит Мүсірепов 1902 жылы 22 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданында кедей шаруа отбасында дүниеге келеді. Ауыл молдасынан оқып, хат таныған Ғабит 1917 жылы Қостанай уезінің Обаған болысындағы екі сыныптық орыс мектебіне оқуға түседі. Оның ұстазы – қазақтың белгілі ақыны Б.Өтетілеуов шәкіртіне жылы шырай танытып, әдебиетті сүйіп өсуге ықпалын тигізеді, өлең-жыр жаттатады. Мектепті

бітірісімен, болашақ жазушы Пресногорьковтегі жоғары бастауыш училищеге түсіп, жеті жылдық мектеп көлемінде білім алады. Ол орыс мектебінде оқып жүріп, Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Чехов, Горький шығармашылығымен танысады.

1923 жылы Ғ.Мүсірепов Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне (рабфакқа) оқуға түседі, орыс және әлем әдебиетінің саңлақтарын, ұлттық сөз өнерінің үлгілерін құмарта оқиды. «Мен,- дейді жазушы «Автобиографиялық әңгімесінде», - XIX ғасырдағы орыс классиктерін сол рабфакта ұғынып шыққандаймын. Әсіресе, Гоголь, Чехов, Горький бағыты ойыма қона қалушы еді. Рабфакты бітірген кезде жазу талабы менде де ояна бастады.»

1926 жылы Омбы қаласындағы ауыл шаруашылығы академиясында оқиды. Сонда жүріп «Тулаған толқында» атты хикая жазады.

1928-1938 жылдары баспасөз, әр түрлі орындарды жауапты қызметтер атқарады. Ал, 1938-1955 жылдар арасында бірыңғай әдебиетпен айналысады. 1956-1966 жылдары Ғ.Мүсірепов «Ара – Шмель» атты сатиралық журналдың бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы қызметін атқарып, 1966 жылдан кейін қайтадан бірыңғай жазушылық өнерімен шұғылданады.

Ол Жапония, Египет, Алжир, Италия сияқты көптеген елдерді аралап, туған елінің сөз өнерін насихаттауда мол еңбек сіңірді.

II бөлім «Шеберлік шыңы» (Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығы жайлы)

Ғ.Мүсірепов қалдырған мол әдеби мұра – халық қазынасы, ел мақтанышы. Ендеше, жазушы жайлы естеліктер мен шығармашылығына берілген бағалар мен пікірлерді тыңдайық.

«Халқымыздың өткен ғасырда бастан кешкен сан қилы күрделі тағдыры Мүсіреповтің құдіретті қаламы арқылы өзінің көркемдік бейнесін тапты. Оның әдебиеттегі зор еңбегі көзі тірісінде өзінің жоғарғы бағасын алды».

Н.Назарбаев.

«...Әлі де талай-талай замандар өтеді. Талай-талай толқындар кезекпен ауысып, талай-талай ұрпақтар келеді. Сол кезде халқымыздың осы бір тұстағы бел-белесіне үңілер адам болса, Мүсірепов шығармаларына соқпай кете алмайтыны айдан анық».

Сафуан Шаймерденов.

«Ғ.Мүсірепов көркем әдебиетте де, театрда да, кинода да - өнердің тағы қандай түрі бар – бәрі-бәрінде де сұлулықтың гимн дәрежесіне көтеріліп келе жатқан классик».

Шерхан Мұртаза

«Қазақ кеңес әдебиетінің аспаны кең. Бірақ жарқырап көрінетін жұлдыздарға ғана сол аспан толып тұр деп айтуға батылың бармайды. Жамбыл, Сәкен жұлдызы, Ғабит жұлдызы бізге алыстан көрінеді. Осы жұлдыздардың ең жарығы, ең биігі – Жәкендікі десек, ең сұлуы, ең нәзігі, меруерттей жалтырап көрінетіні – Ғабит жұлдызы дер едім».

Тұманбай Молдағалиев.

2-оқушы: - Ғабит Махмұтұлының асыл мұрасы, жүрегін жарып шыққан жан сөзі – бәріміздің рухани азығымыз, мақтанышымыз, қымбаттан да қымбаттымыз.

Қаламгер ондаған мақала мен очерк, әңгіме мен новелла, ұлттық драматургияның алтын қорына қосылған «Қыз Жібек» либреттосы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты», «Амангелді» пьесасы мен «Қазақ солдатты», екі томдық «Оянған өлке», «Ұлпан» романдары және «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасын жазды.

III бөлім «Кеменгер қаламның құдіреті» («Қазақ солдатты» романы бойынша оқырмандар конференциясы)

Кітапханашы: - Бүгін сіздерге ұсынғалы тұрған кітап – «Қазақ солдатты». Иә, құлаққа етене таныс: *«Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным, қашып келемін. Артыма қарай беретінім, қорқып келемін»* деген сөздерімен мәңгілік өлмес мұралардың бірі әрі бірегейі саналатын, ұлы жазушының таудай талантының арқасында дүниеге келген үлкен романның дәл өзі.

Әрине, таудай талант иесі деп отырғанымыз – **Ғабит Мүсірепов**. Дәуірдің рухани – мәдени бел-белестерінде өшпес белгі қалдырған, әдебиетіміздің биік тұлғасы тұғырына көтерілген ұлы суреткер, ірі қоғам қайраткері, әдебиетіміздің «алыптар тобының» аса көрнекті өкілі.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяғын ала ол өзінің тұлғалы туындысы – **«Қазақ солдатты»** романын жазды. Роман тың тақырыбымен, образдарының көркем бейнеленуімен, сюжет құру шеберлігімен, тартымды тамаша тілімен тандаулы қазақ романдарының қатарына қосылды.

Романның жазылуы, кейіпкерлері жайлы түсінік беріледі.

(Интерактивті тақтадан суреттер мен Қайырғали Смағұлов туралы деректер көрсетіледі)

3-оқушы: «Қазақ солдатты» романы жайлы.

“Қазақ солдатты” романы – 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысын бейнелейтін, жауынгерлердің ерлік істерін көрсететін тарихи шығарма. Роман 1950 жылы жарық көрген. Алғаш “Қазақ батыры” деген атпен 1945 жылы жарияланған.

Шығармадағы басты кейіпкер Қайрош Сарталиевтің өмірдегі аты-жөні - Қайырғали Смағұлов. Кейіпкердің шығармадағы өмір жолы шындыққа берілген.

Шығармадағы оқиғаның болған жері - қазіргі Атырау (Гурьев) қаласы, Каспий теңізі, Жайық өзені.

Батыр жайлы филология ғылымдарының докторы, профессор Қадыр Жүсіптің естеліктері мол мағлұматқа ие. Ғалым-ұстаздың айтуынша, сұрапыл 1943 жылдың күзінде Керчь түбіндегі майданда аяқ-колынан жарақат алып, госпитальда емделген соң Қайырғали Смағұлов бірден майданға жіберілмей, елге 1 ай демалысқа келеді. Мақсат - біреу. Батыр елде кездесулер өткізіп, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге ат салысуы қажет. Батыр сол кездегі туған жері Гурьевке соқпастан Алматыға жол тартады. Астанада батырды сол кездегі Орталық комитеттің хатшысы Жұмабай Шаяхметов қарсы алып, үлкен жиын өткізеді. Сол жиынға қатысқан жазушы-журналистерге батырдың ерлігі хақында шығарма жазуға тапсырма беріледі. Міне, осы кездесуде жазушы Ғ.Мүсірепов батырға «Қайырғали, сен менің бүгінгі зор табысым, болашақ жазылатын шығарманың тақырыбысың» деп батыр туралы шығарма жазуды қолға алады. Сол күннен бастап батыр Қ.Смағұлов жазушының үйінде болып, майдандағы оқиғаларды тізбектеп айтып беріп, жазушының «Қазақ батыры» романының жазылуына себепші болады.

4-оқушы: Басты кейіпкер жайлы

Шығармадағы бас кейіпкердің прототипі Кеңес Одағының Батыры, атыраулық ержүрек жауынгер **Қайырғали Смағұлов**. Бұны біреу білсе, біреулер біле бермейді. Оның есесіне, бір дәуірдің талай сыры шертіліп, талай рухани адамдық ізденіс-өзгеріс ақтарылған айтулы туындыда азынаған замана лебі айқын сезіледі. Бас

кейіпкердің арман-тілегі, өрісі мен өресі, көтерілген шыңы да, қинала кешкен ойы мен қыры да мен мұңдалап тұр.

Қайырғали Смағұлов 1919 жылы Гурьев облысында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған Қайырғалиды анасы Биғайша өзі өсіріп, жастайынан білім алуға құштар оның жолына еркіндік береді. Оралда оқып, елге оралған Қайырғали 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, сол жақтан Отанын жаудан қорғауға соғысқа аттанады. Ал 1943 жылы қарашада Керчь түбіндегі майданда көрсеткен ерен ерлігі үшін Қ.Смағұловқа Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. 1945 жылы елге оралған ол, Алматыға келіп, болашақ зайыбы, жауынгер қыз Раямен танысып, отбасын құрады. Үш ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Өмірінің соңғы күніне дейін жас ұрпаққа білім берген батыр аға республикамыздың өзге аймақтарында жазушы Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының бас кейіпкерінің прототипі ретінде жастармен кездесіп, олардың жүректерінде Отанға деген сүйіспеншілік пен адамгершілік деген зор қасиеттің ұялауына себепкер болды.

5-оқушы: - *Қайырғали Смағұловтың автор Ғабит Мүсіреповке жазған хаты интерактивті тақтадан көрсетіліп тыңдалады.*

“Ағай, аман, деніңіз сау, жақсы боларсыз. Жеңгейдің және қарындастың дендері сау, аман ба? Ғабит ағай, мен де аман, денім сау, аман- есен жүріп жатырмын.

Осы хат барар-бармасын біле алмай жазып отырғаным.

Ғабит аға, менің сізден сұрайтыным: мен жайлы шығарманы жазып болдыңыз ба, жазып болсаңыз маған жіберсеңіз екі данасын. Осыны сізден сұраймын. Тек сізге амандығымды білдіріп отырғаным және сіздің де амандығыңызды білгім келіп еді.

Хат жолдаушы – ініңіз Қайырғали.

*Кеңестер Одағының Батыры – Қайырғали Смағұлов.
Ғабит аға, өкпелеме, менің сізге хат жазғаныма және шығарманы сұрағаныма.*

18 наурыз 1945 жыл

Көрініс – «Танысу».

Кітапханашы: - Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының тақырыбы мен желісін талқылауға арналған сұрақтар:

- Сіз осы кітап жайлы қысқаша ақпаратты қалай айтар едіңіз?

- Сіз үшін кітаптың ең маңызды бөлігі қайсы?

- Романдағы сізге ұнаған кейіпкер кім? Романдағы Қайрош бейнесі.

- Қайрош образы мен бүгінгі күннің батырларының арасында қандай байланыс пен ұқсастық бар?

- Бүгінгі күні Қайрош біздің арамызда болса кім болған болар еді?

- Осы романды оқу барысында сізді не қызықтырды?

- Романда көтерілген адамгершілік, ізгілік қасиеттер.

- «Қазақ солдаты» романының ішінде сізді қатты ойландырған не?

- Автор ойымен сіздердің ойларыңыз сәйкес келе ме?

- Романды оқи отырып, осы кітап сіздерге не берді деп ойлайсыздар?

- Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының қазақ әдебиетіндегі алатын орны қандай?

Қорытынды: - Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы – өзінің қамтыған өмір шындығымен де, көрсеткен адам мінездерімен де фашистік Германияға қарсы соғыс

кезеңінің ақиқатын, әлемге үстемдік жүргізбекші боп адамзатты сансыз қасіретке душар еткен аждаһа күштерді жоюға қазақ халқының қатысын, қосқан үлесін көркем шындық тілімен бере алған шығарма.

Ал, Ғабит Мүсіреповке келсек, ол – үлкен талант иесі, көркем сөздің шебері. Сондықтан да қаламгердің әрбір шығармасы хас сұлулығымен, мөлдіреген тіл тазалығымен ерекше.

Бүгінгі Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығына арналған кешімізді жазушының «Туған елге соңғы сөзімен» аяқтағымыз келеді.

«Кешегі өткен Ғабиден досқа: «Енді екі жыл жүрсек жетпей ме?!» дегенім бар еді. Сол мәлиерім мәлиер болды. Қойны суық қара жер құшағына, міне, мен де кеткелі жатырмын.

Үмітпен, күреспен, сеніммен өткізген ұзақ ғұмырымды қорыта қарасам, қуанышым да, ренішім де мол екен. Жас қазақ мемлекетінің биік туы менің көз алдымда көтерілді. Бүгінде күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық. Бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы болып есептелмейтінін ұмытпайықшы. Жан сүйсінтер бірлік жоқ жерде саналы тірлік те жоқ. Кейде мыстың алтынға, қыранның қарғаға телініп жататыны – осының кесірі. Үлкен өнердің үлкен, таза мінезі болуы керек. Өзім іргетасын қаласқан қазақтың ата буын әдебиетінің атынан өтінемін: мені соңғы сапарға шығарып саларда осы ақтық тілегімді еске алыңдаршы.

Ал, қасиетті елім, жерім, қиыспас дос-жаран, ағайын-туыс, сәулелі жас ұрпақ, қош-қош болыңдар!»

Ойын – ойдың өрісі

Рая БАХТИЯРОВА,
Мұғалжар орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Ақтөбе облысы,
 Мұғалжар ауданы.

СӘКЕНТАНУ

Мақсаты: оқушыларды Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын білуге, ақынның шығармаларын сүйіп оқуға қызықтыру, оларды патриотизм рухында тәрбиелеу.

Тақырып: 1. Поэзиялық шығармалар.
2. Прозалық шығармалар.

| | | | |
|--------------------------|---------------|------------|--------------|
| 1. «Асығып тез аттандық» | «Қызыл ерлер» | «Тұлпарым» | «Сыр сандық» |
|--------------------------|---------------|------------|--------------|

Сұрақ: Сәкеннің өз басының сүйініш-күйініші суреттелген өлеңі?

| | | | |
|--------------------------|-----------------|--------|------------------------|
| 2. «Бандыны құған Хамит» | «Жер қазғандар» | «Айша» | «Тар жол, тайғақ кешу» |
|--------------------------|-----------------|--------|------------------------|

Сұрақ: Өзінің өмір жолы туралы жазылған шығарма?

Тақырып: 1. Арнау.
2. Әндер.

| | | | |
|----------------------------|----------|------------|---------|
| 1. Ә.Досов пен М.Саматовқа | Маржанға | Б.Майлинге | анасына |
|----------------------------|----------|------------|---------|

1. «Жолдастар» өлеңі кімге арналған?

| | | | |
|--------------|--------|--------------|-------------------------|
| «Май айында» | «Аққу» | «Тау ішінде» | «Жас қазақ марсельзасы» |
|--------------|--------|--------------|-------------------------|

2. Жолбарыс Сейфуллин орындап жүрген ән.
(Күреске үндеу ұраны болған ән).

6 сұрақ

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|

1. Жылдар

| | | | |
|------|------|------|------|
| 1926 | 1922 | 1920 | 1917 |
|------|------|------|------|

Сұрақ: «Тар жол, тайғақ кешу» романы қай жылы жазылды?

2. Поэма

| | | | |
|------------|-------------|------------|------------|
| «Көкшетау» | «Альбатрос» | «Экспресс» | «Қызыл ат» |
|------------|-------------|------------|------------|

Сұрақ: Қай поэмада қазақ жерінің ең бір көркем, сәулетті өңірінің керемет сұлу суреттері бейнеленген?

3. Кейіпкер

| | | | |
|--------------|--------------|--------|---------|
| «Абылай хан» | «Қасым төре» | «Адақ» | «Хамит» |
|--------------|--------------|--------|---------|

Сұрақ: «Жасынан сотқарлығы басым төре» деп кімді суреттеген?

4. Драмалық шығармалар

| | |
|------------|-------------------|
| «Жемістер» | «Қызыл сұңқарлар» |
|------------|-------------------|

Сұрақ: Қайсысы драмалық шығарма?

5. Пьеса

| | |
|-----------------|-------------------|
| «Бақыт жолында» | «Қызыл сұңқарлар» |
|-----------------|-------------------|

Сұрақ: Ермек, Біржан, Мұслималар қай пьесаның кейіпкерлері?

6. Жинақ

| | |
|----------------|---------------|
| «Өткен күндер» | «Асау тұлпар» |
|----------------|---------------|

Сұрақ: 1915-1921 жылдар арасында жазылған өлеңдері қай жинақта?

Кім жүйрік? Шапшаң сұрақтар.
Өнер-білім оқу жолында.

| | | |
|--------------------------------------|-------------------------------------|--|
| Нілді мыс заводындағы мектепте | Ақмоладағы приходская школада | Омбыдағы оқытушылар семинариясында |
|--------------------------------------|-------------------------------------|--|

Сұрақ: Қайда жүргенде ақын өлеңші Ыбырай ұстамен істес болып өлең үйренеді?

Әдеби-шығармашылық қызметі

| | | | |
|---|--|--|--|
| Нұра бойындағы Бұғылы елінде мұғалім болып жүргенде | Ақмолада Совет құры- лысын орнату кезінде | Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің Президиум мүшелігіне сайланған кезінде | Анненковтың азап вагонында болған кезде |
|---|--|--|--|

Сұрақ: Совдепті қолдаған қазақ комитетінің жұмысына араласып, қай кезеңде «Тіршілік» газетін шығарысты?

Есімдер.

| | | |
|----------|-------|----------|
| Садуақас | Сәкен | Дүйсенбі |
|----------|-------|----------|

Сұрақ: Ақынның бүркеншік аты?

Ізденіс

| | | |
|------|------------|--------|
| Абай | Маяковский | Пушкин |
|------|------------|--------|

Сұрақ: «Ғазал» атты өлеңін кімнің үлгісімен жазды?
Достары.

| | | |
|-------------------------|--------------------|------------|
| Феоктист Березовский | Григорий Дризго | Е.Ысмайлов |
|-------------------------|--------------------|------------|

Сұрақ: Омбыда оқып жүргендегі революционер-жазушы досы?

Өлең.

| | | | |
|-------|--------|---------|-------------|
| «Түс» | «Нұра» | «Көңіл» | «Інішегіме» |
|-------|--------|---------|-------------|

Сұрақ: Халықты өнер-білімге шақырған өлеңі қайсы?

Композитор.

| | | | |
|------------|---------|----------|---------------|
| «Сарыарқа» | «Қырда» | «Сағыну» | «Жаңа жолдас» |
|------------|---------|----------|---------------|

Сұрақ: Сәкеннің өз әні қайсысы?

Зерттеуші.

| | | | |
|----------------------|--------------------------|--|--|
| С.Қирабаев Алматы | С.Мұқанов С.Сейфуллин | К.Шәменов, Т.Баймұратов «С.Сейфуллин- нің әңг. мен пов.» | Ш.Сәтбаева «С.Сейфуллин – жұмысшы табының жаршысы» |
|----------------------|--------------------------|--|--|

Сұрақ: 1959 жылы зерттелген еңбегі қайсы?

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 07.04.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 2860.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №4, 2015 ж., 144 бет, Алматы.